

**Бақыт БЕКСЕЙТОВА**

# *Білім бастауы – тәрбиеде*



**Қарағанды – 2007**

*Әдістемелік жинақ Облыстық білім беру қызметкерлерінің  
біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының  
Редакциялық кеңесінде бекітілген*

ББК 74.200

Б 39

Б 39 **Бексейітова Б.**

**Білім бастауы — тәрбиеде:** Сынып жетекшілері  
мен тәрбиешілерге әдістемелік көмекші құрал. —  
Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2007. — 170 бет.

ISBN 9965-604-27-4

Әдістемелік көмекші құрал үш бөлімнен тұрады. Автор бірінші бөлімде сынып жетекшілерінің, екінші болімде тәрбиешілердің міндеттері мен оқу жылы бойында аткаратын кат-кабат жұмыстарына кеңінен токталып, әдістемелік ұсынымдарын баяндаса, үшінші бөлімде соңғы бір-екі жыл бедерінде республикалық және облыстық басылымдарда жарияланған тандаулы әзірлемелері мен макалаларын топтастырған.

Сынып жетекшілері мен тәрбиешілерге және педагогикалық факультеттер студенттеріне ариналған.

**ББК 74.200**

*Рецензенттер*

**С.Бөдесова**, МББҚБА және ҚДИ-дың педагогикалық менеджмент кафедрасының доценті;

**Т.Әміртайұлы**, МББҚБА және ҚДИ-дың ғылыми хатшысы, әдіскері, Казакстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі

**Б** 4301000000  
00(05) - 07

ISBN 9965-604-27-4

© Бексейітова Б., 2007

## **АЛҒЫСОЗ**

Заман талабына сай тәрбие ісін жүйелі құруды мақсат еткен жоғары санатты тәжірибелі ұстаз өзінің іскерлігімен, шығармашылық ізденистерімен мектеп өміріне көптеген жақсылыктар енгізді. Тәрбиешілер мен сынып жетекшілерін шығармашылық жұмыстарға қызықтырып, «Тәлімгер» алғестемелік бірлестігінің қалыптасуына зор ықпал етті.

Мектептің негізгі мақсаты – қазақстандық патриотизм, ғаландырғыштық, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәк өзіне тән ерекше қабілеттерін ескере отырып әлем, қоғам жаңе адам туралы жүйеленген білімдерді игеруге, оларды өз бетінше терендете, кеңейте, шығармашылық түрғыдан шайдалана алатын тұлғаны тәрбиелеу.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін Бексейітова Бақыт біраз жылдардан бері жеке дара қабілеттерді зерттеу арқылы оқушылардың жалпы білімдік, тәрбиелік біліктіліктерін арттыру жолдарын қарастырып жүр. Нысаналы мақсаты – ақыл-ойын, сезімін еркін үйлесімдікте ұстай біletіn, өнегелі мінез қалыптастырып, адамгершілік қағидаларды менгерген тұлға тәрбиелеу. Бұл ретте тәрбие жұмысын жүргізуін жаңа технологияларын барынша пайдаланып, оқушылардың бойында әзінен сыйын түрғысында қарau түсінігін қалыптастыруға күш силады. Ол үшін әңгіме, пікірталас және басқа да әдіспендерді, сондай-ақ рөлдік, іскерлік ойындарды тәрбие жұмысына деңдеп енгізеді.

Әңгімемізге арқау болып отырған Бақыт Нысанбайқызы БЕКСЕЙІТОВА – Жамбыл атындағы облыстық № 7 дарынды билаларға арналған мектеп-интернаттың жоғары санатты әмбиссер тәрбиешісі, 7<sup>“Б”</sup> сыныбының жетекшісі.

Ізденис мұраты – нәтиже деп ұққан әдіскер тәрбиеші сынып оқушыларының жоғары тәрбиелік деңгейіне қол жеткізді. Қарағанды қаласы Октябрь ауданының «Жыл тәрбиешісі-98» конкурсына қатысып, жүлделі орынға ие болды. «XXI ғасырдағы орта білім: ізденистері, түйінді мәселелері мен келешегі» (14-15 мамыр 2003 жыл) такырыбындағы II Республикалық оқулардың облыстық кезеңінде педагогикалық

окулар жұмысына белсene қатысып, қазіргі заманғы ұлттық қазақстандық мектеп проблемаларын шешудің жолдарын іздестіру мен оның келешегін айқындауға ынталандыратын «Жеке тұлғаны қалыптастырудың окушы кабілетін зерттеудің тиімділігі» тақырыбында тартымды да мазмұнды баяндама жасады. 2004 жылы өзінің әріптестеріне сол зерттеу әдісінің және тандаулы тәрбие сағаттарының «Зерделей отырып тәрбиелу» атты жинағын ұсынды.

Осы жерде әдіскер тәрбиеші шәкірттерінің – 11<sup>“Б”</sup> сыныбы окушыларының, яғни мектептің 2005 жылғы түлектерінің жетістігін де айта кеткен жөн болар. Айтальық, мектеп-интернаттың осы шығармашыл, ізденімпаз 67-ші түлектерін шығарып салды. Сол шәкірттерінің жартысы жоғары оку орындарына грантпен түсті, қалғандары да колледждерде, училищелерде, институттарда оқып жатыр. Олар туралы әдіскер тәрбиешінің «Шәкіртім, саған сенемін» деректі-суретті жинағы жарық көрген.

5<sup>“Б”</sup>, 6<sup>“Б”</sup>, 7<sup>“Б”</sup> сыныптарына жетекшілік еткен соңғы екінші жыл ішінде әр окушының жеке портфелін жарактап, окушының жеке деректері, тәрбиелік деңгейі, окушының өзіне жазған мінездемесі, ата-аналар сауалнамасы сияқты құжаттарды түзіп, шәкірттерінің танымдық үдерісін (процесін) қадағалап, бағыттап отырды. 2005-2006 оку жылында «Ертегілер елінде» жаңа жылдық сахналық қойылымын әзірлеп, көпшілік назарына ұсынды. Оны окушылар да, ұстаздар да, ата-аналар да көріп тамашалады.

2006-2007 оку жылында Казакстан Республикасы Тәуелсіздігінің 15 жылдығына арналған ашық тәрбие сағаты шығармашылықпен әзірленіп, табысты өтті, мектеп әкімшілігі тарарапынан жоғары бағаланып, тәрбиешінің өзі ата-аналар алғысына бөленді.

Ғылыми-әдістемелік жұмысқа да белсенді қатысатын Бақыт Бексейітова 2007 жылғы 30 наурызда «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мазмұнын іске асырудың теориялық және практикалық мәселелері» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференциясында «Ізденіс мұраты – нәтиже» атты баяндама оқып, ол ұжымдық

жинақта жарық көрді.

2007 жылғы 10 мамырда «12 жылдық білім беру жүйесінің құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктерінің жүзеге асырылуы» атты Облыстық ғылыми-практикалық конференциясында «Шығармашылық тұлғаны тәрбиелеудегі құзыреттілік» тақырыбында баяндама оқып, ол ұжымдық жинаққа енді. Көшілік назарына іліккен сол елеулі еңбегі үшін әріптесіміз Қарағанды облысы әкімі жаңындағы мемлекеттік және білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының Алғыс хатына ие болды.

Автордың назарларының ұсынылып отырған «Білім бастауы – тәрбиеде» еңбегінде тәрбие саласындағы әдістемелік жұмыстың мазмұны мен түрлері белгіленіп, тиімді ақпараттар жинақталған. Әдістемелік көмекші құрал сыйып жетекшілері мен тәрбиешілерге және педагогикалық факультеттер студенттеріне ұсынылады.

Бақыт өзінің ой-пікірлерін мерзімдік баспасөзде де жариялад жүреді. Осы жинақта әзірлемелік мақалаларының біразы топтастырылған.

Өскелен ұрпақты тәрбиелеуде шығармашылықпен енбек стіп жүрген ізденімпаз ұстаз оқу-тәрбие ісін үйімдастырудың еңбегі бағаланып, аудандық, облыстық кәсіподақ комитеттерінің, облыстық Білім департаментінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Республикалық «Қазақстан әйелдері» журналының 2006 жылғы 2-ші нөміріндегі кейін жеке кітап болып шығатын «Қазақ әйелдері» энциклопедиясына арналған бетте Бақыт туралы анықтама материал мен суреті жарияланды.

Шәкірттерінің жеке дамуында және өзін-өзі жетілдіруінде бірден бір досы және тірегі бола білген әріптесіміз өз сыйыбының және жеке әдістемесінің авторы да болып отыр. Біз соған ризашылығымызды және тың шығармашылық табыстарға жете беруіне тілекtestігімізді білдіреміз.

**3. РАЗБЕКОВА,  
Қарағанды облыстық Жамбыл атындағы  
дарынды балаларға арналған №7 мектеп-интернаты  
директорының инновациялық жұмыстар бойынша  
орынбасары.**

## **МЕКТЕП МҰҒАЛИМДЕРІ МЕН СТУДЕНТТЕРГЕ ҚАЖЕТТІ ҚҰРАЛ**

Білім беру мазмұнындағы жаңару Қазақстан Республикасы азаматының өзін-өзі таныту мүмкіндігі мен білімге деген қызығушылығын және білімін дамытуды көздейді. Жеке тұлғаның дамуына әсер ететін оқу-тәрбие үрдісіне (ОТY) жаңаша мазмұн беру негізінде оқытудың репродуктивтілігі мен шығармашылық технологиялары үйлесімді қабысқан мұғалім мен оқушының ынтымақтастығы арқылы жүзеге аспақ.

Әдістемелік құралдың өзектілігі Қазақстан Республикасы өркениетінің негізін құрайтын жеке бас ерекшелігі мен қызығушылығы ескерілетін білім үрдісін құрумен негізделген.

Бақыт Нысанбайқызы Бексеітованың «Білім бастауы – тәрбиеде» атты ұсынылып отырған әдістемелік көмекші құралының әр тарауында теориялық пайымдамалар және практикада қолдануға боларлық әдістемелік материалдар берілген. Бұл ретте жаңашыл, алдынғы қатарлы педагогтардың идеялары, ұсынымдары басшылыққа алынған. OTY-ін ұйымдастырудың белгілі технологиялардың сипаттамаларымен қатар оқушының шығармашылық қабілетін дамыту тәсілдерін жинақтауда автор ізденушілік танытқан. Тәрбиеленушілердің тәрбиелік деңгейін, еркешеліктері мен мүмкіндіктерін анықтау мақсатында алуан түрлі зерттеулер, тест, рейтинг, сауалнама ұсынылған.

Әдістемелік құрал жаңа білім кеңістігіне өту кезеңінде OTY-інің тұтастығын, яғни тәрбие негізінде білімділікке келуді қамтамасыз етуге көмекші бола алады.

Ұсынылып отырған еңбекті білім беру жүйесінің жаңару шағында мектеп мұғалімдері мен студенттерге қажетті құрал ретінде баспаға ұсынуға болады.

**С.БӨДЕСОВА,  
МББҚБА және ҚДИ-дың педагогикалық  
менеджмент кафедрасының доценті.**

## **ТАҚЫРЫП ЖАН-ЖАҚТЫ ЗЕРДЕЛЕНІП ДҮРІС АШЫЛҒАН**

Жамбыл атындағы облыстық № 7 дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттың жоғары санатты әдіскер тәрбиешісі Бақыт Бексейітованың «Білім бастауы – тәрбиеде» атты сынып жетекшілері мен тәрбиешілерге ұсынып отырған әдістемелік көмекші құралы 170 беттен, үш бөлімнен тұрады. Автор бірінші бөлімде сынып жетекшілерінің, екінші бөлімде тәрбиешілердің міндеттері мен оқу жылы бойында аткаратын қат-қабат жұмыстарына кеңінен тоқталып, әдістемелік ұсынымдарын, шығармашылық тұлғаны тәрбиелеудегі құзыреттілік туралы баяндаса, үшінші бөлімде соңғы бір-екі жыл бедерінде республикалық және облыстық басылымдарда жарияланған таңдаулы әзірлемелері мен мақалаларын топтастырған.

Әдістемелік жинақ сынып жетекшілері мен тәрбиешілерге және педагогикалық факультеттер студенттеріне арналған.

Автордың әдістемелік көмекші құралы тұтастай алғанда алға қойған мақсатына жеткен. Сынып жетекшілері мен тәрбиешілерге әдістемелік ұсынымдар уақыт талабына сай соңғы жаңалықтарды ескере отырып дүріс іріктелген.

«Білім туралы» жаңа Заңда орта білімнің мазмұнында тұлғаның құзыреттілігін қалыптастыруға баса мән берілген. 2007 жылғы 10 мамырда «12 жылдық білім беру жүйесінің құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктерінің жүзеге асырылуы» атты Облыстық ғылыми-практикалық конференцияға қатысқан Б.Бексейітова осыны жақсы ескерген. Конференцияда ізденуші әдіскер «Шығармашылық тұлғаны тәрбиелеудегі құзыреттілік» тақырыбында баяндама оқып, ол ұжымдық жинаққа енді. Көпшілік назарына іліккен сол елеулі еңбегі үшін Бақыт Қарағанды облысы әкімі жанындағы мемлекеттік және білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының Алғыс хатына ие болды.

Әдістемелік жинақта елеулі орын алған тақырып мазмұны ғылыми-практикалық конференция анықтаған мақсатқа сай. Аталмыш еңбекте құзыреттілік білім беру жүйесінің бір тәсілі ретінде алынып көрсетілген. Құзыреттілік тәсілді окушыларды

оқытуда топ-топқа бөліп оқыта отырып, шығармашылық жұмыстармен айналысын көрсетуі – әңгімелеге арқау болып отырган идеялардың ерекшелігін танытады.

Проблеманы шешу тетіктері жіті пысықталған. Ұлттық білім беру жүйесіне көніл бөлінген, мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынастар және «құзыреттілік», «оқушылар құзыреттілігі» анықталған. Такырыпты аша түсү үшін әдебиеттер дұрыс пайдаланылып, нақпа-нақ көрсетілген.

Әріптестерімен мектеп-интернат оқушыларымен және тәрбиеленушілерімен тәрбие жұмысын жүргізу барысында көп жылдар бойы жинақтаған өз тәжірибесімен бөліскең.

Қорыта айтқанда, такырып та, оның мазмұны да өте құнды болып шыққан және жан-жақты зерделеніп дұрыс ашылған. Сондықтан әрі мазмұнды, әрі тартымды бұл енбек баспадан шығаруға ұсынылады.

**Т.ӘМІРТАЙҰЛЫ,  
МББҚБА және ҚДИ-дың ғылыми хатшысы,  
әдіскері, Қазақстан Республикасы Білім беру  
ісінің үздігі.**

*Озім түлеп ұшқан алтын ұям –  
бүгінде Жамбыл атындағы  
дарынды балаларга арналған  
облыстық №7 мектеп-интернат  
атанған мектебімнің 80 жылдық  
торқалы тойына тартуым*

**Автор**

## **САПАЛЫ БІЛІМ, САНАЛЫ ТӘРБИЕ ЖОЛЫНДА**

«Адамға ең бірінші керегі білім емес, тәрбие. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі» деп Эл-Фараби айтқандай, педагогика ғылымының зерттейтін негізгі категорияларының бірі – тәрбие. Тәрбие адам тағдырын ойластырады, болжайды, алдын ала адамның рухани өмірінің көптеген негіздерін сақтайды. Тәрбие үрдісінде ғана адам рухани жетіледі. Адам тіршілігіне тек қана материалдық жағдайлар ғана емес, тәрбие де – адамзат тіршілігінің міндетті шарты. Сол себепті философ В.Соловьев «адамгершілік бір адамның екінші адамға сыйлай салатын заты емес, ол өзінің тәжірибесі арқылы ғана жететін адамның ішкі жағдайы» деп адамгершіліктің құндылығына ерекше тоқталған.

Фасырлар бойы халқымыз ұрпағын ізгілікке, өз елін сүюге баулып келеді. Бұл берік калыптасқан дәстүрді ұлттық тәрбиенің өзегі, діңгегі десе де болады. «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол» дей келіп, адамның ұлы болу

үшін кісіге «нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек» керектігін ұлы Абай да жеріне жеткізе өсиет етіп кетті.

Бүгінгі өскелен ұрпакқа отансуйғыштік, ұлттық санасезім қажет. Бұл қасиеттер ұрпақ бойына оқумен, біліммен, үйренумен, талаптанумен біtedі. Осы ұлы қасиеттерді ұрпак бойына дарытатын – ұстаз, ата-ана, тәрбиеші, қоршаған ортасы екені дау туғызбайды.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңының «Оку және тәрбие процесін ұйымдастыру» атты 28-бабының 3-тармағында: «Білім беру ұйымдарындағы тәрбие бағдарламалары оку процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және имандылық сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған» деп атап көрсетілген.

«Білім туралы» жаңа Заң сапалы білім мен саналы тәрбиеге кепілдік береді. Заң құрылымындағы маңызды жаңалықтардың бірі, көптен бері сөз болып келе жатқан – педагог қызметкерлердің мәртебесі туралы норманың енгізілуі.

«Білім туралы» жаңа Заңды қабылдау – заң шығаруға әуестенушіліктен туындаған нәрсе емес, бұл заман талабы болып отыр» - деді Білім және ғылым министрі Ж.Қ.Тұймебаев.

Атап айтуды қажет ететін тағы бір жаңалық, бұл да көптен бері сөз болып келе жатқан толғакты мәселе – заңнамалық деңгейде 12 жылдық орта білімге көшу қамтамасыз етілді. Келесі 2008 жылдан бастап 12 жылдық оқыту жүзеге асырылады. Заңда 12 жылдық білімнің құрылымы анықталды. Ол:

- бастауыш білім – 4 жыл, 1-4 сыныптар аралығы;
- негізгі орта білім – 6 жыл, 5-10 сыныптар аралығы;

- жалпы орта білім – 2 жыл, 11-12 сыныптар аралығы.

Енді осы үш кезеңнің оку бағдарламаларының мазмұнына тоқтала кетейік. Бастауыш білім берудің (1-4 сыныптар) оку бағдарламалары баланың тұлғасын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін дамытуға, окута үсеген жағымды уәжі мен икемін қалыптастыруға бағытталған. Мәселен, окуға, жазуга, санауга, тілдік карым-қатынасына, өзін шығармашылық түрғыдан танытуға, өзін ұстай мәдениетін дағдыға айналдыруға арналған.

Негізгі орта білім беруге арналған (5-10 сыныптар) оку бағдарламалары білім алушылардың ғылымдар жүйесінің базалық негізін игеруге, олардың жеке адамдар прасындағы және этносаралық карым-қатынастарда жоғары мәдениеттілігін қалыптастыруға, тұлғаның өзін тануы мен кәсіптік бағдарын айқындауға нысаналанған.

Жалпы орта білім беруге арналған (11-12 сыныптар) оку бағдарламалары бейіналды дайындық пен бейіндік оқыту бағдарламаларын жүзеге асыруды көздең. Бұл бағдарламалар білім алушыларға окудың жеке ауқымын тандауға және алдағы уақытта әлеуметтік-гуманитарлық, жаратылыстану-ғылыми бағыттар бойынша окуына педагогикалық қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді.

Осы жерде орта білімнің мазмұнында **тұлғаның құзыреттілігін** (бұл жөнінде арнаїы сөз етеміз – автор) қалыптастыруға баса мән берілгенін айрықша атап өткен жон.

Мектеп оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыру мәселелері білім мен тәрбие беру тұжырымдамасында да негізгі орын алады. Мектеп оқушыларына тәрбие беру тұжырымдамасында: «Жеке тұлғаның қалыптасуы үздіксіз құрделі процесс. Әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән сапасы, еркі өзіндік әрекет жасай алатын қабілеті бар екенін ескере келіп, балалар мен жастардың

білімге, ғылымға ықыласын арттыру олардың ақыл-ой қабілетін, жеке бас қасиеттерін дамытып, оны қоғам талабына сай асыруға көмектеседі» дедінген.

Бұл жұмысты ең алдымен тәрбие жоспарын жоспарлаудан бастап, оны жүйелі жүргізумен ұштастыру керек. Тәрбие жоспарында басты екі мәселе орын алады, олар: **тәрбие сағаттары мен сыныптың диагностикасы**. Тәрбие сағаттарын да жаңа технологияны кіргізіп, шоу, скетч, сахналық қойылым сиякты өзгешелсөттің өткізеск, балалардың ойлау қабілеті, шығармашылық қасиеттері және әр баланың бойындағы өзіндік ерекшеліктері байқалып, әр баланы жеке тұлға ретінде танып, онымен жұмыс істеуді әлдеқайда женілдетеді.

Кейінгі бірнеше жыл ішінде жаңа технологияны пайдалана отырып, оку мен тәрбие мәселесін тығыз байланыстыра отырып, түрлі тәрбие сағаттарын өткізіп келемін. Оның ерекшеліктері мынада: 1) окушылардың тәрбие сағаттарына күні бұрын дайындалуға болмайтындығы; 2) оқыған-білгенін жолдастарының алдында, көпшілік алдында көрсете білуі; 3) көпшілікпен бірге, не жалғыз өзі шешім қабылдауына мүмкіндік туғызу; 4) пікір таластыра білуге, дұрыс сұрап қойып үйренуінде; 5) әр баланың шеберлігін көрсету, яғни бойындағы жақсы қасиеттерін көрсете білуінде.

Ал Диагностика не үшін керек? Окушылардың қысқа психологиялық карточкасы оның психологиялық жекелігін, дербестігін көрсете алады. Ал бұл сыннып жетекшісінің жұмысын женілдетіп, окушы туралы оның ата-аналарына балаларының психологиялық ерекшеліктері туралы толық мағлұмат беруіне көмектеседі.

Бұл жұмыстар әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы жүргізілді. Олар санамалап айтқанда мынадай: 1) Дж. Голланд әдісі бойынша адамның міnez-құлқының типін анықтау; 2) окушының тұлғасын зерттеу әдістемесі (естің

түрлері, логикалық ойлауы); 3) оқушылардың тәртіптілігін бағалау әдісі (оқушы, ата-ана, өзім – тәрбиеші); 4) оқушылардың жоғары тәрбиелік деңгейі, олардың өмір мен еңбекке дайындығы; 5) таным процестерін бағалау әдісі (көрсеткіш белгілер немесе бағалау арқылы); 6) әнгімелесу, ата-аналар жиналышы, анкеталық сұрақтар кою, пікірлесу, пікірталас сайысы; 7) сабакқа кіру, қатысу, тәрбие сағаттарын жүргізу; 8) мұғалімдердің пікірі, түстен кейінгі дайындық сабағын өткізу тәсілі.

Мектептің тәрбие беру жүйесінде және сынып жетекшісінің жұмысында оқушылардың адамгершілік тәрбиелілігін зерделеудің үлкен маңызы бар. Бұгінде педагогикалық әдебиетте оқушының адамгершілік айқындаамасын бағалауға әралуан көзқарастарды табуға болады.

Зерттеу жұмысының тағы бір түрі – оқушы отбасының құрамын, жағдайын, тәлім-тәрбиелік әлеуетін (потенциалын) анықтау. Ата-аналармен тығыз байланыс жасау – оқушылардың өнегелі, тәлімді тәрбие алуына мүмкіндік беретініне, кейбір нашар ұлгерімді оқушының түзелетініне өз тәжірибемде талай рет көз жеткіздім. Жас үрпақты білімді, жан-жақты етіп өсіруге әрбір ата-ана, мектеп және бүкіл жұртшылық болып қатысуы керек.

Оқушылардың жеке тұлға ретінде дамуын зерделеу оқу процесінің табиғи жағдайларында жүргізілуге тиіс, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру керек, диагностикалық тапсырмалар оқушыларға түсінікті болуға тиіс. Бұл тапсырмалардың оқу сипатты болуы және әдеттегі тапсырмалар сиякты қабылдануы орынды. Кейбір жағдайларда ғана диагностиканың лабораториялық әдістерін пайдалануға болады. С.Л.Рубинштейннің атап корсеткеніндей: «Тәрбиелей және оқыта отырып, балаларды зерделеу оларды зерделей отырып, тәрбиелеу мен оқыту үшін болмақ – бірден бір толыққанды

педагогикалық қызметтің жолы және балалар психологиясын танудын барынша жемісті жолы осындай».

Сайып келгенде, диагностика окушының дербестігін, жекелігін көрсетеді. Естің дәрежесі мен логикалық ой көрсеткіштерінің жоғары болуы, сыйыптағы окушылардың қабілеттілігін, қызығушылығын аңғартады. Солай бола тұра жеке окушының кейбір пәндерден үштік баға алуы және оның жыл сайын өзгермеуі неліктен? - деген сұрақ туындаиды. Сейлесіп әңгімелескен кезде окушының осы бағаға қанағаттанбауы турасындағы жауабы мынадай болды: бәрібір мен қандай жағдай болсын, жақсы оқып келсем де, оқымасам да, сол үш деген баға қойылады.

Бұдан біз жекелеген пән мұғалімдерінің окушымен жеке жұмысының жоқтығын көреміз. Әрбір мұғалім жеке тұлғаны танып біліп, онымен жұмыс істеу керек деп білем. «Осы менің пәнімнен ғана үш екен, неге олай?» - деп, сол окушымен жеке жұмыс істесе деген ой келеді.

Мен біраз жылдардан бері жеке дара қабілеттерді зерттеу арқылы окушылардың жалпы білімдік, тәрбиелік біліктіліктерін арттыру жолдарын қарастырып журмін. Осы бағыттағы жұмыстарымның арқасында сыйып біртұтас ұжым болып қалыптасып, сабакта белсенді, үлгерімі жоғары, тәрбиелілігі де жақсы жағынан көрініп келеді.

Педагогикадағы дәстүрлі бағыттың (Коменский) өмір сүріп жатқанына 400 жыл дерлік болды, Давыдов пен Занковтың дамытушы педагогика бағыттарына 40 жыл толды. Көршілес Ресейдегі «Мектеп 2000» бағыттына 4 жыл болса, енді ТРИЗ-педагогика «өкшелеп» келеді. Байқайсыз ба, педагогиканың жаңару қарқындарының үдеу заңдылығы қызығылдыты: 400-40-4. ТРИЗ-педагогика дегеніміз не? Егер мектепте білім берудің басты мақсаттары – тәрбиелеу, тану және дамыту болса, Өнертапқыштық Міндеттерді Шешу Теориясының (*Теория*

*Решения Изобретательских Задач* – қысқаша ТРИЗ) педагогикасы дамыту мақсатын тамаша орындаиды. Ал дамыған интеллект танымдық мақсатты өзі шешеді. Педагогиканың ең басты мақсаты – тәрбиелеуге сыйсак, онда шығармашылық адамгершіліктің үлкен әлеуетіне ие етеді, ал ақыл-ой мәдениеті адамның жалпы адамгершілік мәдениетін тәрбиелейді.

Үнемі жаңару үстіндегі педагогикаға мұндай өзгеріс қалыпты болса керек. Өмір өзгереді, балалар өзгереді, педагогика өзгереді. Ескісі немесе жаңасы болын, әрбір әдістеме өз шегіндегі жағдайларда жақсы, сол шекті жағдайлар өзгерсе, педагогиканың әдіснамасы да өзгереді, ал жақсарулардың шегі жоқ екені белгілі.

«Бала тәрбиесі – бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер. Баланы дұрыс тәрбие қылу үшін әркімнің өз тәжірибесі жетпейді. Басқа адамдардың тәжірибесімен танысу керек», - деп қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы Мағжан Жұмабаев қалай дәл тауып айтқан.

«Білімденудің ошағы – мектеп. Тәрбиенің ауданы одан кең, тұбі терең. Адамның өсетін, жетілетін балалық, жеткіншектік дәүірі түгілі, тәрбиенің әсері жігіттік, кекселік кезде де қалмайды. Тәрбие сәулесі түспейтін адамның ешбір қалтарысы жоқ. Тәрбие болмаған жерде шын ақылды, мәдениетті өмір де болмақ емес» деп, классик жазушы, тәлімгер ғалым Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, тәрбие беру – үздіксіз процесс болғандықтан, заман талабына сай жаңа әдіс-тәсілдерге сүйенген тәрбие жұмысын жалғастыра береміз. Жеке тұлғаны қалыптастыру үстінде окушы қабілетін зерттеудің тиімділігін де тиісінше пайдаланамыз. Жаңа әдіс-тәсілдерді біз берісі отандық, әрісі әлемдік педагогика мектептері мен бағыттарының жаңашыл ізденістерге толытың үрдістерінен оқып үйренеміз. Өйткені, шығармашыл

тұлғаны тек шығармашыл тұлға ғана тәрбиелей алады.

Қазіргі жаңару кезеңінде біздің қоғамымыздың ілгерілеу процесінде адам факторы және оны жандандыру, ел өмірінің барлық жақтарын жаңарту бала тәрбиесінің мәні мен оның проблемасын күрделендіріп отыр. Осыған байланысты тәрбие берудің тиімділігі мен сапасын арттырудың негізгі бағыты – барлық тәрбиелік істе әрбір баланы жеке тұлға деп танып біліп, жан-жақты қалыптастыру.

#### **Негізгі әдебиеттер:**

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.
2. Тұймебаев Ж.К. «Білім туралы» жаңа Заң сапалы білімге кепілдік береді.// Егемен Қазақстан. 16.08.2007. №257-258.
3. Масырова Р., Линчевская Т. Инновационные школы в Казахстане. Алматы, 2000.
4. Бексейітова Б.Н. «Зерделей отырып тәрбиелеу».// ҚарМУ баспасы. 2004.
5. Тамберг Ю.Г. ТРИЗ-педагогика. e-mail: triz-nov@mail.ru
6. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мазмұнын іске асырудың теориялық және практикалық мәселелері» (Республикалық гылыми-практикалық конференцияның материалдары) // Қарағанды, 2007.
7. «12 жылдық білім беру жүйесінің құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктерінің жүзеге асырылуы» (Облыстық гылыми-практикалық конференцияның материалдары) // Қарағанды, 2007.



# **СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕРІНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Сыныпта оқушылардың оку-тәрбие әрекетін үйымдастыру, тәрбиелік шарапалардың ықпалын үйлестіру **сынып жетекшілеріне** жүктеледі. Ол оқушыларға қатысты мектеп өміріндегі мәселелерді шешуде нақтылы комектесуге және оларды тартымды әрі қызықты үйымдастыруға тырысады.

Ол өзіне қатысты сыныпта оқушылар ұжымын үйымдастыра отырып, осыған сол сыныпта сабак беретін шоғыр мұғалімдерін, оқушылардың ата-аналарын және жұртшылықтың бала тәрбиесіндегі ықпалын біріктіріп, балаға деген талаптарын ортактастырып отырады.

Дұрыс тәрбие – балаға өмір бойы азық. Сол дұрыс тәрбиені үйымдастыратын басты тұлға – мектептегі сынып жетекшісі.

## **I. Сынып жетекшісінің міндеті**

Сынып жетекшісі әкімшілік тұлға ретінде:

- сыныптағы оқу-тәрбие процесін үйымдастыруға;
- сынып оқушыларын сынып және жалпы мектеп ұжымының жүйелі қызметіне тартуға, сондай-ақ басқа топтармен және ұжымдармен байланыс жасауға;
- балалар мен жеткіншектерді, олардың тіршілік жағдайларын зерделеуге;
- тәрбиеленушілердің дамуындағы және мінез-құлқындағы ауытқушылықтарды тіркеуге, психологиялық және педагогикалық негізделген түзетуді жүзеге асыруға, күрделі жағдаяттарда бұл туралы әкімшілікті хабардар стүгеге;
- тәрбиеленушілерге өткір өмірлік проблемаларды шешуде

көмек көрсетуге;

- олардың құқықтарын әлеуметтік және құқықтық қорғауға колғабыс етуге;
- тәрбие жұмысының барысын және нәтижелілігін көрсететін құжаттаманы (окушылардың жеке істерін, сынып журналын, окушылардың күнделіктерін) жүргізу;
- тәрбие іс-әрекетіне гимназия педагогтарын, окушылардың ата-аналарын, ғылым мен өнердің әралуан салаларының мамандарын тартуға;
- педагогика, психология, тәрбиенің теориясы мен практикасы мәселелері бойынша өзінің біліктілік деңгейін ұдайы көтеруге міндетті.

## II. Қасіптік даярлығы мен жұмыс жағдайлары

### **Сынып жетекшісі:**

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын;
- 1993 жылғы «Балалар құқықтары туралы конвенцияны»;
- педагогиканы, балалар, жас кезеңдеріне қарай, әлеуметтік психологияны;
- мектеп гигиенасын;
- педагогикалық этиканы;
- тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесін;
- еңбек заңнамасының негіздерін *білуғе тиіс*.

### **Сынып жетекшісінің:**

- балалардың белсенділігін, жауапкершілігін көтермелеп, өзінің іскерлік және жауапкершілік үлгісін көрсете отырып балалармен араласу;
- өзінің тәрбиелік мақсаттарын көру және тұжырымдау;
- өз сыныбында тәрбие жұмысының жоспарын жасау;
- тәрбиелік іс-шараны: әңгімені, пікірталасты, экскурсияны, жорықты, сынып кешін, сынып сағатын және т.б. ұйымдастыру;

- ата-аналар жиналышын ұйымдастыру және өткізу;
  - психологиялық-диагностикалық тестілерді, сауалнамаларды, пікіртерімдерді пайдаланып, оларды тәрбие жұмысында биязы қолдану ептілігі болуға тиіс.
- Педагогикалық міндеттерді іске асыру үшін сынып жетекшісінің мына жағдайларды жасауы қажет:
- өзі ұйымдастыратын тәрбие процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
  - әкімшілік қолдау және әдістемелік көмек;
  - сынып басқаруды проблема ретінде жүйелі ғылыми-теориялық ой елегінен өткізу.

### III. Жұмыс түзімі, құжаттама және есептілік

- 5-11 сыйнаптардың жетекшісі осы сыйнапта жұмыс істейтін мұғалім, тәрбиеші катарынан мектеп директорының бұйрығымен тағайындалады.
- Гимназия мен педужым жұмысын ұйымдастырудың жалпы ережелері Қазақстан Республикасының еңбек туралы Заңынан туындайды, ол ережелерді кез келген қызметші орындауға тиіс.
- Сынып жетекшісінің апта ішінде балаларға арнауға міндетті жұмыс уақыты сыйнап жетекшісінің ставкасымен белгіленеді, бұл ретте толық ставкаға жұмыс істейтін мұғалім гимназияда аптасына кем дегенде төрт рет болады.
- Сынып жетекшісінің сафаты (сынып сафаты) – аптасына бір рет (сынып сафатын өткізу түрлері әралуан болуы мүмкін: тақырыптық сыйнап сафаты, сыйнап жиналышы, жалпысыншылық немесе жалпымектептік іске дайындық, экскурсияға дайындық, экскурсия қорытындыларын шығару және т.б.).
- Тәрбиелік іс-шаралардың саны – айна кем дегенде екі іс (оның біреуі жалпымектептік болуы мүмкін).
- Сынып ата-аналары жиналышының саны – тоқсанына кем

дегенде бір жиналыс (жылына тақырыптық екі жиналыс).

- Атқарылған жұмыс туралы есептер бірінші жартыжылдық және жыл аяқталғаннан кейін жоспар және ауызша әңгімелесу түрінде әкімшілікке ұсынылады, окушыларға сауалнама жүргізілуі мүмкін.
- Демалыс кезеңінде және жазғы уақытта мектеп жұмысының түзімі қосымша жоспарға сәйкес белгіленеді.
- Егер сынып жетекшісі сыныпта ұдайы жұмыс істейтін үйірме, психологиялық-педагогикалық семинар жүргізген жағдайда, аталмыш жұмысқа қосымша ақы төленеді.
- Сынып жетекшілерінің жұмысын ұйымдастыру және оларғаи жұмыста әдістемелік көмек көрсету мақсатымен әдістемелік бірлестік құрылады.
- Сынып жетекшілерінің қызметін үйлестіруді және олардың жұмысын бақылауды мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.

Сынып жетекшісі келесі **құжаттаманы** жүргізеді:

- Сынып журналы.
- Сынып ұжымымен тәрбие жұмысының жоспары.
- Сынып жетекшісінің кез келген нысандағы дәптері.
- Окушылардың күнделіктері.
- Окушылардың жеке істері.
- Окушылардың тұлғасын зерделеудің психологиялық-педагогикалық карталары (қажеттілігіне қарай)
- Тәрбиелік іс-шаралар әзірлемелерінің папкалары (тілегі бойынша).

#### **IV. Сынып жетекшісінің жұмысын бағалау критерийлері**

Сынып жетекшісі, тәрбиеші қызметінің нәтижелілігі әралуан критерийлердің көмегімен бағалана алады. Оларға мыналар жатады:

- сынып тіршілігінің реттілігі;
- сынып ұжымының есесінің және оның деңгейі;
- сыныптағы жалпы психологиялық ахуал;
- ұжымның әрбір мүшесінің әлеуметтік корғалуы және оның жайлышы;
- оқушылардың тәрбиелілігі мен жалпы мәдениетінің нақты өсуі;
- сынып жетекшісінің белсенді айқындамасы;
- тәжірибелік-эксперименттік немесе зерттеу жұмысына қатысуы;
- оқушылар ата-аналарының сынып ұжымының ісіне тартылуы.

Сынып жетекшісінің жұмысын бағалаудың негізгі критерийлері оқушылардың тәрбиелілігі деңгейінің көтерілу дәрежесі, олардың интеллектуалдық, адамгершілік, эстетикалық, құқықтық, жыныстық, сондай-ақ дүниетанымдық дамуы болып табылады.

Сынып ұжымының даму шамасы, сынып жетекшісінің педагогикалық шеберлігі және оның белсенді өмірлік айқындамасы да бағалау критерийі қызметін атқарады.

Сынып жетекшісінің жыл ішіндегі қызметінің қорытындылары:

- тәрбие жоспары және ондағы жазбаларды талдау;
- жыл аяғында оқушылар берген сауалнамаларды талдау;
- жыл аяғында қызметтік міндеттері бойынша сынып жетекшісімен өткен әңгімелесу материалдарын талдау нәтижелері бойынша шығарылады.



## **Сынып жетекшісінің ұйымдастыру жұмыстары**

### *1. Сыныптағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру*

- өз сыныбы оқушыларының сабактарға қатысуын тұрақты бақылайды (сынып журналында босатылған сабактардың есебін жүргізеді, әрбір босатылған сабактың ақтаушы құжаты болуға тиіс);
- пән мұғалімдерімен оқушылардың үлгерім сапасын жақсартуға бағытталған жұмыс жүргізеді (ағымдағы бағаларды талдайды, журналға қойылған бағалардың оқушының күнделігінде бар-жоғын тұрақты тексереді, қорытынды бағаларды талдайды және оқушының атанаасына немесе оларды ауыстыратын тұлғаларға хабарлайды);
- сынап оқушыларының тәртібіне бақылау жасайды, оқушының сабакта және сабактан тыс іс-әрекетте тәртіп бұзуын назардан тыс қалдырмайды;
- сынап оқушыларының сыртқы түрін қадағалайды.

### *2. Сынып ұжымымен сабактан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру*

- оқушылардың жеке бас істерін, денсаулық жағдайын, отбасы ахуалын зерделейді;
- сынап оқушыларының бірлескен іс-әрекетін жоспарлайды;
- сынаптан тыс міндетті іс-шараларды: сынап сабактарын, бас қосу сағаттарын, ақпараттық сағаттарды өткізеді;
- сынапта қажетті педагогикалық диагностиканы жүзеге асырады және бұл жұмысқа мектеп психологын тартады;
- оқушылармен бірге сынап істерінің кенесін қалыптастырады;
- оқушыларға сынап активін сайлауға көмектеседі;
- ұжымдық шығармашылық істерді ұйымдастыруға көмектеседі;

- жорыктарды, мұражайлар мен театрларға экскурсияларды, көрмелерге баруды үйымдастырады;
- мектептің жылдық жоспарының және сиынптағы тәрбие жұмысы жоспарының талаптарына сәйкес сиынптағы тәрбие жұмысын үйымдастырады;
- оқушыларды тәрбиелеу процесінің жүзеге асуына қоғамдық және жастар үйымдарын тартады.

### *3. Оқушылардың қоғамдық пайдалы еңбегін үйымдастыру:*

- оқушылардың сиынптағы және мектептегі кезекшілігін үйымдастырады;
- оқушылардың мектеп асханасындағы кезекшілігін үйымдастырады;
- оқушылардың өндірістік практикаға катысусын үйымдастырады;
- оқушылардың практика талаптарын орындауын бақылайды;
- кабинетті жинауды, оқушылардың мектептің санитарлық-гигиеналық талаптарын орындауын үйымдастырады;
- оқушылардың қоғамдық пайдалы еңбегін (мектеп нысандарын және мектеп жанындағы участкені жинауды) үйымдастырады.

### *4. Оқушылардың ата-аналарымен ынтымақтастықты үйымдастыру:*

- ата-аналар туралы мәліметтер жинаиды және сиынп журналындағы мәліметтер бетін толтырады;
- ата-аналарды оқушының оқу қызыметінің аралық және қорытынды нәтижелері туралы хабардар етеді;
- сиынптың ата-аналар комитетінің сайлауын және сиынптың ата-аналар ұжымының өкілдерін мектептің қамқоршылық кеңесінің құрамына сайлауды өткізеді;
- өмірдің қын да қысталан ахуалдарында бала тағдырына

- белсенді қатысады;
- өмірдің қызын да қысталан ахуалдарында бала тағдырын шешүге қоғамдық ұйымдарды тартады;
  - ата-аналардан өздерінің ата-аналық міндеттерін – бала үлгерімін (күнделіктер арқылы); баланың санитарлық-гигиеналық ептерін сақтауын; оқу орнына баруын бақылауды жүзеге асыруын талап етеді;
  - ата-аналармен жеке әңгімелесулер, консультациялар жүргізеді;
  - ата-аналар жиналыстарын өткізеді.

*5. Оқушылардың әлеуметтік жағдайларын зерделеуді ұйымдастыру:*

- окушының тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын зерделейді;
- окушының үйіне (қажеттілігі болса) барады;
- окушыға материалдық көмек көрсету үшін (қажеттілігі болса) қажетті құжаттарды дайындайды;
- окушыға өзінің меншік құқығын корғауға (қажеттілігі болса) көмектеседі.

*6. Құжаттамамен жұмысты ұйымдастыру:*

- жеке бас істерін зерделейді және ресімдейді;
- сынып журналын ресімдейді;
- тоқсан ішіндегі және жыл ішіндегі үлгерім бойынша есептер дайындайды;
- сыныптағы тәрбие процесін ұйымдастыруды жоспарлайды.

*7. Кәсіби шеберлік деңгейін көтеруді ұйымдастыру:*

- сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысына қатысады;
- тәрбие жұмысы бойынша біліктілікті көтеру курсарына қатысады;

- әдістемелік және арнаулы әдебиетті зерделейді;
- әріптерімен өз қызметін ұйымдастыру жөніндегі тәжірибесімен бөліседі.

## **СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІНЕ АРНАЛҒАН ЦИКЛОГРАММА**

### ***Күн сайын:***

1. Кешіккендермен жұмыс және оқушылардың сабакта болмау себептерін анықтау.
2. Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру.
3. Сынып кабинетінде кезекшілік ұйымдастыру.
4. Оқушылармен жеке жұмыс.

### ***Апта сайын:***

1. Оқушылардың күнделіктерін тексеру.
2. Сыныпта іс-шаралар өткізу (жоспар бойынша).
3. Ата-аналармен жұмыс (жағдаят бойынша).
4. Пән мұғалімдерімен жұмыс (жағдаят бойынша).
5. Оқушылардың сырқаты туралы анықтамалар бойынша мектеп дәрігерімен, медбикесімен кездесу.

### ***Әрбір ай сайын:***

1. Өз сыныбындағы сабактарға қатысу.
2. Мектеп психологынан консультация алу.
3. Ақша жинау, ақша үлестіру (тамақтануға, жолақы билеттері және т.б.).
4. Ата-аналар активімен кездесу.
5. Жұмысты жоспарлау жөніндегі кеңес (кесте бойынша).

### ***Тоқсанына бір рет:***

1. Тоқсандық қорытынды бойынша сыннып журналын ресімдеу.
2. Сынып жетекшілерінің семинары (окуы).

3. Тоқсан ішінде жұмыс жоспарын орындауды талдау, жаңа тоқсанға арналған тәрбие жұмысының жоспарын түзеу.
4. Ата-аналар жиналышын өткізу.

***Жылына бір рет:***

1. Ашық іс-шараны өткізу.
2. Оқушылардың жеке істерін ресімдеу.
3. Сынып жұмысының жоспарын талдау және жасау.
4. Сыныптың статистикалық деректері (1 қыркүйек)

### **СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕРІН МҰГАЛІМНІҢ АДАМГЕРШІЛІК КОДЕКСІМЕН ТАНЫСТАНЫРУ**

1. Өз қателерінді мойындаі біл және оларды қайталамауға тырыс.
2. Егер сенің оқушыларың жаман қылыш көрсетсе, қай жерде қате жібергенінді ойла.
3. Өз балалық шағынды жиі еске ал – балаларды түсінуіне оңай болады.
4. Өте шиеленісті жағдайларда өзінді оқушынның орнына қойып көруге тырыс.
5. Өз оқушынан артықшылық идеясынан бас тарт.
6. Өзі қаламаса баланы мазалама және сырын ашуға мәжбүрлеме. Қүте біл!
7. Өз балаларының тіпті болмашы табыстарын көре білуге және онысына қуана білуге тырыс.
8. Есінде болсын, сен – идеал емессін, сондықтан өз оқушынды ол қандай болса, солайша қабыл ал.
9. Балалармен жұмысты олардың бір-бірімен мүмкіндігінше көп араласатындаі, бір-бірін тындаітындаі етіп ұйымдастыр.
10. Өз оқушыларына тиесілі ешбір жұмысты істеме, бірақ

- өз әлдері келмей жатқан шаруаны солармен бірге істе.
11. Өз бойында құлқілі бола білуді, өз-өзіңе, өз кемшіліктеріңе құле білуді дамыт.
  12. Балаға бірдене істе деп жүз рет бұйырганша, сөйтіе гой деп бір рет өтінген пайдалырақ.
  13. Өмірдің қыын мәселелерінде көлгірсуден бой тарт.
  14. Егер бірденені байқамауға мүмкін болса, байқамауға тырыс.
  15. Нотация оқып, кінәлілерді іздеме, ақиқатты іздеуге тырыс.
  16. Балалардың сүйіспеншілігіне бөленем деп асықпа, егер сен соған лайық болсан, ол өзі келіп жетеді.
  17. Балалармен бірге олар нақты нәтижесін көре алатын істерді қолға ал.
  18. Сүйіктілерден сақтан – бұл сені әділ болу мүмкіндігінен айырады.
  19. Өз оқушыларының пікірін құрметте.
  20. Өз оқушыларынды өз білімдеріңмен жасқама, оларға өздерін көрсете білуге мүмкіндік бер.
  21. Егер сені балалар ұнатпайтындей болып көрінсе, онда іс жүзінде де солай болғаны.
  22. Егер сен өзіңе тәрбиелеуге берілген балаларды сұмырай деуге дейін барсаң, демек, іс жүзінде солай болғаны. Сен берген тәрбиемен олар басқаша бола да атмайды.

## **СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІНІҢ ҚҰЖАТТАМАСЫ**

1. Өз сыныбы сабактары мен қоңырауларының кестесі.
2. Үйірмелер, секциялар, факультативтер, ынталандыруышы және колдаушы сағаттардың кестесі.
3. Оқушылардың мектептен тыс үйірмелер мен секциялардағы сабактарының кестесі.

4. Мектептегі оку-тәрбие процесін ұйымдастыру ережесі.
5. Оку орнының жарғысы.
6. Оқушыларға КТ (кауіпсіздік техникасы) және ӨҚН (өмір кауіпсіздігінің негіздері) бойынша нұськаулық беру.
7. Сабакқа қатысу, тамақтану, күнделіктерді тексеру бойынша ақпарат, әкімшіліктің күнделікті тексеру анықтамаларының материалдары.
8. Сыныптың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы.
9. Оқушылардың деңсаулық парагы (сынып оқушылары деңсаулығының жылдар бойынша динамикасы).
10. Сынып оқушылары туралы жалпы мәліметтер.
11. Сыныптың әлеуметтік паспорты.
12. Сынып оқушыларының активі.
13. Сынып ата-аналарының активі.
14. Оқушылардың іс-әрекетпен қамтылуы (бос болмауы), олардың қоғамдық тапсырмаларды орындауды.
15. Оқушылардың мүдделері мен қызығушылықтары.
16. Оқушылардың пәндер бойынша үлгерімінің таблицасы, сынып оқушыларының оқу және әлеуметтік рейтингі, оқушылардың оқудағы жетістіктерінің динамикасы.
17. Оқушылармен жеке жұмыс (проблемалық балалар, сабактарды босатуды есепке алу және т.б.).
18. Ата-аналар туралы мәліметтер, ата-аналардың мектепте (ата-аналар жиналышында және жеке мәселемен) болуын талдау.
19. Сыныппен жұмысты бір жылға, бір тоқсанға, бір аптаға жоспарлау.
20. Тәрбие жұмысының түрлері мен сценарийлерінің картотекасы.
21. Сыныптағы психологиялық-педагогикалық зерттеу.

## **СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІНІҢ ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ**

Сынып жетекшісінің тәрбие жоспары – міндегі педагогикалық күжат. Жоспар оқушылар ұжымының қалыпты дамуына мақсатты және жүйелі түрде ықпал етеді, тәрбие міндегітерін дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік туғызады. Тәрбие – қын да күрделі процесс. Сондықтан жоспар болмаған жағдайда тәрбие процесінде көп киыншылыктар туады.

Жоспар – тәрбие жұмысының айнасы. Ол сынып жетекшісі мен оқушылар ұжымының бірлесе атқаратын жұмысын айқындайды. Сынып жетекшісінің тәрбие жоспарындағы оның мақсат-міндегітерімен және мазмұнмен танысу барысында, белгілі бір сыныптағы оқушылардың тәрбиелік деңгейінің сапасын, адамгершілік қасиеттерін, қызығушылығы мен жеке бағдарының кемшілігін т.б. қасиеттерін байқауға болады. Ол үшін тәрбие жоспары объективтік түрғыда сыныптағы оқушылардың нақтылы жағдайларын ескере отыра жасалуы тиіс. Сондаға мектеп оқушыларын тәрбиелеу қоғамның талабына сай нәтижелі жүргізіледі.

### **Тәрбие жоспарының үлгісі**

1. Сынып туралы мәлімет: сынып, сынып белсенділері, балалардың тәртібі, деңсаулығы, сабак үлгерімі, қабілеттері, олардың ата-аналары, белгілі бір ұйымға қатысы, қоғамдық тапсырмасы, тұрғылықты мекен-жай туралы қысқаша сипаттама беріледі.

2. Өткен оқу жылына сай атқарылған тәрбиелік шараптар нәтижесінде қысқаша талдау.

3. Жаңа оқу жылына белгіленген тәрбие жұмысының мақсаты мен міндегітерін анықтау.

4. Сынып туралы мәлімет, өткен оқу жылында

атқарылған тәрбие жұмыстарының нәтижесіне талдау, жаңа оқу жылына арналған сол сыныптағы тәрбие жұмыстарының міндеттері негізінде оқушылармен, ата-аналармен, қоғамдық үйымдармен және пән мұғалімдерімен бірлесе атқарылатын іс-әрекеттердің түрімен, әр тараптағы атқарылатын тәрбиелік шаралар мазмұны және түрлері төмендегідей бөлімдерде көрсетіледі:

Негізгі бөлімдер	Анта аралығын корсету				
	Тәрбиелік шаралардың мазмұны	Түрі мен тәсілі	Мерзімі. уақыты	Жауапты адамдар	Өтілгені туралы белгі
1. Сынып ұжымының үйымдастыру					
2. Оқушылардың өзін-өзі басқару үйимдары және балалардың бірлестіктері мен өзара әрекеттері					
3. Пән мұғалімдерімен және мектеп әкімшіліктерімен байланыс					
4. Отбасымен және жұртшылықпен жұмыс					
5. Жеке оқушымен жұмыс					

## Сынып жетекшісінің әліппесі

**Тәрбиелілік** – мектеп шәкіртінің адамдардың өзара қарым-қатынасының адамгершілік аспектілерін, өзінің бос уақытын ақылмен пайдалану, ойын-сауықты пайдалы өткізу қабілетін көрсететін әлеуметтік тәжірибелі игеру деңгейі.

Шәкірт тәрбиелілігі дегеніміз оқушы тұлғасының

жыныстық қасиеті деп түсінуге болады. Ол оның жан-жақты дамуына көрсететін қоғамдық маңызды сапалардың болуымен және солардың қалыптасуының дәрежесімен сипатталады.

### **5-11 сыныптар оқушыларының тәрбиелілігін бағалау олшемдері:**

#### *1. Отанишылдық, Отанга деген сүйіспенешілік.*

- Ұлттық мұрага, өз халқының дәстүрлеріне, салттарына, мәдениетіне құрметпен қарау, оның тарихының аса көрнекті беттерін білу.
- Өз еліңің қазіргі заманғы оқигаларын білу.
- Өз еліңің нағыз азаматы рөлін орындауға дайындық.
- Өз елінді қорғау жөніндегі конституциялық парызды орындауға дайындық.
- Өз мемлекетіңің рәміздерін білу және оларға құрметпен қарауды білдіру.
- Қоғамдық пайдалы еңбекке ерікті және белсенді қатысу, табиғатқа қоғамдық игілік ретінде ұқыптылықпен қарау, қоршаған органды қорғауға белсенді қатысу.

#### *2. Интернационалдық.*

- Өз елінде тұратын халықтарға және әлем халықтарына құрметпен қарау.

#### *3. Жауапкершілік пен орындаушылық.*

- Көшеде, қоғамдық орындарда, мектепте және үйде мораль ережелері мен нормаларын сақтау.
- Педагогтар мен оқушылар ұжымының, ата-аналардың таланттарын орындау.
- Мектеп сабактарына, үйрмелерге, секцияларға тұрақты қатысу.
- Өзіне сын көзбен қарау, ересектерге құрметпен қарау.

#### *4. Еңбексүйгіштік.*

- Киім киюдегі және сыртқы кейіптерге ұқыптылық.
- Үй тапсырмаларын орындаудағы міндеттілік.
- Сыныптың барлық еңбек істеріндегі белсенділік, сынып

пен мектептегі кезекшілікке, үйдегі міндеттерін орындауға жауапкершілікпен қарау.

- Әралуан еңбек дағдыларын игеруге ұмтылу.

- Жоғары оқу нәтижелері.

- Тапсырылған іске саналы түрде қарау.

#### *5. Сезім-ерік саласы.*

- Сан алуан және күтпеген жағдайларда өз мінез-құлқын бақылай білу.

- Қыындықтарды жеңуге ұмтылу.

- Басталған істі ақырына дейін жеткізуге белсенді талап, мақсатқа жету жолындағы табандылық пен мақсаткерлік.

- Ерік-жігер қараеттеріне қабілеттілік.

- Өзінің және басқа адамдардың қоғамға жат қылыштарына тәзгісіздік.

- Бөгденің пікірін құрметтеу және өз пікірін корғай білу.

#### *6. Өзіне сын қозбен қарау.*

- Өз кемшіліктерін сезіну және түзеу қабілеті.

- Өз қабілеттері мен ептерін объективті түрде бағалай білуі.

- Өз кемшіліктерін объективті түрде бағалай және оларды түзей білуі.

#### *7. Коммуникативтік біліктілік және араласу мәдениеті.*

- Сыныптастармен және ересектермен араласа білуі.

- Сөйлеу және мінез-құлыш мәдениеті.

- Шиеленісті жағдайда өзін ұстай білуі.

- Өз пікірін ашық және дұрыс айта білуі.

- Пікірталас және диалог жүргізе білуі.

#### *8. Жолдастық.*

- Өз ұжымының мүшесі болуға, өз сыныбының беделін кез келген істе түсірмеуге ұмтылу.

- Сынып істеріне белсенді катысу.

- Өз сыныптастарын қолдау.

#### *9. Салауатты өмір салтына ұмтылыс.*

- Құн түзімін сактау, бойды тік ұстай, жеке гигиенаны

сактау.

- Дене мәдениеті сабактарына қатысуға, дене шынықтырумен және спортпен айналысуға қызығушылық.
- Зиянды әдеттерден бас тарту.

## СЫНЫПТАҒЫ ТӘРБИЕ МОДЕЛІНІҢ ИДЕЯСЫ

Сыныптағы тәрбие моделінің идеясы – бұл ынтымақтастық педагогикасы.

Осы мақсаттарға жету үшін сыннып жетекшісі окушымен, оқушының ата-анасымен, басқа да пән мұғалімдерімен ынтымақтасуы керек. Яғни, ынтымақтастық дегеніміз – окушы мен ұстаз бір-бірінің жан дүниесін түсініп, ортақ іс-әрекеттің барысы мен нәтижесін бірігіп талдауды.

Қарым-қатынас жүйесінде ең маңыздысы: мұғалім – окушы қатынасы. Бұл қарым-қатынас оқушының жеке қасиеттерінің қалыптасуына зор ықпал етеді. Педагогикалық түрғыдан карағанда тәрбиеленушіге нәтижелі ықпал ету үшін тәрбиеленушінің мұғалімді қабылдауы ғана емес, мұғалім де тәрбиеленушіні қабылдауы қажет. Мұғалім міндепті түрде ықпал ету объектісін ғана көріп коймай, жасалған ықпалдың нәтижесін де көре білуі тиіс.

Ұстаздың ата-аналармен ынтымақтасуы дегеніміз – балаға үйде де, мектепте де бірдей талап қою деген сөз, яғни ата-аналарды педагогикалық технологияның дербес әдістері негіздерімен таныстырып, өз баласын сүюді үйрету. Ол үшін балаларды жаман-жақсы деп бөлмей, ата-анаға өкпе-арыз айтпай, окуда, тәрбиеде балаға жәрдем керек болса, бірлесіп, аяғынан нық түрғызуға көмектесу.

Демек, әрбір оқушының жеке басын тәрбиелеудің стратегиясын білу үшін мұғалім әртүрлі әдіс-тәсілдер

арқылы олардың ата-аналарымен тығыз байланыста болуы керек.

Ата-аналар жиналышында «Не ексең, соны орарсың», «... Анаға қарап қызы өсер», «Болашақ бүгіннен басталады», «Бала тәрбиесі баршаға ортақ», т.б. тақырыптарда баяндама оқыдым. «Білім – мектептен», «Имандылық – ұлтымыздың болашағы» тақырыптарында пікірталас, сұхбат-кездесулер ұйымдастырып, ата-ана, ұстаз, шәкірт арасында әңгімелер өткіздім. Бала – ата-анасының адамгершілік өмірінің айнасы. «Оз үйіне бақыт әкел. Ана жүргегін сезе біл. Оның жанарындағы шапағат пен бақытты, абыржу мен ренішті көре біл. Егер сен бала күніңнен оның жан дүниесін көре білуге үйренбесең, адамгершілік жағынан өмір бойы тәрбиесіз болып қаласың» деп, шәкіртімді ата-анасын құрметтеуге, қадірлеуге үйретемін.

Ата-анамен байланыс жасаудың негізгі құралы – оқушы құнделігі. Мектеп пен ата-ананы жақындастыруды нығайтуға, оқушыларға еңбек тәрбиесін дұрыс беруде құнделік жүргізуін ұлken мәні бар. Оны дұрыс толтырып отыру балаларды ұқыптылыққа, іске жауапты қарауға және тәртіпті болуға дағылданырады. Құнделікті қадағалап отыру оқушылардың себепсіз сабактан қалуына және үй тапсырмасына дайындалып келуіне жауапкершілігін арттырады.

Жоғарыда нұсқалған әдіс-тәсілдердің бірі – **сауалнама** жауаптарынан ата-ана мен балалардың карым-қатынасын анғаруға болады.

Сонымен қатар, әрбір оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, оның оқуға ынтасын арттыруда ынтымақтастық педагогикасының берері мол.

Тәрбиеленушілердің тәрбиелік денгейін, әрқайсысының ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін анықтау мақсатында алуан түрлі зерттеулер, тест, рейтинг,

мониторинг, сауалнамалар жүргізу де пайдалы.

Тәрбие – өмірдің өзі сиякты күрделі де көп қырлы. Еңбекке тәрбиелеу, патриоттық, эстетикалық, адамгершілік, құқықтық, экологиялық, экономикалық, дене тәрбиесі т.б.

Тәрбие жұмысының барлық бағыттағы тақырыптарын таңдауда оқушының жас ерекшеліктері мен сыныптың деңгейлік мүмкіндіктері ескерілді.

**Халықтық педагогиканың** элементтерін оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану реті төмендегідей.

1. Тәрбие жұмысы жоспарына халықтық педагогиканы енгізу.

2. Ата-аналарға халықтық педагогика туралы дәрістер оқып, нақты кеңестер беру.

3. Эр пәнді оқытуда халықтық педагогика элементтерін қолдану.

4. Тәрбие жұмысына халық тәрбиешілерін қатыстыру.

Осы міндеттерді жүзеге асыруда төмендегі құралдарға сүйенуге болады.

Халық педагогикасының негізгі құралдары:

1. Ауыз әдебиеті үлгілері.
2. Ұлттық ойындар.
3. Салт-дәстүрлер.
4. Ырымдар мен тыйым сөздер.
5. Халықтық өнер.


Адам қанша білімді бола тұра тәрбиесіз болса, ол елінің өркендеуіне, ғылымға пайда әкелмейді.

Білім сапасын арттыру жолдарын іздеу – сынып жетекшісінің негізгі міндеті.

Тәрбие жұмысының барлық жүйесі оқу үлгерімін арттыруға әсер етеді. Сынып жетекшісі пән мұғалімдерімен, сынып ұжымымен бірлесе отырып, оқу міндеттеріне саналы қарауды тәрбиелейді. Оқушыларының қалай оқытынына құнделікті бақылау жасайды, сабактарға

қатысады, өз сыныбының пән мұғалімдерімен біріге отырып, оқу сапасын арттырудың жолдарын белгілейді.

Осы мақсатта «Мен» тұжырымдамасын қалыптастыру үлгісі төмендегідей.



1. «Мен істеймін» деу арқылы өзінің көнілі ауған адамдарға ұқсауға тырысып еліктеу, яғни, өз ортасында жақсы қасиеттерімен көрінуге тырысу, осылайша жіберген қателіктері мен жетістіктеріне талдау жасау, атқаратын жұмысының тетігін табу.

2. «Мен үшін керек» деп талаптану арқылы өз іс-әрекеттерін бағалай білу, ізденсе, оқыса өзі қойған мақсаттарға жете алатынына көзін жеткізу, өзіндік түйсігін ояту.

3. «Мен істей аламын» деу арқылы өз іс-әрекетіне сенімділікпен қарау, коғам талабына бағыну керектігін сезіну, өзін және өзгені сыйлау қажеттігін ұғыну. Алға қойған мақсатқа жету үшін өзін төзімділікке тәрбиелеу.

Жоғарыдағы үлгіде көрсетілгендей, әр жеке тұлғаның

«Мен» деген көзқарасын тәрбиелей отырып, «Біз» деген көпшілікпен қарым-қатынасын қалыптастыру басты міндеп. «Өзінді білуің адамгершілікке жеткізеді» деген екен неміс психологи Н.Энkelьман. Осыған байланысты оқудың инновациялық түрі – тренинг сабактары үлгісін әр педагог өз іс-тәжірибесінде қолданғаны жөн.

Тренинг сабактар оқушылардың өздерін жан-жақты және теренірек танып білуге, оларға бағыт-бағдар беріп, әсер етуге, оқушы көзқарасын өзгертуге септігін тигізеді. Тренинг сабактарда оқушы өзін еркін ұстап, өзгеге сенімін, жылудың күшайте түседі. Өзі өзгеге көмектессе, кейде өзіне көптің көмегі керек болады. оқушылардың тұлғалық дамуына бағытталған осындағы жаңа білім технологиясы кім-кімді де ойлантары әрі қызықтырары сөзсіз.

## ОҚУШЫНЫҢ ЖЕКЕ БАСЫН ТАНЫП БІЛУГЕ АРНАЛҒАН ҮЛГІ

**Жалпы нұсқау.** Педагогикалық практика кезінде оқушының жеке басын танып білу көптеген нақтылы материалдың болуын қажет етеді. Сондықтан осы үлгі негізінде қалауызызben оқушының жеке басын танып білуге арналған талдаудың бір бағытын лайықтап тандаап алышыз.

Психологиялық-педагогикалық мінездемеде жеке басты танып білу төменде көрсетілген сұрақтарды терен талдаған жағдайда ғана мүмкін болады.

1. Оқушының оку, енбек және қоғамдық әрекеті.
2. Оқушының жеке басының бағыты және арнайы қабілеті.
3. Темперамент және мінез ерекшеліктері.

Оқушының жеке басын танып білуге қандай бағыт таңдалса да, алдымен оқушы туралы жалпы мағлұмат пен

оның мектепке қатынасын және оқушылар ұжымымен өзара қарым-қатынасын анықтау қажет.

### **Жалпы мағлұмат.**

I. Оқушының аты-жөні, тұған жылы, деңсаулығы, отбасындағы тұрмыс-тіршілігі, үлкендермен қарым-қатынасы, отбасы тәрбиесіндегі негізгі бағыттың дұрыстығы.

II. Мектепке қатынасы және оқушылар ұжымымен өзара қарым-қатынасы:

1. Сыныпқа жалпы мінездеме /оқушылардың жетілуі, тәрбиелілігі, дәстүрлер мен сынып ұжымына талап деңгейі т.б./.

2. Ұжымдағы жағдайы /беделі, жауапкершілігі, іскерлігі және олардың көрінісі/.

3. Сыныпқа қатынасы /оны жақсы, немікүрайды немесе жек көреді, ұжым пікірін бағалауы, кіммен дос және неге негізделген, балалармен жиі ренжісе ме, болса оның себебі неде?/

4. Ұжымдағы өзінің жағдайына қанағаттана ма, немесе қандай жағдайда болғысы келеді?

5. Мектепте болған кезін бағалай ма, ондай жағдайда негізінен нені бағалайды?

6. Тәрбиешілер мен мұғалімдерге қатынасы /оларды жақсы көрем ме, сыйлай ма, олармен қарым-қатынас жасай ма? т.б./

### **Оқу әрекеті.**

1. Үлгерімі, пәндерге ықыласы мен қызығушылығы, білім деңгейі.
2. Ой өрісі, көп оқығандығы.
3. Тіл байлығы /көркем сөйлеуі, сөз қоры, өз ойын бейнелі әрі көркем жеткізе білуі/.
4. Оқуға қатынасы мен білімге қызығушылығы /ынтасы,

қай пәнге ықыласы жоғары, бағаға көзқарасы, оқу әрекетінің негізгі уәжі т.б./.

### 5. Оқу қабілеті:

- зейін ерекшелігі /зейіннің ырықты даму дәрежесі, оның шоғырлануы, тұрақтылығы, бөлінуі/;
- оқу материалын ұғынып, байыттап, саналылықпен қабылдауы. Ұғыну қарқыны;
- есте сақтаудың дәрежесі мен сипаты /түсінбей, ықтиярсыз немесе ұғынып, саналы жаттап алу, ықтиярлы есте сақтаудың т.б. жеке дара ерекшеліктері/;
- ойдың дамуы /құбылыс пен заттың негізгі және қосалқы көрінісін айыра білуі. Жалпы және дерексіз /абстракция/ ұғымын менгеруі, өз бетінше талдауы, салыстыра корытынды жасауы, шешімнің жолдарын тез арада таба алуы/;
- қиялдың дамуы /әртүрлі оқу әрекетіндегі қиялдың шығармашылық және қайта жасау бейнелерінің көрінісі/.

### 6. Оқу әрекетіндегі ынта-жігері.

7. Оқи білуі /күн тәртібін сақтауы, жинақылығы, кітаппен өз бетінше жұмыс жасауы, оқу материалын жаттап алуы, өзін-өзі бақылауы, жоспра, конспект құра білуі т.б./.

### **Еңбек әрекеті /оқу еңбегі, мектепте және үйде/**

1. Еңбекке қатысы – ыждағатты, ыждағатсыз көніл білуі, өз пайдасы үшін ынтыға ма? Еңбек етуге құштарлығы және оны нақты не нәрсе қызықтырады: еңбек процесі, жасаған істің саласы, белгілі бір дағдыны менгеруі т.б./.

2. Еңбек дағдысы мен шеберлігін менгеруі.
3. Еңбек процесіндегі жауапкершілігі мен тәртібі.
4. Ұзақ еңбек дағдысына машықтануы.
5. Еңбек әрекетінің түрін қалауы.

## **Жеке бастың бағыты және арнайы қабілеті**

1. Қызығушылығы /не нәрсеге қызығады, бәрін көрсету: қызығушылығының сипаты, окуды ұната ма, ұната нені оқитындығын толық баяндау: көркем шығарма, ғылыми-көпшілік немесе көңіл көтеруге арналған мақсатта оқылатын әдебиеттер/.
2. Сенімі, арманы. Мінезінде асқақтық байқала ма?
3. Қайсыбір әрекетінде қабіletі ерекше /ән-күйге, сурет салуға, әртістік т.б./.
4. Нені армандайды және келешекте не істеуге ниет етіп жүр /6-шы сыныптан бергі арманын сиаттау/.

## **Тәртібі**

1. Мінез-құлқына сипаттама /өзін байсалды, ұстамды ұстай ала ма, немесе артық қимыл көрсете ме/.
2. Мектеп ережесін орындауы /тәртіпті сактайды, әдейіліеп немесе байқамай бұзады, бөлінген уақытқа сыйғыза алмайды т.б./.
3. Улкендердің талабын орындауы шын ниетпен немесе зорлықпен: оларды орындауда жиі қарсылық көрсете ме, атап айтқанда олар қандай/. Тәртіп бұзу түрін көрсету.

## **Темпераменті мен мінезіндегі ерекшеліктері**

1. Мінезіндегі оң және теріс келбеті:
  - адамдарға, окуға, еңбекке, тіпті өзіне бағытталған мінезіндегі ерекшеліктері;
  - қайырымдылығы, кішіпейілділігі, ұйымшылдығы, өзімшілдігі, жауапкершілігі, қарапайымдылығы, тәкаппарлығы, ұстамдылығы, дөрекілігі, қызбалығы, қызғаншақтығы, күйгелектігі, сыйбырлығы, меммендігі;
  - мінезіндегі жігер-келбеті /қайсарлығы, дербестігі, қиқарлығы, тез иланғыштығы/;
2. Темперамент ерекшелігінің көрінісі /әсерлену,

қызығушылық өрісі, еңбеккорлығы, алғырлығы, ептілігі, ширактығы, көпшілдігі/.

3. Көңіл-күй көтерінкілігі /ақжарқын, көңілді, жабырқанқы, солғын т.б./. Оның тұрақтылығы. Көңіл-күйінің өзгеруіне қандай жағдай әсер етеді.

## **Жалпы психологиялық-педагогикалық қорытынды**

1. Оқушының жеке басының қалыптасуындағы негізгі жетістік пен кемшіліктер. Оның ақыл-ой деңгейінің дамуын /төмен, орташа, жоғары/ және адамгершілік тәрбиесінің сапасын анықтау. Кемшіліктері болса оның себебін /ішкі немесе сырткы/ көрсету. /Отбасының жағдайы, деңсаулұлығы, белгілі бір қабілетінің жоқтығы, жұмыс дағдысының нашарлығы т.б./.

2. Мұғалімнің /тәрбиешінің/ алдында тұрған негізгі психологиялық-педагогикалық міндеттерді және келешекте оқушылармен атқарылатын тәрбие жұмыстарының бағыттарын анықтау.

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИАГНОСТИКАСЫ**

Диагностикалық әдістемелер оқушының жеке тұлға ретінде дамуының әралуан жактарын зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл әдістемелерді сынып жетекшілері пайдалана алады.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, әлеуметтік-гуманитарлық «Дарын» институтының профессоры С.Ш.Әбенбаев диагностикалық қызметті оқушылардың жалпы әрекетін басқарудың бір түрі ретінде қарастырады. «Диагностикалық қызметі, - дейді ол, - сыныпта оқутәрбие процесін нәтижелі ұйымдастыру үшін, оның жетекшісі оқушылар тәрбиесінің деңгейі мен өзгеру бырысын анықтал отыруды, соған сәйкес оқушылардың

тұлғалық және жеке дара ерекшеліктерін зерттеу және оған талдау жүргізуді; сыныптағы келенсіз жағдайдың себебін іздестіріп, аныктап, оны болдырмаудың тәсілдері мен жолдарын қарастыруды көздейді:

Сынып жетекшісі осындай жұмыстарды атқару барысында, біріншіден, өзінің педагогикалық әрекетінің нәтижесін көре алады. Екіншіден, диагностика, яғни зерттеу жұмысының нәтижесін пайдалануда, оны баланың жеке тұлғасын қалыптастыру және дамыту құралына айналдыру мүмкіндігі туындаиды. Бұл процесс оқушылардың жас ерекшелігі және сынып ұжымының қалыптасу дәрежесіне байланысты жүзеге асады».

### **Оқушыларға арналған анкета**

Оқушының оқу қызметінде табысты болуының негізі оның бойында оқудың оң мотивациясының болуы және педагогтың сабакты ұйымдастырудың барлық мүмкін болатын құралдарымен оқушылардың мотивациясын қолдай білуі болып табылады.

Кіші мектеп шәкірттерінің оқу қызметіне қатынасы туралы деректерді алу үшін анкетаны пайдалануға болады, оған қызмет түрлерінің тізбесі енгізілген, олардың бір бөлігі оқу қызметімен байланысты.

#### *Анкета мәтіні*

Балалар! Тәменде сендер айналысады жақсы көретін қаракеттер тізбеленген. Сендерге бәрінен көбірек ұнайтын қаракеттердің астын сзындар:

- теледидар көру;
- спортпен айналысу;
- үй тапсырмаларын жасау;
- кітап оку;
- мектепке бару;
- көшеде достармен ойнау;

- қызғылықты есептерді шығару;
- үйірмеде айналысу;
- кино мен театрға бару;
- сабакта қызғылықты тапсырмаларды орындау;
- суре салу;
- табиғатқа экскурсияларға қатысу;
- стол үстіндегі ойындарды ойнау.

### **Тақырыптық шығарма**

Анкеталау деректері жеткіліксіз болатындықтан, төменгі сынып оқушыларына келесі тақырыптар бойынша шығармалар жазуды ұсынуға болады:

- «Маған бәрінен көп ұнайтын пән»
- «Менің мектептен кейінгі сүйікті ісім»
- «Мен сабакқа қалай дайындаламын»
- «Сабактардан кейін айналысатын маған қызықты пән»
- «Мені қызықтырмайтын пән»
- «Менің өз сыныптастарымды үйреткім келетін іс»

### **ОҚУШЫЛАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕЛІЛІГІНІҢ ДИАГНОСТИКАСЫ**

Мектептің тәрбие беру жүйесінде және сынып жетекшісінің жұмысында оқушылардың адамгершілік тәрбиелілігін зерделеудің үлкен маңызы бар. Бұғанде педагогикалық әдебиетте оқушының адамгершілік айқындашасын бағалауға әралуан көзқарастарды табуға болады. Сынып жетекшілері оқушылардың адамгершілік тәрбиелілігінің өлшемдерін белгілеуде тәрбие ісі менгерушісінен көмек, кеңес алады.

Адамгершілік өлшемдерін белгілеу алқалы болуға тиіс. Бұл проблемамен сынып жетекшілерінің әдістемелік

бірлестігі айналысуға тиіс. Окушылардың адамгершілік тәрбиелілігін бағалауға окушылардың өздері, ата-аналар, мұғалімдер, сынып жетекшісі, сынып ұжымы қатысуға тиіс.

Окушылардың тәрбиелілік өлшемдері жеке тұлғаның жас ерекшеліктерімен және сапаларымен белгіленеді, олар өз кезегінде осы жас үшін басым қасиеттер болуы мүмкін.

Педагогикалық әдебиетте окушылардың адамгершілік тәрбиелілігін бағалаудың әралуан өлшемдерін табуға болады. Олар диагностикалық зерттеу жүргізуге және соның негізінде окушылардың адамгершілік тәрбиесінің жүйесін құруға көмек бере алады.

Аталмыш бағдарлама сынып жетекшілеріне окушылардың адамгершілік тәрбиелілігін зерделеуге және алынған диагностикалық нәтижелер негізінде мектеп окушыларының адамгершілік тәрбиесінің жүйесін құруға мүмкіндік береді. Окушылардың адамгершілік дамуын зерделеуге мұндай көзқарас нысаншылдыққа (формализмге) және ересектерді окушының адамгершілік айқындаасын тәрбиелеудегі немқұрайдылығына ұшырамауға мүмкіндік береді.

## **5-7 сыныптар окушыларына арналған адамгершілік тәрбиелілігін бағалау параметрлері**

**Білім алу қажеттілігі**

Оқып, білім алу тілегі

**Жұмыс қабілеттілігі**

Оку қызметінде ерік күш-жігерін сезінуі

Өзінің оку ептерін оқудан тыс қызметте көрсету тілегі

**Орнықтылығы**

**Білімдарлығы**

Білімінің кеңдігі мен терендігі

Қосымша әдебиетті пайдалануы  
Пікірлерінің дәлелділігі мен уәжділігі  
Оқу ептерін орындаудағы дербестігі  
Ойлау зеректігі мен дараптығы

### **Еңбекке қөзқарасы**

Еңбектегі адалдығы мен тырысуышылығы  
Басталған істі ақырына дейін жеткізу әдеті  
Орындалған іске жауапкершілігі  
Байқағыштығы мен басқа адамға көмек беруге ықыласы  
Өзіне-өзі қызмет ету әдеті

### **Мен және мектеп**

Мектеп өмірінің дәстүрлері мен салттарына құрметпен  
карауы

Мектеп намысын талап қойған бетте қорғау тілегі  
Мектепте және одан тыскары жерлерде санитарлық-  
гигиеналық нормаларды сақтауы

### **Мен және табиғат**

Қоршаған табиғатты сақтау үшін жауапкершілігі  
Табиғат қорғау сипатындағы іс-шараларға катысуы  
Өз елінің тарихын, мәдениетін, табиғатын зерделеуі  
Экскурсияларға, экологиялық экспедицияларға катысуы  
Өзіне және басқаларға қөзқарасы

Өз мінез-құлқын басқара білуі  
Төзімділігі  
Ішімдікті, темекіні жақтырмауы  
Құрдастарының жағымсыз әдettеріне теріс қарауы  
Адамдар қарым-қатынасындағы теріс көріністермен  
күресу тілегі  
Кеңпейілділігі мен талапшылдығы

Әйел адамдарға құрметпен қарауы және олардың  
жағдайын ескеруі

Үлкендермен және кішілермен, құрдастармен қатынастағы  
сыпайылықтың әдетке айналуы

## **8-9 сыныптар оқушыларына арналған адамгершілік тәрбиелілігін бағалау параметрлері**

### **Білім алу қажеттілігі және ұмтылысы**

Интеллектуалдық қызметке тұрақты қызығушылығы

Өзін оқу қызметінде көрсетуге ұмтылысы

Зерттеушілік ептері

Белсенділігі және дербестігі

Ойлау сыйнышылдығы

Ақыл талпынысы

Қосымша сабактар, факультативтер, арнаулы курстар

Олимпиадалар, конкурстар

### **Білімдарлығы**

Пайымдау және дәлелдеу қабілеті

Ой өрісі мен көз аясының кеңдігі

Ғылыми қызметке бейімділігі

Ғылыми конференцияларға қатысуы, пікір таластыру, өз пікірін қорғау және дәлелдеу қабілеті

### **Еңбекке көзқарасы**

Ұқыптылығы және еңбекке жүмсаған күш-жігерінің тынымсыздығы

Ең қын тапсырмаларды орындауға жігери

Еңбектегі міндеттілігі

Өзіне-өзі қызмет көрсетуі және, егер бұл қажет болса, мұқтаж жандарға қызмет көрсетуге көмектесуі

Басқа адамдардың енбегіне құнтпен қарауы

Ііқыластылығы мен байқағыштығы

### **Мен және әлем**

Азаматтық айқындаמסы

Басқа адамдардың құқықтары мен пікірлерін құрметтеуі

Әралуан ұрпақ өкілдерімен жарасымды сұхбат (диалог) жүргізе білуі

Қарым-қатынастағы тәртіптілігі

Өз мемлекетіне құрметпен қарауы

**Өз елінің азаматын мактандыш және абырой тұтуы**  
**Өз елінің өміріне өз үлесінің маңыздылығын түсінуі**

### **Мен және қогам**

Қогамның нормалары мен ережелерін сактауы

Азаматтық және құқықтық кодекстің нормалары мен ережелерін сактауы

**Өз қылықтары үшін жауапкершілігі және өз кінасін мойындауы**

Адалдығы, тәртіптілігі, бірбеткейлігі

Өз әлсіздіктерімен: корқактығымен, жалқаулығымен, өтірікшілігімен күресі

**Мен – адаммын**

Тәртібін барабар өзін-өзі бағалауы және өзін-өзі бақылауы

Өз қателіктері мен жасалған іске кінасін мойындаі білуі

Сыртқы және ішкі сұлулыққа ұмтылысы

Айналадағылармен және жақын адамдармен қарым-қатынаста сезім сұлулығын көрсетуге ұмтылысы

## **10-11 сыныптар оқушыларына арналған адамгершілік тәрбиелілігін бағалау параметрлері**

### **Интеллектуалдық деңгейі**

Оқу нәтижелерінің оқу және интеллектуалдық мүмкіндіктерге сәйкестігі

Интеллектуалдық кемелдікке ұмтылысы

Нақты кабілеттері мен мүмкіндіктерін ескере ойтырып мамандық тандауға ұмтылысы

Білімдарлығы

Тілі

Оқу қызметіндегі хабарласып-сөйлесу (коммуникативтік) кабілеті

Ойлау мәдениеті

Интеллектуалдық қызметінің дербестігі

**Адамгершілік деңгейі**

Әлемге және онда тұратын адамдарға мейірбандығы мен  
жанашырлығы  
Тұғандарға, жақындарға, достарға мейірбандығы  
Отбасы мен әулет алдындағы парызы  
Қоғам мен мемлекет алдындағы парызы  
Өзінің алдындағы парызы  
Толық мәнді адамдық өмірінің маңыздылығы  
Занға мойынұсынуы  
Дәстүрлерге және отбасы алдындағы парызға  
мойынұсынуы  
Мектепшілік өмір нормаларына мойынұсынуы  
Этика және ар-ождан нормаларына мойынұсынуы  
Кешіре білуі  
Тәні мен рухы әлсіздерге көмек беруге ұмтылысы  
**Тұлғаның даму деңгейі**  
Жасалған ізгі қылыштардан кейін өзіне қанағаттануы...  
Жаман қылыштар жасау тілегімен күресі...  
Бөтеннің ықпалына қарсыласа білуі...  
Өзінің және өзгенің абыройын сактауы...  
Ең ауыр жағдайда тойтарыс бере білуі  
Кемелдікке ұмтылысы.



## ОҚУШЫЛАР САУАЛНАМАСЫ

Окушыларды тәрбиелеу процесін зерделеу және жақсарту үшін қандай диагностикалық зерттеулерді пайдалануға болады? Бірінші кезекте, бұл – сынып пен мектептегі жағдай туралы қажетті аппарат алуға мүмкіндік беретін диагностика. Окушыларға саулнама берудің келесі нұсқаларын пайдалануға болады.

## **Сауалнама № 1. Окушының оқу ұжымындағы көніл-күйін зерделеу**

Аталмыш зерттеу оны окушы шынайы орындаған жағдайда жеткілікті түрде акпаратты. Окушының сыныптағы, достары мен құрдастары арасындағы, отбасындағы, мұғалім алдындағы жай-күйінің жеткілікті түрде объективті көрінісін байқауға болады. Мұндай зерттеуді, егер сынып жетекшісінің жұмыс тәжірибесі жинақталып, сыныптағы проблемалық окушының мәртебесі, сондай-ақ қалыптасқан проблемалық ахуалда сыныптағы іс жағдайы зерделенетін болса, жүргізу кызықты.

1. Өз құқықтарын мен міндеттерінді түсіну үшін кімге жиірек баrasын:

- A. ата-анама;
- Ә. мұғалімдерге;
- Б. достарға;
- В. сынып жетекшісіне;
- Г. таныс ересек адамға;
- Ғ. ешкімге бармаймын.

2. Өзіңе қажетті кеңес алу үшін кімге жиірек баrasын?

- A. ата-анама;
- Ә. мұғалімдерге;
- Б. сынып жетекшісіне;
- В. достарға;
- Г. менің...
- Ғ. ешкімге бармаймын.

3. Егер саған қын болса, кімнің көмегіне сенесін?

- A. ата-анамның;
- Ә. мұғалімдердің;
- Б. достардың;
- В. сынып жетекшісінің;

- Г. әлдекімнің...;  
Ғ. өзіме.  
4. Көкейкесті мәселе туралы ең әуелі кімге айтасың  
А. ата-анама;  
Ә. мұғалімдерге;  
Б. сынып жетекшісіне;  
В. құрдастарыма;  
Г. әлдекімге...  
Ғ. ешкімге.  
5. Өзінің бос уақытынды кіммен өткізгің келеді?  
А. өзіммен өзім;  
Ә. ата-анаммен мұғалімдерге;  
Б. сыныптағы достарыммен;  
В. мектептен тыс достарыммен;  
Г. әлдекіммен...  
6. Саған кім бәрінен жақсы қарайды?  
А. атам мен әжем;  
Ә. әкем мен шешем;  
Б. мұғалімдерім;  
В. сыныптағы достарым;  
Г. сыныптан тыс достарым;  
Ғ. әлдекім...  
7. Сені кім бәрінен жиірек ренжітеді және сенің  
мінез-құлқынды дұрыс бағаламайды?  
А. ата-анам;  
Ә. мұғалімдер;  
Б. құрдастар;  
В. сынып жетекшісі;  
Г. мектептен тыс достар мен таныстар;  
Ғ. ешкім де.  
8. Окудағы табыстарың, жақсы істерің мен  
қылықтарың үшін саған кім бәрінен жиірек алғыс айтады?  
А. ата-анам;  
Ә. мұғалімдерім;

- Б. құрдастарым;
- В. сынып жетекшім;
- Г. сыныптастарым;
- Ғ. ешкім де.

## **Саялнама № 2. Қазіргі заманғы оқушының әлеуметтік келбеті**

Мұндай зерттеу оқушылардың – жоғары сыныптықтардың өзіне, өзінің отбасына, құрдастары мен педагогтарға көзқарасын зерделеуге мүмкіндік береді. Ол қайсыбір дәрежеде мектеп ұжымын зерделеуге және мектеп ұжымының әлеуметтік паспорттың жасауға көмек бере алады. Әлеуметтік паспорттың болуы мектептің тәрбие беру жүйесі қызметінің бағытын түзеуге және оқушылардың жауаптарындағы олардың әлеуметтік ортадағы, мектептегі, үйдегі тәртібін анықтайтын теріс сәттерді түзеудің мүмкін жолдарын белгілеуге мүмкіндік береді.

1. Оқушының Т.А.Ә.
2. Оқушының жақын айналасы:
  - а) шешесі мен әкесі;
  - ә) шешесі;
  - б) әкесі;
  - в) шешесі мен өгей әкесі;
  - г) әкесі мен өгей шешесі;
  - ғ) қамқоршылары, асырап алған отбасы;
  - д) басқа туыстары.
3. Оқушының материалдық қамтамасыз етілу деңгейі:
  - а) құрдастарымдікіне қарағанда, жақсы;
  - ә) құрдастарымдікіндей;
  - б) құрдастарымдікіне қарағанда, нашар;
  - в) құрдастарымдікіне қарағанда, елеулі түрде нашар.

4. Оқушы ата-анасының білімі:

- а) орта;
- ә) орта арнаулы;
- б) жоғары;
- в) ғылыми атак.

5. Оқушының пікірінше, өмірде табысқа қол жеткіз үшін оған мыналар қажет:

- а) жақсы білім;
- ә) мықты денсаулық;
- б) өз күшіне сенуі;
- в) күшті жігер және жұмыс қабілеті;
- г) мамандыкты дұрыс таңдауы;
- ғ) ата-анасының мүмкіндігі.

6. Оқушының көзқарасына, онын оқуына, мінез күлкіна мыналар әсер етеді:

- а) ата-анасы;
- ә) достары;
- б) кітаптар;
- в) мұғалімдер;
- г) аса көрнекті және беделді адамдар;
- ғ) өткен замандардағы және осы заманғы қаһармандар.

7. Мектеп оқушыға мыналарды түсінуге көмектеседі:

- а) өзінің оң сапаларын – иә, жок;
- ә) өзінің кемшіліктерін – иә, жок;
- б) өзінің ептерін – иә, жок.

8. Мектеп оқушыны мыналарға дайындауды:

- а) казіргі заманғы дүниеде өмір сүрге – иә, жок;
- ә) қыншылықтармен күресуге – иә, жок;
- б) табысқа қол жеткізуге – иә, жок;
- в) ел және әлем азаматы болуға – иә, жок.

9. Мектеп оқушыны отбасылық өмірге дайындауды:  
иә, жок.

10. Менің оқу жетістіктерімнің сапасы:

- а) жоғары;
- ә) орташа;
- б) төмен.

11. Менің ұжымдағы жағдайым:

- а) жақсы;
- ә) орташа;
- б) нашар.

12. Менің мінез-құлқымды былайша бағалауға болады:

- а) жақсы;
- ә) нашар;
- б) әрқиыл.

13. Мектепте пәндерді оқыту сапасын былайша бағалауға болады:

- а) жоғары;
- ә) орташа;
- б) ортадан төмен;
- в) төмен.

14. Мұғалімдер мәдениетін былайша бағалауға болады:

- а) жоғары;
- ә) орташа;
- б) төмен;
- в) ортадан төмен.

15. Сіздің мынандай қызмет түрлеріне қатысқының келер ме еді:

- а) рэкет,
- ә) бопса;
- б) алааяқтық,
- в) ұрлық;
- г) жезөкшелік.

?

## **Саулнама № 3. Жедел диагностика**

Сынып жетекшісі мен тәрбиешісінің жұмысын, жедел ақпараттың үлкен маңызы бар. Мұндай ақпарат әралуан жағдаяттарда алуға болады. Алайда жедел ақпараттың сыйыптан тыс іс-шаралар барысында ғана емес, сонымен бірге әрбір оку тоқсаны аяғында жиналуға тиіс. Әр тоқсаның мұндай ақпараттың болуы ұжымдағы өзгерістің динамикасын көруге мүмкіндік береді.

1. Мен мектепке келемін, өйткені маған:

- оку қызықты;
- әрбір адамның білімі болуға тиіс;
- ата-анам мәжбүрлейді,
- сыйыптастықтармен араласу қызықты;
- біздің сынып ынтымақты және мен онда өзім, қолайлы сезінемін;
- сабактан тыс іс-шаралар тартады;
- жауап беруге қынсынамын.

2. Мектепте сен қандай сезімдерді жиірек баста кешесін?

- жақсы бағалардан қанағаттанушылық;
- сыйыптастармен және мұғалімдермен араласудан;
- ештең сезінбеймін;
- окудағы қыншылықтардан жағымсыз сезімдердің бастан кешемін.

3. Егер мектепке бару керек пе немесе бармау кере пе деген шешімді өзің қабылдауға болатын болса, сен қандай шешім кабылдар едін?

- әдеттегідей мектепке баруды жалғастырап едім;
- қызықты сабактарға (қандай?) ғана барап едім;
- сабактан тыс іс-шараларға ғана барап едім;
- мектепке анда-санда ғана барап едім;
- мектепке баруды қояр едім;
- жауап беруге қынсынамын.

4. Өзінің жасы үлкен аға жолдастарың деп есептейтін мұғалімдер бар ма, атап айканда олар кімдер?

5. Сенің қандай үйірмелер мен секцияларда айналысқың келер еді?

6. Қандай тілектерің бар?



## **ЖОГАРЫ СЫНЫПТЫҚТАРДЫҢ ОҚУ ҚЫЗМЕТИНЕ КӨЗҚАРАСЫН ЗЕРДЕЛЕУ**

Педагогтардың оку жұмысын ұйымдастыру санасына жауапершілігін арттыру үшін мектеп директорының орынбасары мен әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері жоғары сыныптықтардың оқу қызметіне көзқарасын зерделеуді кезең-кезеңмен жүргізуі қажет. Әлбетте, бұл мектептің барлық сыныптарында жүргізіліуге тиіс, алайда жоғары сыныптарда жүргізу өте-мәте қажет. Өйткені жоғары сыныптықтардың оқитын пәнге көзқарасы көп ретте педагогтың өз ісін қаншалықты кәсіби тұрғыда жасайтынына байланысты болады.

Аталмыш сауалнама жүргізудің материалдары әдістемелік апта шеңберінде ӘБ (әдістемелік бірлестіктер) жұмысының қорытындыларын шығаруда жақсы қолғабыс етеді, мұғалімдердің өз пәні бойынша жұмысының нәтижелілігін талдау үшін себеп болады, әрбір мұғалімнің кәсіби қызметін түзеу үшін жағдайлар жасайды.

*Сауалнамага нұсқаулық:*

Таблицада окушылардың оқу пәндерін зерделеуге көзқарасын көрсететін жауаптар келтірілген.

Сауалнама толтырған кезде окушы әр пән бойынша оның аталмыш пәнге көзқарасын барынша дәл білдіретін жолға «+» белгісін қоюы керек.

Танымылък Кызыгушылық деңгейі	Баллдар	Зерделейтін пәнте көзқарасы	Пәндер					
			Қазақ тілі	Әдебиет	Математика	Шет тілі	Химия	Физика
I	1	Жекелеген фактілерге кызыгушылық білдіремін						
II	2	Пән бойынша бағдарламалық талааптарды адал орындауға тырысамын						
III	3	Оқу тапсырмаларын орындаудан интеллектуалдық канағаттанышылық аламын						
IV	4	Пән бойынша жинақтаулар мен зандарға кызыгушылық білдіремін						
V	5	Маган білім ғана емес, сонымен бірге оны алу тәсілдері де кызыкты						
VI	6	Өздігінен білімін жетілдіру кызметтіне кызыгушылық танытамын						

### *Нәтижелерді талдау*

1. Сауалнама жүргізу нәтижелері сыйыптың жинақтық ведомосына енгізіледі, онда 1-ден 6-ға дейінгі тиісті баллдар санымен I-ден IV-ке дейінгі аралықта оқушылардың пәндерге көзқарасының деңгейлері тіркеледі.

Ред №	Тері, аты	Пәндер				
		казак тілі	биология (табиғаттану)	математика	физика	Жыныс
1.	Асанов Б.	3	2	4		23
2.	Үсенов Е.	1	4	2		19

2. Әрбір оқушы үшін оның мектептегі оқуға танымдық қызығушылығының жалпы деңгейін сипаттайтын баллдар сомасы анықталады. Осы сандық көрсеткіш шәкірттің келесі жыл сайынғы зерттеулердегі танымдық қызығушылығының даму динамикасын анықтау және салыстыру үшін пайдаланыла алады.

3. Әрбір пән бойынша танымдық қызығушылық деңгейін сипаттайтын орташа балл есептеледі, ол келесі жыл сайынғы зерттеулердегі оқушының пәнге деген танымдық қызығушылығының даму динамикасын анықтау және салыстыру үшін пайдаланыла алады.

Атальмыш зерттеудің материалдары оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту проблемасы және педагогтың оқушылардың оку қызметі мәдениетін қалыптастырудагы рөлі бойынша педагогикалық кеңесті дайындау үшін пайдаланыла алады.

Әдістемелік бірлестіктер жетекшілері мен сынып жетекшілері мұғалімнің кәсіби қызметінің немесе оқушылардың оку қызметінің түпкі нәтижесін көрсететін фактілерді көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге мұғалім мен оқушылар қызметінің нәтижелілігін талдаудың терен процестеріне қатысты байыпты зерттеу жұмысымен де айналысуға тиіс.

Осы мақсатпен олар оқушылардың оку жүктемесін, жоғары оку мотивациясы бар оқушылардың тәменгі оку жетістіктерінің себептерін зерделейді және талдайды.



## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУҒА КӨЗҚАРАСЫ ТУРАЛЫ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ПІКІРІН ЗЕРДЕЛЕУ

Егер зерттеулерге мұғалім қатынаспаса, олар он нәтиже бермейді. Сынып жетекшілері қайсыбір сынып оқушыларының танымдық қызығушылықтарының деңгейін зерделеу мақсатында педагогтарға оқушылардың сабакқа қатысуына талдау жүргізуді ұсина алады. Барлық алынған материалдарды психологияр, пән мұғалімдері, әдіскерлер, мектеп әкімшілігі қатысатын әдістемелік жедел кеңестерді, әдістемелік бірлестіктер мен кафедралардың отырыстарын өткізу үшін пайдалануға болады.

Талдау үшін сұраптар	Мұғалім жұмыс істейтін сыныптар				
	5 «A» окушының Т.А.	5 «Ә» окушының Т.А.	5 «Б» окушының Т.А.	5 «В» окушының Т.А.	
	1	2	3	4	5
Сіздің пән бойынша жазбаша тапсырманы жүйелі түрде орындайтын оқушыларды атаңыз					
Пән бойынша ауызша тапсырманы жүйелі түрде орындайтын оқушыларды атаңыз					
Пән бойынша шығармашылық тапсырмаларды ықыласпен орындайтын оқушыларды атаңыз					
Пән бойынша сыныптан тыс карекетке белсенді катысатын оқушыларды атаңыз					

Сабактарға дайындық көзінде косымша материалдарды мұғалім ұсынбай-ак пайдаланатын окушыларды атаңыз					
Көңіл көтеруі мен демалысын құрбан стіп, сіздің пән бойынша интеллектуалдық қарекетпен аналыса алғатын окушыларды атаңыз					
Озінің оку жетістіктерін тынымсыз, сабактан сабакқа жақсартуға үмтүлатын окушыларды атаңыз					
Сіз сабактардан кейін жүйелі түрде көмек көрсеткен жағдайда пәннің бойынша жоғары оку жетістіктеріне жете алғатын окушыларды атаңыз					

### АТА-АНАЛАРҒА ЖАДУАЛ

**Қымбатты ата-аналар!**

Сіздің балаңыз – Сіздің болашагыңыз, ізбасарыңыз, жалғасыңыз. Сіз, әрине, жалғасыңыздың лайықты болғанын, оның Сіздің барлық жетістіктеріңізді сақтап кана қоймай, үстемелей түскенін қалайсыз.

Біз де – мектеп ұжымы, мұғалімдер Сіздің балаңыздың толық мәнді Адам, мәдениетті, дербес,

адамгершілігі жоғары, шығармашылық жағынан белсенді және әлеуметтік жағынан толысқан тұлға болуына шынайы мүдделіміз. Біз Сізді балаңыздың тәрбиелілігі жолында ынтымақтас болуға шақырамыз.

Ынтымақтастығымыздың жемісті болуы үшін біз Сізге балаңызды тәрбиелеуде келесі негізгі ережелерді ұстануды ұсынамыз:

1. Балаңызды жақсы көргенде шектен шықпауға тырысының тұтқасы емес, мүшесі болуға тиіс. Ата-аналар өздерін баласының құрбандығы еткенде, ол өзін тым артық бағалайтын өзімшіл болып өседі. Көп ретте өзін ақыл-ессіз жақсы көргенің үшін зұлымдықпен жауап береді – ата-анасына, отбасына, адамдарға мансінбей қарайды.

Екінші жағынан, балаға немікүрайды, тіпті елемей қараудың да зияны бұдан бірде бір кем емес.

2. Отбасының басты заны: барлығы отбасының әрбір мүшесіне қамқорлық жасайды, ал отбасының әрбір мүшесі өз мүмкіндіктеріне қарай бүкіл отбасына қамқорлық жасайды. Сіздің балаңыз бұл занды мықтап ұғуға тиіс. Тым ерте жастан оны белгілі бір, есейген сайын құрделене түсетін үй шаруасын, өзі үшін және бүкіл отбасы үшін қажетті жұмысты орындауға үйретініз.

3. Тәрбиелеудің басты құралы – ата-аналардың өнегесі, олардың тәртібі. Сөз – қосымша құрал.

4. Балаңың дамуы – оның дербестігінің дамуы. Сондықтан оған өбектей берменіз. Оған ептері мен дағдыларын үштауға көмектесіңіз, алайда ол өзі істей алатын және өзі орындауға тиіс нәрсені қолыңызға алмаңыз. Егер қайсыбір іс оның қолынан келмей жатса, корқатын ештеңе жоқ – оған қателіктер мен сәтсіздіктер тәжірибесі пайдалы. Оған оның қателерін түсіндірініз, оларды сонымен бірге талқыланыз, бірақ сол үшін жазаламаңыз. Өз қабілеттері мен мүдделерін анықтау үшін оған өзін әралуан істерде

байқап көргөү мүмкіндік берініз.

5. Бала тәртібінің негізі – оның әдептері. Оның бойында ізгі, жақсы әдептер қалыптасуын және жаман әдептердің туындауын қадағалаңыз. Маңызды пайдалы әдептердің бірі күн түзімі (тәртібі) болып табылады. Баламен бірге ақылға қонымды күн түзімін жасаңыз және оның сакталуын қатаң қадағалаңыз.

Баланы ізгілік пен зұлымдықты айыруға, темекі тартудың, ішімдіктің, есірткінің, бетімен кетудің, дүниеконызыдықтың, өтірік айтудың зиянын сезінуге үйретіңіз. Оны өз үйін, отбасын, мектепті, ізгі адамдарды, тұған өлкені сүюге оқытып-үйретіңіз.

6. Баланы тәрбиелеу үшін ата-аналардың талаптарындағы қарама-қайшылықтар өте зиянды. Оларды өз араларыныңда келісіп алышыздар. Сіздердің талаптарының бен мектеп, мұғалімдер талаптарының арасындағы қарама-қайшылықтардың зияны одан бірде бір кем емес. Егер Сіз біздің талаптарымызben келіспесеніз немесе олар Сізге түсініксіз болса, бізге келіңіз, туындаған проблемаларды бірге талқылаймыз.

7. Отбасында байыпты, ізгілікті, ешкім біреуге айқайламайтын, тіпті кателіктер мен теріс қылықтардың өзі ұрыс-керіссіз талқыланатын ахуал жасау өте маңызды. Баланың психикалық дамуы, оның жеке тұлғасының қалыптасуы көп жағдайда отбасылық тәрбиенің тәсіліне байланысты. Қалыпты тәсіл – демократиялық, бұл жағдайда балаларға белгілі бір дербестік беріледі, оларға жылы жүзбен қарайды және олардың жеке басын сыйлайды. Әрине, кайсыбір бакылау қажет. Алайда баланың бойында өзін өзі бакылауды, өзін өзі талдауды және өз іс-әрекеті мен тәртібін өзінің реттеуін дамытуға жан-жакты қолғабыс көрсету маңыздырақ.

Баланы өз күдік-күмәндарыныңбен қорламаңыздар, оған сенініздер. Білімге негізделген Сіздің сеніміңіз оның

бойында жеке жауапкершілікті тәрбиелейді. Егер ол өз қателіктерін өзі мойындаса, шындық үшін баланы жазаламаңыздар.

**8.** Баланы отбасындағы жасы кішілер және үлкендер туралы қамқорлық жасауға үйретініздер. Ұл бала қызы балаға жол берсін, болашак әкелер мен аналарды, бақытты жұбайларды тәрбиелеу осыдан басталады.

**9.** Баланың денсаулығын қадағалаңыз. Оны өз денсаулығы туралы, деңе жағынан дамуы туралы өз бетімен қамқорлық жасауға үйретініздер. Естерінізде болсын, мектепте оқыған жылдар ішінде бала жас шамасына қарай бірнеше дағдарысты басынан кешіреді: 6-7 жасында балдырған бойында ішкі айқындаға, өз сезімдері мен толғаныстарын сезіну, жыныстық жетілу дағдарысы туындаиды; өмірдегі өз орнын іздеғен бозбалалық дағдарыс. Балаға осы кезеңдерде абай болыңыздар, оның бір жас кезеңінен келесісіне өткен сайын оған деген өз қарым-қатынасыныңда тәсілін өзгертіп отырыңыз.

**10.** Отбасы – үй, шаңырақ, содан да ол кез келген үй сияқты жылдар өте ескіруі және жөндеуді қажет етуі мүмкін. Сіздің шаңырағыңыз жаңғыртуды қажет ететін-етпейтінін мезгіл-мезгіл тексеріп отыруды ұмытпаңыз.

Сізге балаңызды отбасылық тәрбиелеудің қыын да болса, ізгілікті ісінде табыстар тілейміз. Ләйім, ол Сізге қуаныш пен бақыт әкеле берсін!

#### **Негізгі әдебиеттер:**

1. Әлмұхамбетов Б.А., Бенцион Я.С. *Педагогикалық кадрлармен жұмыс: Келелі мәселелер, тәсілдер, шешімін іздеу*. // Алматы, 1999.
2. Эбенбаев С.Ш. *Сынып жетекшісі*.// Алматы – Даын. 2004.
3. Дереклеева Н.И. *Справочник завуча: учебно-методическая работа, воспитательная работа*.// Москва. «ВАКО». 2006.
4. Журавлев В.И. *Основы педагогической конфликтологии*. // Москва, 1995.
5. Кукушин В.С. *Теория и методика воспитательной работы: Учебное*

- пособие. // Ростов н/Д: Издательский центр «МарТ». 2002.
6. Қожахметова К.Ж. Сынып жетекшісі. // Алматы, 2000.
  7. Макаренко А.С. Ұстаздық дастан. // Алматы, 1985.
  8. Настольная книга классного руководителя. // Москва. Центр «Педагогический поиск». 2003.
  9. Педагогикалық және жас ерекшелігі психологиясы. //Алматы, «Мектеп». 1987.
  10. Психологические основы педагогики сотрудничества. // Киев, 1991.
  11. Степанов Е.Н. Педагог о воспитательной системе школы и класса. // Творческий центр «Сфера». Москва, 2004.
  12. Тәрбие үрдісі мен оқушылардың тәрбиелік деңгейін бағалудың олишемдері. // Алматы, 2006.

## ШЫГАРМАШЫЛ ТҮЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына 2007 жылғы 28 ақпандығы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында: «Білім беру реформасы табысының басты олшемі – тиісті **білім мен білік** алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындағы деңгейге көтерілу болып табылады. Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы **білім беру қызметіне** қол жеткізуге тиіспіз», - деп атап көрсетті. Бұл биік мақсатқа жету үшін біз дәстүрлі оқытудағы оқу сапасын тек қана білім, білік және дағдыра біріктіріп бағалаудан бас тартуымыз керек. Осы ескіше үрдіспен білім сапасы деңгейінің кейір бөліктерін (лұрыстығын, толықтығын, жүйелілігін, беріктігін) толығымен анықтай алмағандықтан, оқушының іс-әрекетін лұрыс бағаламау туындейды. Ал бұл өз кезегінде оқушының оқуға деген қызығуының төмендеуінің бір себебіне айналады.

Зерттеу нәтижелеріне сүйенетін болсақ, шамамен 1980 жылдың ортасында әлемнің алдынғы қатарлы

елдерінің ұлттық білім беру жүйесі жалпы орта білім берудің жаңа жүйесіне көшті. Бұл ұлттық жүйенің біздің еліміздегі білім беру жүйесінен бірнеше айырмашылығы бар. Атап айтқанда, олар:

- оқытудың **кіріктірілген мақсаттары** пәндік мақсаттарға қарағанда басым,
- оқытудағы **іс-әрекеттік тәсіл қарапайым** біліктілік пен дағдыларды ығыстырган;
- оқытуда **құзыреттілік тәсіл қолданылады**;
- мектептегі білім беру **сапасын бағалаудың жаңа жүйесіне көшу** байқалады (талаптар пәндік «кірудегі» «міндетті минимумға» жетуге бағытталған, білім беруді жаңғырту үшін оның негізіне жоспарланған мақсатты алу қажет («шығудағы» нәтиже сипаттамасы), осыдан кейін ғана «шығудағы» мазмұнды қалыптастыру және жаңғырту қажет);
- мұғалім мен оқушы арасындағы авторитарлық карым-қатынастар оку **іс-әрекетіндегі бірлестікке, жұптастыққа** айналған.

Білім сапасын қамтамасыз етудің ғалымдар көрсеткен жоғарыдағы екі жолын нақтылап түсіндіре кетейік [1]:

1. Жүйеге «**кіруді**» реттеу. Мұнда «Нені оқыту?» және «**Қалай оқыту?**» деген мәселелер қарастырылады. Нәтижесінде оқушылардың жеке пәндер бойынша алған білім, біліктілік, дағдылары (ББД) ғана есепке алынады. Бұл тәсіл дәстүрлі оқытуда қолданылып келеді.

2. Жүйеден **«шығуды»** реттеу. Мұнда «Не үшін оқыту?» және «Оқушыны оқуға қалай үйрету керек?» деген мәселелер қарастырылады. Нәтижесінде оқушының түйінді құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейі анықталады. Мұндай тәсіл қазіргі кезде жалпы орта білім беруді жетілдірудің негізіне құзыреттік тәсілді алууды ұсынып жүрген әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің ұлттық білім беру жүйесінде қолданылып жүр.

Соңғы кезде біздің елімізде де білімге деген көзқарас озгерді. Егер бұрын ғылым –өндіріс – білім деп қарайтын болса, қазір мәдениет – білім – тарих деп қарайтын болды. Осыған байланысты орта білім берудің мақсаты Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында белгілі шындықтардың нактыланып келгендерінде белгілі болған. Оның негізінде 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында белгілі шындықтардың нактыланып келгендерінде белгілі болған. Оның негізінде 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында белгілі шындықтардың нактыланып келгендерінде белгілі болған.

Бүгінгі таңда жалпы орта білім беруді жетілдірудің негізіне құзыреттілік тәсілді алу ұсынылып жүр.

«Competent» сөзі французша «құзыретті», «занға сай; латынша «сай болу», «қабілетті», «талап қою», «жарамды»; ағылшынша «қабілетті» деген мағынаны білдіреді.

Психология-педагогика саласында «құзыреттілік» (компетентность) және «құзырет» (компетенция) ұғымдарының жалпы қабылданған түсіндірмесі әлі қалыптаспаған, оларға түрліше мағына беріліп жүр.

Психологиялық сөздіктерде бұл ұғымға қатысты «құзыреттілік» жеке тұлғаның коршаған ортадағы адамдармен тиімді қарым-қатынас жасай білу қабілеті» деген түсінік берілген. Шетелдік түсіндірме сөздіктерде «құзыреттілік» ұғымы құзыретті менгеруші ретінде карастырылады [2].

Осы айтылғандарды корытындылай келе, құзыреттілік ұғымына мынадай анықтама беруге болады: құзыреттілік деп оқушының алған білімі мен дағыларын тәжірибеде, құнделікті өмірде қандай да бір тәжірибелік және теориялық мәселелерді шешу үшін колдана алу қабілеттілігін айтады.

Демек, құзыреттілік ұғымы «білім», «біліктілік», «дағды» сиякты ұғымдарды қамтиды. Алайда, бұл білім, біліктілік, дағдының жай жиынтығы емес. Құзыреттілік оку нәтижелерімен қатар оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттері мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді.

Оқушылардың құзыреттілігі, ең әуелі, мектепте оқыту үрдісі кезінде қалыптасады. Ол оку үрдісінің негізгі сапа көрсеткіші болып табылады және қойылған педагогикалық мақсатқа жетуді көздейді. Ал құзырет ұғымына мынадай анықтама беруге болады: құзырет деп оқудың және өздігінен білім алудың нәтижесінде қалыптасатын және адамның әлеуметтік ұтқырлығын анықтайтын, білім мен тәжірибеге, құндылыктар мен бейімділіктерге негізделген жалпы кабілеттіліктерді айтады.

«Құзырет» ұғымы екі түрлі аспектіде: құзыреттілікті менгерген; белгілі бір нәрсеге пікір айта алатындан білімі бар деген мағынада қарастырылады [3]. Бұдан құзыреттілік пен құзырет ұғымдарының бірін-бірі толыктыратыны және бірімен-бірі байланысты екендігін көруге болады.

Оқушылардың құзыреттілігі – оку үрдісінің негізгі сапа көрсеткіші, оның жетістігі – қойылған педагогикалық мақсатқа жету.

Құзыреттің түйінді құраушысы біліктілік болып табылады.

Оқытудағы құзыреттілік тәсіл оқыту нәтижесі ретіндегі білім сапасын қамтамасыз етеді. Сонымен бірге ол білім мазмұнынан білім, біліктілік, дағдыға, шығармашылық іс-әрекет тәсілдері мен эмоционалдық-құндылық қатынастар тәжірибесіне негізделген түйінді құзыреттіліктерді ажыратып алуды мензейді. Оның құрылымы мынадай:

- өзіндік танымдық іс-әрекет саласындағы тиянак

құзыреттер;

- мәдени іс-әрекеттегі құзыреттер;
- тұрмыстық саладағы құзыреттер;
- әлеуметтік-еңбек іс-әрекеттері саласындағы құзыреттер.

Мұндағы өзіндік танымдық іс-әрекет саласындағы тиянақ құзыреттерге: оқи, жаза, есептей алу; сейлей алу және түрлі жиындарда өз ойын басқаларға жеткізе алу; оқу іс-әрекетінің нәтижелерін талдай алу; жоспарлай, жобалай, модельдей алу; әр түрлі ақпарат көздерінен (кітаптан, газет-журналдардан, сөздіктер мен энциклопедиялардан, теле-радио хабарлардан, Интернеттен және т.б.) білім жинақтай білуді менгеру жатады.

Мәдени іс-әрекеттегі құзыреттерге бос уақытын озінің рухани және мәдени дамуы үшін пайдалана білу (ғылыми-көшілік және көркем әдебиеттерді оқу, түрлі дәрістер мен баяндамалар тыңдауға катысу, ғылыми-техникалық және пәндік үйірмелер, олимпиадалар, байқаулар, конференциялар және басқа да мәдени шараларға қатынасу) біліктілігі жатады.

Тұрмыстық саладағы құзыреттер: жеке гигиена мен санитарияға қатысты, өз деңсаулығын нығайтуға, отбасы тұрмысына қатысты мәселелер.

Әлеуметтік-еңбек іс-әрекеттері саласындағы құзыреттер – бұл оқу еңбегін ұйымдастыра білу дағдысы, ұжымдағы өзара қарым-қатынас этикасы, өз мүмкіндігін бағалау, еңбек нарығындағы түрлі жағдаяттарды талдай білу, жауапкершілік жүргін арқалай білу және т.б.

Қазіргі кезеңде білім беру саласындағы әлемдік білім кеңістігіне ұмтылуға байланысты жасалынып жатқан талпыныстар мектеп окушыларының дербестігін, ізденімпаздығын, белсенділігі мен шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуды талап етеді. Сондықтан окушылардың мектепте оқып жүрген кезінде олардың

ойлау белсенділігін дамытып, білімі мен біліктерін өмірдің жаңа жағдайында пайдалана білуге үйрету қажеттілігі туындайды. Бұл міндеттердің жүзеге асуы окушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін онтайлы ұйымдастыруға тікелей байланысты.

Шығармашылық – танымдық іс-әрекет нәтижесі. Осы жерде шығармашылық ұфымына тоқтала кетейік. Шығармашылық дегеніміз өзінің жаңашылдығымен, өзгешелігімен ерекшеленетін өнім алуға мүмкіндік жасайтын жеке тұлғаның бойындағы қабілеттіліктің, білім мен біліктіліктің, тұрткінің (мотивтің) болуы.

Көптеген зерттеулерді талдау нәтижесінде шығармашылық іс-әрекет нәтижелері окушының жеке тұлғасына, біліктерінің жетілуіне, психологиялық тетіктер арқылы оң әсерлері бар рефлексия нәтижесінде өз әрекетіне және сол әрекеттің бірлескен іс-әрекет мазмұны мен түріне сәйкес көзқарастары қалыптасатыны анықталып отыр.

Оқу жұмысына шығармашылық мақсат қою, оны жоспарлау окушыдан зеректік, ізденімпаздық, еңбекқорлық, шабыт, мақсаткерлік, белсенділік, қызығушылық, өмірлік белсенді ұстаным сияқты көптеген қасиеттерді талап етеді.

Мұғалім окушылардың танымдық іс-әрекетін тімді ұйымдастыру біліктерін дамытуы қажет. Окушылардың шығармашылық іс-әрекетін жетілдіру бағыты танымдық біліктерінің қалыптасу белгілеріне, танымдық тапсырмаларды орындау мүмкіндіктеріне қарай оларды шартты түрде мынадай 3 топқа бөлуге болады.

**Бірінші топ** – танымдық іс-әрекетте табанды, міндеттері мен мақсатын біледі; ізденімпаз, пән бойынша дербес шығармашылық жұмыстарға белсене қатысуымен ерекшеленеді.

**Екінші топ** – ізденіске ұмтылады, бірақ

шығармашылық тапсырмаларды орындауга барлық уақытта бірдей бейімділік көрсете бермейді; танымдық тапсырмаларды орындау әдіс-тәсілдерін табуға құлшының білдіреді; тапсырмаларды орындауда мұғалім көмегін қажет етеді.

**Үшінші топ** – шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды орындауға құлықсыз; белсенділігі төмен; репродуктивті сипаттағы тапсырмаларды ұнатады; жұмысты орындауда үлгіні қажет етеді, оны орындауда көмекті қажетсінеді.

Сонымен, шығармашылық іс-әрекет талаптарын, сондай-ақ оларды мектепте ұйымдастыру жолдарын зерттеу мәселені дамытып, жетілдіру тетігін анықтауға, сондай-ақ мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

- окушылардың шығармашылық дербестігін дамыту арқылы оның жеке тұлғасын қалыптастыруға болады;

- танымдық іс-әрекет түрлері төменнен жоғары қарай, кезекті түрде, белгілі бір ретпен, жүйемен жүргізілуі нәтижесінде шығармашылығы дамиды;

- танымдық іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру біліктері мен ізденімпаздықтың қалыптасуы окушыларды шығармашылыққа баулиды;

- окушыларды танымдық тапсырмаларды орындау мүмкіндіктеріне қарай топтарға бөліп, сәйкес жұмыс түрлерін таңдал, жүйелі жұмыс жүргізуін маңызы зор;

- танымдық іс-әрекетте дәстүрлі емес әдіс-тәсілдерді пайдалану интеллектуалдық қабілеттерін дамытып, окутанымдық және ғылыми ізденістер жасауға талаптандырады.

Жаңа әдіс-тәсілдерді біз берісі отандық, әрісі әлемдік педагогика мектептері мен бағыттарының жаңашыл ізденістерге толы тың үрдістерінен оқып үйренеміз.

Окушыны шығармашылыққа баулу, өз еңбегінің нәтижесін көруге, оны бағалауға бағыттау – өте күрделі

ұрдіс. Оқушының шығармашылық мүмкіндігі оның жеке тұлға ретінде қалыптасу үрдісінде пайда болады.

Бір ғана оқыту үрдісінде қазіргі кездегі тәрбиенің күрделі де көп қырлы міндеттерін толық қолемде жүзеге асыру мүмкін емес. Сабактан тыс жүргізілетін әр түрлі тәрбиелік іс-әрекет қажет. Ол әдетте **сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыс** болып бөлінеді.

Сыныптан тыс жұмысқа сабактан бос кезінде жүргізілетін, тәрбие мен білім беру сипатында үйымдастырылатын мақсаты мен бағыты бар сабактар жатады. Бұл сабактар қазіргі кезде тәрбие берудің жалпы жүйесінің ажырамас бөлігін құрайды. Олар жан-жақты дамуға, бос уақытты ақылға қонымды үйымдастыруға септігін тигізеді.

Оқушылардың сабактан тыс және мектептен тыс жүргізілетін тәрбие жұмыстары олардың шығармашылық белсенділігін арттыруға, білімді өз бетінше алуына және оны қолдана білуіне септігін тигізеді. Бұл мәселелерді шешу үшін ақпаратқа және саналы еңбекке бейімдеу және ғылым мен мәдениет саласында белсенді қызмет етуге тәрбиелеу қажет.


Бұл жұмыстар мұғалім сабак үстінде жүзеге асыратын тәрбие жұмысын толықтыра және тереңдете отырып, ең алдымен, балалардың таланттары мен қабілеттерін неғұрлым толық ашудың, олардың белгілі бір нәрсеге қызығуы мен ынтасын оятудың құралы ретінде ол оқушылардың бос уақытын үйымдастырудың тетігі болып табылады және олардың адамгершілік мінез-құлыққа жаттығуын үйымдастырудың, адамгершілік мінез-құлық тәжірибесін қалыптастырудың негізі ретінде қызмет атқарады.

Қоғам дамуының ең басты шарты – шығармашыл тұлға тәрбиелеу десек, сол шығармашыл тұлғаны тек шығармашыл тұлға ғана тәрбиелей алады. Оқушылардың

сапалы білім, саналы тәрбие алуы мұғалімдер мен тәрбиешілердің білімділік және кәсіби шеберлігін қажет етеді. Демек, шәкірт құзыреттілігі ұстаз құзыреттілігінен бастау алады. Өз тәжірибеме сүйеніп айтсам, шәкірттерінің жеке дамуында және өзін-өзі жетілдіруінде бірден бір досы және тірекі болатын, өз ісін жетік білетін тәрбиеші шын мәнісінде өз сыныбының авторы да бола алады.

### **Негізгі әдебиеттер:**

1. Жадрина М.Ж. *Образование, ориентированное на результат, как новая модель школьного образования.* // Открытая школа. №12, 2003. 3-6 б.
2. Демин В.А. *Профессиональная компетентность специалиста: понятия и виды.* // Стандарты и мониторинг в образовании. №4, 2000.
3. Концепция модернизации российского образования на период до 2010 года. // Вестник образования. 2002. №6. 11-40 б.
4. Тамберг Ю.Г. *TRIZ-педагогика.* e-mail: triz-nov@mail.ru



**Оқушылардың қабілеттерін дамыта түсү жүйесі**

**Шығармашылық  
қабілеттері**



# ТӘРБИЕШІЛЕРГЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

**Сынып тәрбиешісі** міндеттерінің ауқымы кең болады: сабакта тәртіпті сақтауға ықпал ету, сабакқа катысады кадағалау; мектеп іс қағаздарын жүргізу; оқушылардың дамуын, таным қабілеттерін бақылап зерттеу; сол сыныпта сабак жүргізетін оқытушылармен ай сайын мәжіліс өткізу. Сонымен қатар сынып тәрбиешілері тәрбиеленушілердің мемлекеттік заңдарды және оларды орындаушыларды сыйлауға, Отанға және мемлекетке берілгендей сезімдерін тәрбиелеуге міндетті болады. Жалпы білім беретін мектептерде негізінен оқуға көптеп қоңіл бөлінеді. Сондыктан, сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысымен айналысуға уақыттары да аз болады. Ал интернаттық ұйымдардағы жағдай мүлдем бөлек. Өйткені тәрбиеленушілер күнүзак осында болады. Осында үш мезгіл тамақтанады, демалатын және жататын орны да осында. Күнделікті сабак, ертеңгі сабакқа әзірлік, сабактан тыс жұмыстар, үйірмелер, секциялар т.б. бәрі осында отеді. «Интернат – екінші үйім» деп бекер айтылмаған. Жылдың тоғызын айы ішінде осында жатып оқитын балалардың отбасылық тәрбиесі қоғамдық тәрбиеге ұштасады. Сонда тәрбиеленушілердің басы-қасында жүретін, шын мәнісінде олардың екінші анасына айналатын – осы тәрбиешілер.



## **СЫНЫП ҰЖЫМЫМЕН ОҚУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ТӘРБИЕШІНІҢ ҚЫЗМЕТІ**

### **МАҚСАТЫ:**

- өзінің тәрбиеленушілеріне бар мүмкіндігінше білім алуға көмектесу;
- сыныпты білім сапасы үшін құресуге тәрбиелеу;
- танымдық қызығушылықтарын және сыннып және сыннып ұжымының танымдық іс-әрекетін дамытуға атсалысу.

### ***1. Мұғалімдермен жұмыс***

#### **МІНДЕТТЕРІ:**

- сынныpta жұмыс істейтін мұғалімдердің іс-әрекетін қадағалау;
- әр оқушының дербес ерекшеліктерін ескере отырып педагогикалық ынтымақтастықты жүзеге асырудың деңгейін көтеру мақсатындағы шығын педагогикалық кеңестерді ұйымдастыру;
- мұғалімдерді ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс істеуге жұмылдыру.

#### **ФОРМАЛАРЫ:**

- тоқсанында бір рет, қажет болған жағдайда жоспардан тыс та шағын педагогикалық кеңес өткізу;
- әр мұғаліммен әрі үнемі жеке жұмыс жүргізу және сынныптың куанышты шарларына қатысуға шақыру.

### ***2. Сынып оқушыларымен жұмыс***

**1-міндет** – оқу үрдісінде жеке қарым-қатынасты жүзеге асыру.

#### **Формалары:**

- қалыптасқан ойлау деңгейін, жас және дербес ерекшеліктерін зерттеу;

- сынып ұжымының және жекелеген окушылардың мотивтерін қалыптастыру;
- жалпы ғылыми біліктерін қалыптастыру.

**2-міндет** – оқу үрдісін ұйымдастыру және оқу еңбегінің нәтижесін есепке алу.

**Формалары:**

- күнделікпен жұмыс;
- сабакқа қатысын есепке алу;
- сынып журналымен жұмыс;
- аға кезекшімен жұмыс;
- окуларына көмек ұйымдастыру;
- сынып жиналыстарын өткізу.

**3-міндет** – тәрбиеленушілердің танымдық қызығушылықтарын дамыту.

**Формалары:**

- окушылардың бос уақытын ұйымдастыруын қадағалау, оларды үйірме және факультативтерге тарту;
- алуан түрлі экскурсияларды ұйымдастыру, интеллектуалдық ойындарды, тәрбие сағаттарын ұйымдастыру және т.с.с.

### *3. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру міндеттері:*

- ата-аналарды балаларының оқу еңбегінің нәтижелері туралы хабардар етіп отыру;
- ата-аналарды балаларының оқуына көмекті дұрыс ұйымдастыруға үрнету;
- балалардың қызығушылықтарын дамытуға ата-аналарды катыстыру.

**Формалары:**

- ата-аналар жиналысы;
- Ашық есік күндерін өткізуге катыстыру;
- жеке жұмыс.

#### **4. Психологпен жұмыс**

- окушының тұлғасын айқындауда психологпен біріккен жұмыс;
- окушы тұлғасын жан-жақты зерттеу, психикалық үрдістердің өту ерекшеліктері, психикалық күйдің ерекшеліктері, тұлғаның психологиялық ерекшеліктері.

### **ТӘРБИЕШІНІҢ БІР КҮНДІК ЖОСПАРЫ**

**ЖҰМЫСҚА КЕЛГЕН СОҢ МЫНАЛАРДЫ ІСТЕУ ҚАЖЕТ:**

**1. СЫНЫПҚА БЕКІТІЛГЕН ЖАТЫН, ШЕШІНЕТІН, ТҮРМЫСТЫҚ БӨЛМЕЛЕРДІ ҚАРАУ.**

**2. СЫНЫПТА:**

а) көргенін әңгімелеу, бөлмелердің жақсы жағдайы үшін мақтау немесе бей-береңетсіздікті бетке басу, кінәлілерді анықтау, жинауға тапсырма беру (бұл мақсат үшін рапортты пайдалану);

ә) үй тапсырмаларын орындауға дайындалу жөнінде нұсқау беру: керек кітаптар мен дәптерлерді партаның үстіне кою, қаламды дайындау, сындықты толық тәртіпке келтіру, жинау үшін кезекшілерді қалдыру және сынның окушыларын киімдерін ауыстырып, түскі ас ішу үшін жатақхана корпусына бастап апару.

**3. АСХАНАДА:**

а) әркімнің өз орнына отыруын қадағалау;

ә) асханада дұрыс тәртіпті бақылау (тамақ ішу, ыдыстар мен қасық-шанышқаларды пайдалану, ыдысты жинау);

б) бекітілген столдар қатарын толық тәртіппен қалдыру және бәрін киім ілгішке бастап апару.

**4. КИІМ ИЛГІШТЕ:**

а) әрбір тәрбиеленушінің өз киімі мен аяқ киімін киюін қадағалау;

ә) киініп болғаннан кейін балаларды аулаға жіберу.

5. АУЛАДА:

а) балалардың бір бөлігімен қозғалыс ойындарын немесе спорт ойындарын ұйымдастыру;

ә) сыныптың белсенділерін пайдаланып, ешкімнің интернат ауласынан шығып кетпеуін қадағалау;

б) өз бетімен дайындалуға дейін 12 минут қалғанда барлық тәрбиеленушілерді белгілі бір жерде жинап, ұйымдастықан түрде киім ілгішке қайыра бару;

в) барлығы киініп болғанша киім ілгіште болу, тәргіптің толық сақталуына жеке көз жеткізу және ұйымдастықан түрде сыныпқа көтерілу.

6. ӨЗ БЕТІМЕН ДАЙЫНДАЛУ ҮСТІНДЕ:

а) өз бетімен дайындалу үшін қажетті көрнекі құралдар мен аспаптарды тақтаға және столға орналастыру;

ә) тақтаға үй тапсырмасын, оны орындау тәртібін әрбір пәнді әзірлеуге кететін уақытты көрсете отырып жазу;

б) өз бетімен жұмыс процесінің алғашқы 40-50 минутында сынып бойынша ерсілі-қарсылы жүргуге және әңгімелесуге жол бермеу;

в) парталардың арасынан өткенде қажет болған жағдайларда жекелеген оқушыларға көмек көрсету;

г) қайсыбір пәннің жазбаша жұмысын дайындауға бөлінген уақыт біткеннен кейін дәптерлерді жинау және мұғалімдер бөлмесіне апарып қою (оларды қоятын жер туралы мұғаліммен келісу керек). Бір тапсырманы орындаудан келесісіне мезгілінде көшуді қадағалау.

7. КЕШКІ АС АЛДЫНДА:

а) сынып пен парталарды тәртіпке келтіру, кезекшілерді жинау үшін қалдыру;


ә) ұйымшылдықпен жуыннатын жерге, сосын кешкі асқа бару;

б) КЕШКІ АСТАН КЕЙІН (асханадағы тәртілті

«Асханада» бөлімінен қараңыз) бүкіл сыйнысты тұрмыстық бөлмеге әкелу, киім ауыстыруды немесе мектептің нысанды киімін келесі оқу күніне дайындауды қадағалау;

в) жекелеген тәрбиеленушілердің кешкі күтімін жеке бақылауға алу;

г) әрбір баланың төсек орны жиынтығының баржоғын тексеру (белсенділерді пайдалануға болады).



## ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫН ТАЛДАУ

Тәрбие жұмыстарын жүргізу киын да қүрделі іс. Бұл жерде ұстаздың білгірлігі ауадай қажет. Тәлімгерлікке баулуши әрбір мұғалім адамгершілікке тәрбиелеуде мынадай талаптарды жүзеге асырса.

### 1. Тәрбие сабағын өткізу.

Осы шараның өтетін күні, айы, жылы, оқушылар

құрамының (әлде сыйыбының) даярлығы, жоспары, істелетін істің мақсаты және тақырыбы, педагогтың әкесінің, өзінің аты.

### **2. Тәрбие шарасына мінездеме беру.**

А/ Тәрбие шарасының мақсаты мен мазмұнының окушылардың таным өзгешелігіне байланыстырығы. Б/ Оқушылардың тәрбие шарасына мәмілесі. Оқушылардың сыйыптан тыс іске үйымшылдығы, ынтасы, белсенділігі. В/ Қаншалықты тәрбие ісінің кезен-кезен бойынша мазмұнды өтуі, уақытты жүйелі және дұрыс пайдалану тиімділігі.

### **3. Тәрбие жұмысының мазмұнын ашу.**

А/ Тәрбие жұмысының мазмұны және түрлерінің /формаларының/ тәрбие жұмысының қагидаттарына (принциптеріне) лайықты өткізілуі, тәрбиенің тұрмыспен, сәбекпен байланысы, ұжымда тәрбиелеу, оқушылардың белсенділігі, дербсетігі, т.б. Б/ Өткізілген тәрбиелік шара окушылардың моральдық және эстетикалық сапасына және баланың өсуіне мүмкіндік туғыза ала ма? Тәрбиешінің өзі өткізетін тәрбие жұмысының мазмұнын және тәлім-тәрбие сініру әдісін жетік біле ме және тәрбие жұмысындағы педагогикалық жетекшілігінің өту деңгейі.

### **4. Тәрбие әдістерін таңдау.**

А/ Тәрбиелік мақсатқа және мазмұнына лайықты қандай әдіс-амал пайдаланылады? Б/ Оқушылардың жас өзгешеліктеріне қарай таңдау алған әдістері /лайықты ма?/ сай келе ме? В/ Әдістемелік (методикалық) тәсілінің окушыларды Отанды сүюге, бірлік пен тәрбиені тұрмыспен байланыстырып, ұжымдық белсенділікке, дербестікке тәрбиелеудегі маңызы қандай?

### **5. Оқушылар ұжымының тәрбиелік деңгейі.**

А/ Тәрбие процесінде оқушылардың ықыласы мен тәртіптілігін, ынталылығын қаншалықты дәрежеде қызықтыра алды? Жалпы шәкірттерінің үйымшылдығы,

татулығы, ынтымағы қандай? Б/ Жас өскіндердің жеке және сыныбының жалпы тәртібі. В/ Ерекше тәртіл бұзушылық болған жок па, егер болса неменеге байланысты болды? Тәртіл бұзушыға деген оқушылар ұжымының көзқарасы. Г/ Тәрбиеші мен оқушылардың өзара келісімі.

### **6. Тәрбие істерінің нәтижесі.**

А/ Жұмыс жоспарының орындалуын, мақсатына жеткендігін, білімдік, машықтық (практикалық) және тәрбиелік мәнісін дәлелдеу.

### **7. Қорытынды және ұсыныс.**

А/ Пайдалы және жағымсыз жактарын және оны түзету жағын көрсету.

## **Тәрбиешінің шығармашылық жұмыстарының жеке-дара жоспары**

*Тәрбиешінің аты-жөні:* \_\_\_\_\_

*Шығармашылық жұмысы* \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

*Сыныбы* \_\_\_\_\_

*Мақсаты* \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

*Міндеті* \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

*Болжау* \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

*Тәрбиелік әдіс-тәсілдер, педагогикалық технология түрлері* \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

*Нәтижесінің қорытындылау* \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

*Оқушылардың жетістігі:* \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

\*\*\*

## ТӘРБИЕШІЛЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

1. Сынып тәрбиешісі құнделікті жұмысқа белгіленген кестемен кешікпей келуге тиісті, өзі тәрбиешілікке бекітілген сынып окушыларының оку үлгеріміне, тәрбиесіне, денсаулығына, өмірінің толық қауіпсіздікте болуына толық жауап береді.

2. Сынып жетекшісімен және пән мұгалімімен бірлесе отырып тәрбиеленушінің мектеп-интернат қабыргасында білім алудына және дұрыс тәрбиеленуіне жағдай жасайды, әр күні сабакқа дайындыққа тәрбиеленушілердің толық қатысуын, бөгде істермен айналыспаудың қадағалайды.

3. Тәрбиеленушілермен жүргізілген тиісті барлық мерекелік және бүкіл мектептік шаралардың барлығына қатысады. Және өз карауындағы окушылардың толық қатысуына мүмкіндік береді. Тәрбиеленушілермен жүргізілетін барлық шараларды олармен ақылдаса, қатыстыра отырып жоспарлайды.

4. Тәрбиеленушілердің мектеп интернатының ішкі тәртіп ережелерін, күн түзімін орындаудына, өз топтарына бекітіліп берілген аймақтарда реттіліктің сакталудына, кезекшілік міндеттердің өз мерзімінде орындалудына бақылау жасайды .

5. Тәрбиеленушілердің бос уақытын тиімді үйымдастыруда әр түрлі бас косулар, кештер, кездесулер, тәрбие сафаттарын т.б. шараларды үйымдастырып, мәдени орындарға саяхаттар жасайды .

6. Олардың оку үлгерімін, тәрбиесін жақсартуда ізденіспен жаңа педагогияның жетістіктерін пайдалана отырып жұмысын жоспарлайды. Өз білімін теориялық және әдістемелік тұрғыдан үнемі жетілдіру жолында курстардан, бақылау сынақтардан өтіп отыруға тиісті. Тәрбиеленушілерге педагогикалық және психологиялық тұрғыдан зерттеу жүргізеді. Олардың мінез-құлқындағы, психологиясындағы және басқа да өзгерістер жайлы сынып жетекшісіне, әкімшілікке, ата-анасына хабарлап отырады.

7. Окушымен жұмыс жүргізгендіктен оларды үнемі немесе мерзімдік дәрігерлік байқаудан өткізіп тұру керек.

8. Тәрбиеленушілермен жүргізіп отырған жұмыстары жайлы материалдарын, көрнекіліктерін, құнделіктерін, педагогикалық зерттеу дәптерлерін, жылдық және құнделікті жұмыс жоспарларын белгіленген тәртіп бойынша жинақтайды және жүргізіп отырады. Өзінің іс тәжірибесіндегі озық әдістер мен жетістіктері жайлы пед. басылымдарда және мерзімді баспасөзде мақалалары, материалдары, жинактары т.б. жұмыс түрлері жарық көрсе, бұл тәрбиеші жұмысының көрнекілігі мен іскерлігінің нәтижесі болып саналады.

9. Тәрбиеленушілердің жеке бас гигиенасын сақтауда оларды тазалыққа үйретеді, әрі талап етеді. Сынып кабинеттерінің, жатын бөлмелерінің жарық әрі таза болуын үйымдастырады. Төсек орынның уақытында ауыстырылуын қадағалайды. Олардың құнделікті дұрыс тамақтануы мен денсаулығының қалыпты болуын назарда ұстайды. Олар сырқаттанып қалған жағдайда әкімшілікке хабарлап, дәрігердің қабылдауына апарады. Тіпті қауіпті деп саналған жағдайда жедел жәрдем шакыртып, дереу емханаға апарады. Ата-анасына хабарлайды. Денсаулығында кінәрат бар тәрбиеленушілердің дәрігердің арнайы рұқсат қағазымен дene тәрбиесі, еңбек т.б. көп қимылдауды не дene енбегін қажет ететін сабактар мен жұмыстардан босатылуын қадағалайды .

10. Өзінің бала тәрбиесіне тікелей жауапты адамдардың бірі екенін сезінген сынып тәрбиешісі өз бойындағы кемшіліктерді түзеп, жақсы қасиеттерін дамытып, үнемі ізденіспен еңбек еткендеғана шәкіртінің құрметіне, ілтипатына ие болады.

Тәрбиеші осыны естен шығармауга тиісті.

## Білуге міндетті:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Бала құқығы туралы» Занбарын;
- Еңбек заңнамаларын;
- Жас ерекшелік физиологиясын;
- Пәнди оқытудың әдістемесі мен тәрбиелеу жұмысын;
- Бағдарламалар мен окулықтарды;
- Педагогикалық ғылымның және білімнің жетістіктерін;
- Еңбек қорғаудың ережесі мен нормасын;

- Білім беру мәселесі жөніндегі басқа да нормативтік құқықтық актілерді.

#### **Тәрбиешілер біліктілігіне қойылатын талаптар:**

- 1-4 сыныптар үшін орта педагогикалық білім;
- 5-11 сыныптар үшін жоғары педагогикалық білім;
- педагогикалық жұмыс өтілі 3 жылдан кем болмауы тиіс.



## ТӘРБИЕ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Откізілетін тақырыптар
<b>I</b>	<p>Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқық тәрбиесі</p> <p><b>Максаты:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ескелен үрпакты демократиялық қоғамда өмір сүруге үйрету;</li> <li>- азаматтық белсенділікті, білімділікті калыптастыру;</li> <li>- сын ойды калыптастыру;</li> <li>- жалпы құқық мәдениетіне ықпал ету;</li> <li>- тәуелсіз азамат-патриот тұлғаны тәрбиелу.</li> </ul>	<p>1. «Менің елім – Қазақстан»      25 қазан – Республика күні      2. «Тәуелсіздік шежіресі»  <i>16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні</i>      3. «Ел рөміздері – елдігімнің рені, тенденгімнің тірегі»  <i>30 тамыз – Конституция күні</i>      4. Мұражайға саяхат, Отан тарихымен танысу      5. «Тұған тілім дарыған ана сүтімен»  <i>Тіл мерекесіне орай</i>      6. Қазақстандық патриотизм дегеніміз не?      7. Құдіретті төрт ана      8. Сен және сенін құқыктарың      9. Қылыш, теріс қылыш, қылымыс      10. Жасасырын үрлау (үрлік)      11. Адам және азамат. Азаматтың тенденгі      12. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік және басқару органды      13. Мениң құқығым. «Біз не нәрсеге құқықтымыз?» ойыны</p>
<b>II</b>	<p>Рухани-адамгершілік, имандылық, ақыл-ой тәрбиесі</p> <p><b>Максаты:</b></p> <p>Окушылардың өзіндік дамуға, өзіндік білім алуга, өзіндік жетілуге психологиялық және практикалық дайындығын қалыптастыру. Дағдыны дамыту, жалпы қабілетті калыптастыру, әдептілік. Рухани білімі мен мәдениетін калыптастыру.</p>	<p>1. Адам – өз омірінің суретшісі      2. Мәдениетті адам      3. Жеті жұз жұмбак      4. Салемдесе білу – әдептілік нысаны      5. Парыз бен карыз      6. Кісілік қасиеттер      7. Рух тәрбиесі      8. Имандылық – қастерлі қасиет      9. Кім? Қайда? Қашан?      10. Кітап – досым, ақылшым      11. Имандылық – инабаттылық айнасы      12. Әдепті бала – арлы бала</p>

<p><b>III</b></p> <p><b>Этникалық, эстетикалық тәрбие</b></p> <p><b>Максаты:</b></p> <p>Қазақ халқының мінез-құлкына тән негізгі қасиеттер туралы әнгімелер арқылы әдептілікті бінк үстая сиякты әдет-ғурып кагидаларын үйрету.</p> <p>Әсемдікті танып-білу арқылы көркеменерді түсіну қабілетін дамытуды іске асыру, сымбат эстетикасын сактау, адамдардың мінез-құлкындагы және қарым-қатынастарындағы келенсіздікті айыптай білуге үйрету</p>	<p><b>I. Халықтың тәрбиелік дастүрлері (тұсаукесер, бесікке салу, шашу, ырым, сұндеттеу, калау, токым қағар, бата, жеті ата, алтыбакан)</b></p> <p><b>2. Қазақ ырымдары, тыбым сөздер</b></p> <p><b>3. Ұлагатты ұлттық үғымдар, үш, терт, бес, жеті санына байланысты үғымдар</b></p> <p><b>4. Халық айтса – анық айтады. Наурыз – ұлыстың ұлы күні</b></p> <p><b>5. Халықтың уакытты анықтау белгілері. Жыл санау. Халық елшемдері (салмақ, көлем, ұзындық, терендік, биіктік)</b></p> <p><b>6. Халық ауа райын калай болжаган?</b></p> <p><b>7. Күй алемінің жарық жүлдіздары</b></p> <p><b>8. Күй аласы – Дина</b></p> <p><b>9. Құлактан кіріп бойды алар жақсы ән мен тәтті күй</b></p> <p><b>10. Дүрыс киіне білу де – әдемілік</b></p> <p><b>11. Шәмші Қалдаяқұлы</b></p>
<p><b>IV</b></p> <p><b>Салауатты өмір салты, дене тәрбиесі, жол қауіпсіздігін сактау</b></p> <p><b>Максаты:</b></p> <p>Адам өмірінде дене шынықтырудын, спорт пен туризмнің рөлі туралы үғым калыптастыра отырып, денсаулыкты нығайту қажеттігін үғындыру, тазалық сактау мен гигиеналық талаптарды орындауды талап ету, спорттық шеберлік пен дағдыларды үдайы жетілдіруге үмтүлдіру, казактың ұлттық ойындары мен спорттың денені шынықтырудагы ролін білуді үйрету</p>	<p><b>1. Денім сау болсын десен...</b></p> <p><b>2. Денсаулық күндері, желаяктар күні</b></p> <p><b>3. Салауатты өмір салты – барыс тектес халқымыздың болашагы</b></p> <p><b>4. Дені саудын жаңы сау. «Темекі шегу: сәнге берілу ме, әдет пе, әлде ауру ма?»</b></p> <p><b>5. Дені саудын жаңы сау:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li><b>a) жаяу жарыс;</b></li> <li><b>ә) кыз куу;</b></li> <li><b>б) аркан тартыс;</b></li> <li><b>в) асық ойыны;</b></li> <li><b>г) спорттық ойындар.</b></li> </ul> <p><b>6. Тіршілік көзі – салауатты болашак</b></p> <p><b>7. Жол козгалысының ережесі</b></p> <p><b>8. Қөлік түрлерінін козгалысы</b></p> <p><b>9. Қөлік түрлерінін аялдамасы</b></p> <p><b>10. Қоліктердегі нөмірдін,</b></p>

		<p>танимдық белгілердің, жазулардың қажеттігі</p> <p>11. Жол белгілері (қайталау)</p> <p>12. Көшелердің, жолдарың және жол козгалысының ерекшеліктері мен түрлері</p> <p>13. Жол оқигаларының жағдайы, оны болдырмаудың жолдарын оқып-үйрену</p>
V	<p><b>Экономика, экология және енбек тәрбиесі</b></p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p>Окушыларға табиғат корғау туралы зандар жүйесін түсіндіре отырып, табиғатты корғауда жана шырынка сай тәрбие беру, табиғатты корғау арқылы үнем тәрбиесін беру ісін карастыру</p>	<p>1. Біз – табиғат қорғаны</p> <p>2. Тұған өлкө табиғаты</p> <p>3. Алтын күз мерекесі</p> <p>4. Адам – табиғат перзенті</p> <p>5. Ұқыптылық жоспары.</p> <p>Ұқыпты болу – Отанды нығайту</p> <p>6. Аң-құстар әлемі:</p> <p>а) үй мен тұз хайуанаттары;</p> <p>ә) аңдар;</p> <p>б) жыртқыш аңдар;</p> <p>в) құстар әлемі;</p> <p>г) жыртқыш құстар.</p> <p>7. Ұрыс алды – төрт түлік.</p> <p>8. Мамандықтар әлемінде. Кім болғын келеді?</p>

## **СЫНЫП ТӘРБИЕШІСІНІҢ ЭТИКАЛЫҚ ЖАДУАЛЫ**

- Балаларға қашанда шындықты айт, тіпті егер ол саған пайдасыз болса да.
- Мактауды ұмытпа.
- Оқушыны емес, қылықты бағалау керек.
- Әрқайсысының тілін таба біл.
- Баламен әңгімелескен кезде, әрқашан көзіне қара.
- Балалардың қиялышындағы ертегіні өлтірме.
- Қабілетсіз деме, қабілеті ашылмаған де.
- Кінәлі болып қалғандарды ешқашанда бірден жазалама.
- Ешқандай ақылгөйсіп сөгу болмасын.
- Баланы жақындастып барып қана, оның рухани әлеміне әсер етуге болады.
- «Қыын балалар дегеніміз ата-аналары сатып кеткендер ғой».  
(Макаренко).

# СЫНЫП ТӘРБИЕШІСІНІҢ ҮЛГІСІ

## I. Білімдері мен ептері:

1. Дарынды баланы дамытуға жеткілікті іргелі білімдері.
2. Педагогикалық психология және жасына қарай балалар психологиясы, әлеуметтік психология жөніндегі білімдері мен ептері.
3. Ғылымдагы, техникадагы, өнердегі сонғы жетістіктерді білуі.

## II. Қабілеттері:

4. Инновацияларға және зерттеу күзметіне қабілеттілігі.
5. Шығармашылыққа, логикалық ойлауга қабілеттілігі.
6. Білімдарлығы (эрудиция).
7. Ұдайы өз бетімен білім алуға үмтұлышы.
8. Құлшынысы (ауыр жағдайларда жұмыс істей білуі).
9. Бастамашылдығы (қабылданған шешімдерді жеделдетіп орындауды).
10. Идеяларды жүзеге асырып, барынша тиімді істерді тандай білуі.
11. Тіл табысу қабілеттерінің болуы.



## III. Тәжірибесі – даярлығы:

12. Икемділігі, киыншылтықтарды алдын ала болжай білуі, өз максатын толық жүзеге асыруға дайындығы

## IV. Қасиеті:

13. Жоғары рухани мәдениеті.

## Дарынды оқушылар моделі



## Оқушының жеке тұлғасы



## Оқушының интеллектілік дамуының көрсеткіштері мен белгілері

<b>Белгілері</b>	<b>Көрсеткіштері</b>
1. Оқу жұмысының мотивтері (интеллектуалдық бағыты )	a) әлеуметтік мотив (борыштылық сезім, мәртебелік мақұлдауын тосу) ә) танымдылық мотивтері б) интеллектуалдық
2. Денсаулық жағдайлары	a) созылмалы ауруларының барлығы немесе жоктығы ә) дene және жүйке психикасының даму деңгейі б) организмінің негізгі жүйесінің жұмыс істеуі в) колайсыз әсерге (ауруға ) организмнің карсы тұруыштығы
3. Машықтану	а) назар ә) ес б) ойлау жұмысының типі в) ақылдылық армандаудығы (алғырылдығы) г) ақылдылық сыншылдығы.
4. Жалпы оқуды білуі	а) негізгі айыра білуі ә) тарата жинактай білуі б) жоспар жасауы в) оқу технологиясы г) өзін-өзі бакылау
5. Үйретілгендердің	а) білім сапасының жүйелілігі (жүйелілік, әрекеттілік, тұрактылық ) ә) сойлеу жұмысын (өзінін ойын аузынша және жазбаша жеткізе білуі) б) компьютерлік білімділігі
6. Арнайы каблеттілігі	а) музыкалық ә) математикалық. б) спорттық в) көркемдік г) техникалық д) т.б.
7. Зиялдылық (рухани және ақылдылық сапа жиынтығы)	а) жалпы мәдениеттілік б) мәдениеттану

Оқушының ойлау қабілетінің алғырлығы жалпы білгірлікпен тығыз байланысты.

Жалпы даму көрсеткіші – ең тиімдіні айыра білу қабілеттілігі.

Басты қасиеттері – тарату, қорыту, жоспарын жасау, оку техникасы, өзін-өзі бақылауды іске асыру.

Интеллектуалдық дамудың сапалық деңгейі – білім мен үйрену.

Білім – қабілетті жұмсаудың мазмұны.

Үйрену – байланыс сапасы.

### **Оқу жұмысы табыстырының алғы шарттары:**

1. Оқушы назарының қабілеттілігі.
2. Өткен материалды есте сақтау қабілеттілігі.
3. Ойлау жұмысының түрі.
4. Ақылдың алғырлығы, бір істі тындырып екінші іске тез арада көше алу даралығы.
5. Ақылдың тәуелсіздігі (дер кезінде шешімге келу).
6. Ойлаудың сыншылдығы (өзіне-өзі сын көзбен карау).

## **ИНТЕРНАТ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңының 1-бабының 28) тармағында «интернаттық ұйымдар – жатын орны беріле отырып, белгілі бір санаттағы адамдардың білім алу құқығына мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары» деп анықтама берілген (*астын сыйған біз – автор*).

«Білім туралы» жаңа Заңының 47-бабы «Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары, міндеттері

мен жауапкершілігі» деп аталағы. Сол баптың тармақтарына тоқтала кету біз үшін мәнді.

2-тармак. «Білім алатын адамдар білім алушылар немесе тәрбиеленушілер болып табылады.

Білім алушыларға окушылар, студенттер, магистранттар, адъюнкттар, курсанттар, тыңдаушылар және докторанттар жатады.

Тәрбиеленушілерге мектепке дейінгі, интернаттық үйымдарда білім алушы және тәрбиеленуші адамдар жатады.

14-тармак. «Білім алушылар мен тәрбиеленушілер мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдылар мен біліктілікті менгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, білім беру үйымының жарғысында және білім беру қызметтерін көрсете туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға міндетті».

15-тармак. «Білім алушылар мен тәрбиеленушілер өздерінің денсаулығы үшін кам жеуге, рухани және тән саулығын өздігінен жетілдіруге ұмтылуға міндетті».

16-тармак. «Білім алушылар мен тәрбиеленушілер педагог қызметкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін, өздері білім алатын оку орнының дәстүрлерін құрметтеуге міндетті».

18-тармак. «Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің міндеттерін бұзганы үшін оларға білім беру үйымының ішкі тәртібінің ережелерімен және жарғысымен көзделген тәртіптік ықпал ету шаралары не білім беру қызметтерін көрсете туралы шартта көзделген өзге де шаралар колданылуы мүмкін» (*астын сызған біз – автор*).

Міне, тәрбиеленушілерге заман талабына сай білім мен тәрбие беріп отырған осындаид интернаттық үйымдардың бірі – Қарағанды қаласындағы білімнің қара шаңырағы атанған біздің оку орнымыз.

Өзінің мол тарихи дәстүрі бар облыстық Жамбыл атындағы №7 дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыйыпты қазақ гимназия-интернат мектебінің педагогикалық ұжымы жас үрпаққа өмір талабына сай жоғары деңгейде сапалы білім беру мақсатын көзде 1993-94 оку жылынан бастап мектеп-интернattan біргіндеп кезең-кезеңімен мектеп-интернат гимназиясына көшті. Осында мәртебеге ие болған оку орны республикада көп емес-ті.

2007-2008 оку жылынан бастап дарынды балаларға арналған мектеп-интернат атанған жаңа типті білім шаңырағының оку-тәрбие жұмысын жүргізуде өзіндік ерекшеліктері бар. Бізде оқитын 703 окушының 30%-ға жуығы – ауыл балалары. Жылдың тоғыздон айы ішінде осында жатып оқитын балалардың отбасылық тәрбиесі қоғамдық тәрбиеге ұштасады. **Интернат жағдайындағы тәрбие** бүгін таңда өзекті мәселелеге айналып отыр.

Жалпыға бірдей орта білімді күні ертеңдер 12 жылдыққа көшіруге байланысты әр ауылда шашыраңқы орналасқан 30-40 балалық ұсак мектептерді жауып, бірнеше ірілендірілген интернат ашудың зор келешегі бар. Интернат, біріншіден, қамқорлығы кемшін балаларға жағдай жасайды, екіншіден, қабілетті, дарынды балаларды анықтайды, іріктең жинақтайды.

Қазіргі даму кезеңінде мектеп-интернаттың негізгі проблемасы: көп қырлы этно-мәдени білім кеңістігінде тұлғаны дамыту. Нысаналы мақсат – білім-ғылым, әлемдік, ұлттық құндылықтар жетістігі негізінде тұлғаны қоғамдағы өзгерістер жағдайында өмір сұруге даярлау.

Биік мақсатқа жету жолында жаңашылдықпен, ізденімпаздықпен жұмыс істейтін пән мұғалімдеріміз, тәрбиешілеріміз бен сыйып жетекшілерілеріміз оку-тәрбие жұмысында жаңа технология және инновациялық әдістер қолданып, жетілдіріп жүр.

## **Балалар құқығы туралы ережелерден**

- Эр адамның жеке басының ісіне басқаны араластырмауга, өмір сүрге және еркіндікке құқығы бар.
- Эр адам қайда жүрсе де заңмен қорғалуы тиіс.
- Барлық адам заң алдында тен.
- Конституциямен немесе заңмен белгіленген құқықтары бұзылған жағдайда, әрбір адам өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқықты.
- Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға қақысы жок.
- Эркімнің өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар. .
- Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.
- Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, катыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындей жәбір көрсетуге, яки жазалауға болмайды.
- Эрбір адамның жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына , ар-намысы мен абырай-беделін қорғауына құқығы бар.
- Конституция сөз берен шығармашылық еркіндігіне кепілдік береді.
- Эркімнің еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар.
- Эрбір адамның еңбек етуіне, жұмыс түрін еркін таңдауына, әділетті еңбек ету жағдайына және жұмыссыздықтан қорғалуына, сондай-ақ енбегіне қарай тиесілі жалакы алуына құқығы бар.
- Кәмелетке толған еңбекке қаблетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті.
- Азаматтардың тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алуға құқығы бар.
- Қазақстан Республикасын қорғау – оның эрбір азаматының қасиетті парызы мен міндеті.
- Қазақстан Республикасы азаматтары тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндетті.
- Қазақстан Республикасы азаматтары табиғатты сақтауға міндетті.

## **Мектеп-интернат шәкірттерінің ереже, міндеттері**

### I-IV сыныптар

1. Ынта қойып оқы, сабакта өзінді дұрыс ұста. Сабактан кешігіп қалма.
2. Еңбекке, өз сынныбындағы іске қатыс.
3. Мектеп мүлкіне жауапкершілікпен қара.
4. Күн түзімін (режимін) сакта.
5. Өзінді мектепте, үйде, көшеде үлгілі ұста. Үлкендерге жол және орын бер. Көшеде жұру ережелерін сакта.
6. Мұғалімдердің және оқушылардың талаптарын орында!

### V-VIII сыныптар

1. Мектептің қоғамдық жұмысына белсенді қатыс.
2. Бос уақытта пайдалы істермен, оқумен, техникалық іздениспен және шығармашылықпен шұғылдан.
3. Өзінді үлгілі ұста. Кішіпейіл, сыпайы, инабатты бол, ұқыпты киін.
4. Ата-анаңды құрметте, қолғабыс тигіз.

### IX-XI сыныптар

1. Ғылым негіздері мен өзін-өзі басқару дағдыларын табандылықпен және қажырлылықпен менгеру.
2. Халық дәулетін, туған табиғат байлығын сактауға және молайтуға қам жаса.
3. Спортпен шұғылдан, шынық, өзінді, Отанды қорғауға даярлан.
4. Өз енбегінді дұрыс ұйымдастыруға үйрен.
5. Ұлттық және әлемдік мәдениетті менгер.
6. Мұғалімдердің талаптарын, оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарын ың шешімдерін орында әрі белсене қолдан отыр.

## Күн тәртібі

7-00 – 7-05	Ұйқыдан тұру, төсек орнын жинау
7-05 – 7-15	Ертеңгілік жаттығу
7-15 – 7-30	Жуыну, бөлме реттеу
7-30 – 8-15	Ертеңгілік ас
8-15 – 8-25	Сабакқа даярлық
8-30 – 14-00	Сабак
13-00 – 14-30	Тұскі ас
14-00 – 16-00	Шығармашылық істер
16-00 – 16-30	Тұстен кейінгі ас
16-30 – 18-30	Дайындау сабағы
18-30 – 19-30	Таза ауда серуен
19-30 – 20-30	Кешкі ас
20-30 – 21-30	Бос уақыт
21-30 – 22-00	Ұйқыға әзірлік
22-00 – 6-50	Ұйқы

## ҰСТАНЫМДАР МЕН ҚАГИДАТТАР

Тәрбиенің қазіргі заманғы моделінің негізгі принциптері (ұстанымдары) мыналар болуға тиісті:

- *Табигатқа сай болу принципі (тәрбие жас, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып жүзеге асырылады);*
- *Тұастық принципі (тәрбиелеу мен оқыту тен құқықты және өзара әрекет ететін құрамдас боліктер болып табылады);*
- *Мәдениетке сай болу принципі (эстетикалық талғамды қалыптастыруда қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету);*
- *Жынытық козқарас принципі (ұжымдық, топтық*

*және жеке әдістерді тіркестіру, баланың жеке даңуы үшін оның мұдделері мен шыгармашылық қабілеттерін ескере отырып жағдайлар жасау);*

*• Інтымақтастық принципі (бұл гуманизм педагогикасының негіз қалаушы буыны болып табылады).*

\*\*\*

Оқыту мен тәрбиелеудің негіз қалаушы қағидаттары (постулаттары) мыналар болып табылады:

◆ педагогтың баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенімі (көрдіңіздер ме, күдік-күмәні емес, зор сенімі; осы жерде ұлы педагог А. Макаренконың тіпті ұры балаға үлкен сенім артуы еске түседі; ал бізде қалай?!!);

◆ жеке тұлға дамуының кілті – оның дүниені танудағы жеке тәжірибесі, оның қоршаған шындықты өз бетінше қабылдауы екендігін түсіну;

◆ өзін өзі іске асыруға, өзін өзі бекітуге деген қажеттілік адам бойына әуелгі баста қаланған, оған туғаннан берілген қасиет;

◆ жеке тұлғаның дамуы балалардың бір-бірімен, педагог пен балалардың, ата-аналар мен балалардың жүздесіп, араласу процесінде ғана жүреді.



## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІЛІГІН БАҒАЛАУ**

Көптеген мектептердің тәжірибесі көрсеткеніндей, оқушылардың жеке тұлға ретіндегі даму процесін психодиагностикалау және түзету жөнінде жоспарлы түрде жүргізілген жұмыс өз жемістерін берді. Алайда бұл жеткіліксіз болып шықты.

В.А.Сухомлинский: «Тәрбиенің нәтижесі неден барынша жарқын көрінеді? - деп ойлағаныма бірнеше жыл болды. Менің жұмсаған күш-жігерім жемісін берді деп айтуға моральдық құқығым қашан болады? Өмір мынаған коз жеткізді: тәрбиенің алғашқы және барынша сезінерлік нәтижесі адамның өзі туралы ойланған бастауынан көрініс табады. Менің нем жақсы, нем жаман? - деген сауал төңірегінде ойланды. Тәрбиелеудің ең жеткілік әдістері мен амалдары, егер олар адамның өзіне өзі қарауынаа, өзінің тағдыры туралы ойлауына жеткізбесе, бос нәрсе болып қалады».

Оқушылардың өзін өзі танумен және өзін өзі тәрбиелеумен барынша мұқият айналысы үшін бір ғана психодиагностика жеткіліксіз болып қалды. Талдау жеке тұлға ретінде даму процесін тәжейтін себептердің бірі біздің мектептерде қабылданған, солар бойынша осы жұмыс бағаланатын, көрсеткіштер жүйесі екендігін көрсетті. Қазіргі уақытта бірден бір осындай көрсеткіш үлгерім болып қалып отыр. Сондықтан оқушалар мен мұғалімдердің бар күш-жігері кез келген құралмен, кей ретте балалардың ақыл-оый мен тағдырын зақымдайтын адамгершілікке жатпайтын жолдармен, жоғары үлгерімге кол жеткізуге жұмсалатыны таңғаларлық жәйт емес.

Мектеп оқушысының басқа қасиеттерін және оның тәрбиелілік деңгейін бағалау өлшемдерінің жоқтығы жеке тұлға ретінде дамуға мүлдем колғабыс етпейді. А.Н.Леонтьев: «... тәрбиеге өмір, шындық тұрғысынан

қарау – бұл жекелеген тәрбиелік және тіпті білім беру міндеттеріне: адм өмірде қандай болуға тиіс және ол мұның үшін немен қарулануға тиіс, оның білімі, оның ойлауы, сезімдері және т.б. қандай болуға тиіс деген адамға қойылатын талаптарға саятын көзкарас», - деп жазды.

Сондыктan бірнеше жылдардан бері менің сыныбымда оқушылардың тәрбиелілігін бағалау жөнінде эксперимент басталды. Бұл сынап үшін мен әдістемелік әдебиеттерге сүйене отырып оқушы тәрбиелілігінің мынандай көрсеткіштерін әзірледім:

*Отбасындағы тәртібі:* отбасының істері мен проблемаларына белсенді қатысуы; оның ауыртпашылықтары мен қуанышын отбасының басқа мүшелерімен бірге бөлісуі; толық өзіне өзі кызмет көрсетуі; үй бойынша өзінің тұрақты міндеттерін ықтиялты орындауы; отбасының жасы кіші және жасы үлкен мүшелері туралы камқорлығы; ескертпелерге дұрыс қарауы, отбасының барлық мүшелерімен қарым-қатынаста сыйтайылығы; туған күнге, мерейтойларға және басқа мерекелерге байланысты ата-аналары мен отбасының қалған мүшелерін құттықтауда және сыйлықтар дайындауда ынта білдіруі; отбасылық мерекелерді өткізуге және оларды әзірлеуге белсенді қатысуы.

*Мектептегі тәртібі:* сабак ұстындегі тәртіптілігі мен зейінділігі; сабактарды өткізуге, өтілген оқу материалын талқылауға белсенді қатысуы; мұғалімдердің тапсырмаларын орындаудағы ықтиялтылығы, оқу жұмысындағы еңбексүйгіштігі мен ұқыптылығы; оқудағы табыстар мен сәтсіздіктерге ақыл-оймен қарауы; тапсырылған қоғамдық істерге жауапкершілік сезімін көрсетуі; үзілістер кезіндегі тәртіптілігі, оқушыларға арналған Ережелерді күнделікті орындауы; мектеп пен сынып мүлкіне ұқыпты қарауы; сынып пен мектептің

қоғамдық істеріне белсенді қатысуы; сынып жетекшісінің тапсырмаларын ықтияты орындауы; сынып істерінде басқара және бағына білуі.

*Жасы үлкендерге қатынасы:* қарым-қатынастағы сыпайылығы; жасы үлкендердің тапсырмаларын ақылға қонымды орындауы; мұқтаж болғандарға мүмкіндігінше көмек көрсетуі; кездесken және қоштасқан кезде жасы үлкендерге сыпайылықпен карауы.

*Құрдастарына қатынасы:* бірлесken каракетке және ойындарға белсенді қатысуы; өз қуаныштары мен реніштерін жолдастарымен бөлісуге ұмтылысы, олардың қуаныштары мен қайғысын шынайы түрде бөлісі; достарына риясyz көмектесуге әзіrlігі, өз сыныптастары мен сыныпты ұятқа қалдырмауға ұмтылысы; құрдастарымен қатынаста қағидатшылдығы (принциптілігі), олардың қателіктепі мен теріс қылықтарын көрсете білуі; сөзінде тұруы мен уәде еткенін орындауы; қатынастағы қарапайымдылығы, дау-таластардағы ұстамдылығы.

*Көшедегі және қогамдық орындардағы тәртібі:* жол қозғалысы ережелерін сақтауы; табиғатқа, жан-жануарларға сүйіспеншілігі мен құнтты қарауы; қоғамдық орындарда, көліктеп және көшеде тазалық пен тәртіпті сақтауы; көліктеп жасы үлкендер мен әйелдерге орын беруі.

*Өз-өзіне қатынасы:* пайдалы іспен тұрақты айналысы, бос жүріске уақыт шығындауы; киім, аяқ киім киюде ұқыптылығы мен үнемшілдігі; күн түзімін және таңғы жаттығуды орындауы; адалдығы мен шыншылдығы, бөтен адамның заттарын рұқсатсыз алмауы, адамдарға қайырымды болуы; егер олар онисын мойындаса, қателерін кешіруі; басқалардың табыстарын қызғанбауы; өзіне табыс әкелетін қаракет түрлерін іздеуі және табуы; өзінің қаракеті мен тәртібін ұдайы талдауы; өзінің теріс қылықтары мен қателерін адаптацияның

және жасалған істі түзеуге тырысуы; өтірікке, алдауға, ұрлыққа төзімсіз болуы, жаман әдеттерінің (темекі тарту, былапыт сөз айту және басқалар) болмауы; өзінің басты мұдделері мен бейімділіктерін анықтауы, өз қабілетін басты жеке мұддесін білдіретін қаракетке қарай дамытуы; корқыныш сезімін жеңуді үйренуі; өзін тәуекелге салып көмекке келуге дайын болуы, жолдастарын және өзін өзі ашық сынауы; күшпен емес, кисынды дәлелдердің көмегімен өз пікірін әрқашанда қорғауы; әділ сын үшін алғыс айтуы және өз кемшіліктерін жою үшін бәрін істеуі; тілегенін емес, керек нәрсені істеуге өзін мәжбүр етуге үйренуі; басталған істі ақырына дейін жеткізу әдетін дағдыландыруы, қыншылықтарды жеңуде табандылық көрсетуі; өзін өзі тәрбиелеумен, дене жағынан өзін өзі жетілдірумен жүйелі және табанды түрде айналысуы; қашанда сыртқы кейіпінің мұнгаздай болуы, әдебиетке, өнерге үнемі қызығушылық көрсетуі; теледидардан шектеулі уақыт қана және барынша қызықты хабарлардығана қөруі; елде және әлемде болып жатақан барлық аса маңызды саяси жаңалықтардан хабардар болуы.

Бұл көрсеткіштер мектеп оқушыларының әрбір жастағы топтары үшін дәлденіп, нақтыланғаны дұрыс.

Оқу жылдарының бірінші жартышылдығында бұл көрсеткіштер әрбір сыныптағы сынып жиналыстарында егжей-тегжейлі талқылануға және көрсеткіштердің қайсыбірі талқыланғаннан кейін мектеп оқушылары оларды өз дәптерлеріне көшіріп алып отыруға тиіс.

## **Оқушының өзіне-өзі мінездеме беруі**

**Өз-өзіне қатынасы:**

пайдалы іспен тұрақты айналысуы;  
өзін қалаған нәрсені емес, керек нәрсені орындауға жұмылдыра білуі;

басталған істі ақырына дейін жеткізу әдетін  
дағдыландыруы;  
адал мен шынайы болуға ұмтылуы;  
бөтен адамның заттарын рұқсатсыз алмауы;  
қайырымды болуы;  
басқалардың табыстарын қызғанбауы;  
өзінің теріс қылыштары мен қателерін адаптациядауы  
және оларды түзеуге тырысуы;  
сынды қабылдай білуі;  
алдауға, ұрлыққа төзімсіз болуы;  
жаман әдеттерінің (темекі тарту, былапыт сөз айту)  
болмауы;  
өзін тәуекелге салып көмекке келуге дайын болуы;  
күшпен емес, қисынды дәлелдердің көмегімен  
өз пікірін әрқашанда қорғауы;  
киыншылықтарды жеңуде табандылық көрсетуі;  
өзін өзі тәрбиелеумен жүйелі және табанды түрде  
айналысуы;  
дene жағынан өзін өзі жетілдіруі;  
сыртқы кейпінің мұнтаздай болуы.



Жамбыл атындағы облыстық № 7 дарынды балаларға арналған  
мектеп -интернат

Сурет орны

1. Оқушының аты-жөні \_\_\_\_\_
2. Үлтys \_\_\_\_\_
3. Жынысы \_\_\_\_\_
4. Туған жылы, айы, күні \_\_\_\_\_
5. Сыныбы \_\_\_\_\_
6. Мектепке келген жылы \_\_\_\_\_
7. Толтырылған уақыты \_\_\_\_\_

## Оқушының педагогикалық картасы

1. Оқушының аты-жөні \_\_\_\_\_
2. Тұған күні, айы, жылы \_\_\_\_\_
3. Мекен-жайы \_\_\_\_\_
4. Сыныбы \_\_\_\_\_
5. Отбасы мүшелері \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_
6. Денсаулық жағдайы \_\_\_\_\_
7. Дұрыс өмір сұруі \_\_\_\_\_
8. Сабактағы белсенділігі \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_
9. Үлгерімі \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_
9. Пәндерге қызығушылығы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_
10. Өнерге, техникаға, әдебиетке, спортқа қызығушылығы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_
11. Оқушының шығармашылық қабілеті \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_
12. Отбасындағы қарым-қатынасы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_
13. Мектептегі, сыйыптағы адамдармен қарым-қатынасы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_
14. Көпшілік орындарда өзін-өзі ұстаяу \_\_\_\_\_
15. Мәдени-адамгершілік мінез-құлқы \_\_\_\_\_

# ТӘРБИЕЛЛІК ДЕНГЕЙЛЕРІ

(Т.И.Шамова бойынша)

БАҒАЛАУ ӨЛШЕМДЕРІ:

”5” – әрқашан бар

”4” – жиі

”3” - сирек

”2” – ешқашан

”1” – менде басқа

көзқарас

## 1 – 5 сынып

Рет N	<i>Өлшемдер (қасиеттер)</i>	Мен өзім	Ата- ананың багасы	Сынып жетекшісінің багасы	Жалпы бага
1	2	3	4	5	6
1.	БІЛУГЕ ҚҰШТАРЛЫҚ (маған оқыған ұнайды, мен үй тапсырмасын әрқашан орындаімын, мен жақсы баға алуға ұмтыламын, мен үйірмелердің, шығармашылық шеберханалардың жұмысына белсенді катысамын)				
2.	ЫНТА (мен окуда ұқыпты, тиянактымын)				
3.	ТӘРТИПТІЛІК (мен мектепте, көшеде, көлікте, коғамдық орындарда				

	тәртіп ережелерін сактаймын)			
4.	ЖАУАПКЕРШІЛІК (мен бастаған ісімді әркашан аяғына дейін жеткіземін, алған міндеттемелерімді орындаімын, өз кылқтарым үшін жауап беруге әзірмін)			
5.	АДАЛДЫҚ (мен әркашан шындықты айтамын)			
6.	ЕҢБЕКСҮЙГІШТІК (мен ептерімді практикада пайдалана аламын, үй шаруашылығымен айналысу маған үнайды, менде өзіме өзім қызмет көрсете әдеті бар)			
7.	ЭСТЕТИКАЛЫҚ ДУНИЕГЕ ҰМТЫЛЫС (мен ән айтуды, билеуді, сурет салуды, музыканы түсінуді үйренуге, өмірдегі әсемдікті табуға ұмтыламын)			

8.	<p><b>ДЕНЕ ЖАҒЫНАН ЖЕТІЛУГЕ ЖӘНЕ САЛАУАТЫ ӨМІР САЛТЫНА ҰМТЫЛЫС</b></p> <p>(мен өзімді күтудің санитарлық-гигиеналық ережелерін сактаймын, денсаулығым туралы қамқорлық жасаймын, дене шынықтыру жаттығуларымен айналысамын)</p>				
9.	<p><b>ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚА ҰМТЫЛЫС</b></p> <p>(кейбір сұраптардың жауабын табу маган кызықты, көптеген проблемалардың дәстүрлі емес жолдарын табуга тырысамын)</p>				

## ТЭРБИЕЛІЛІК ДЕНГЕЙЛЕРІ

*(Т.И.Шамова бойынша)*

**БАҒАЛАУ ӨЛШЕМДЕРІ:**

”5” – әрқашан бар  
 ”4” – жиі  
 ”3” - арасында  
 ”2” – ешқашан  
 ”1” – менде басқа  
 көзқарас

### 6 – 9 сынып

Рет №	Олшемдер <i>(қасиеттер)</i>	Мен өзім	Ата- ананың бағасы	Сынып жетекшісінің бағасы	Жалпы баға
1	2	3	4	5	6
1.	БІЛІМДАРЛЫҚ (мен көп оқығанмын, менің терсін білімім бар, мен сабактарға дайындалу үшін қосымша әдебиетті жиі пайдаланамын, мен ұғымпазбын, пайымдарымды дәлелдей, негіздей аламын)				
2.	СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ				
3.	ЕҢБЕКСҮЙГІШТІК (мен бар істі ұқыпты және әдемі атқарамын; мен мектепте алған білімдерім мен ептерімді практикада пайдалана аламын,				

	менде өзіме өзім қызмет көрсету әдеті бар, мен мектепте коғамдық пайдалы снбекпен айналысамын)				
4.	<b>ЫНТА</b> (мен окуда тырысамын әрі адалмын, зейіндімін, ұқыптымын)				
5.	<b>ТӘРТІПТІЛІК</b> (мен мектепте, көшеде, көлікте, коғамдық орындарда тәртіп ережелерін сақтаймын, мектепте сабактарды босатпаймын)				
6.	<b>ЖАУАПКЕРШІЛІК</b> (мен әркашан басталған істі акырына дейін жеткіземін, алған міндеттемелерді орындаимын, өз қылыктарыма жауап беруге әзірмін) – шешімді баламалардан таңдау керек				
7.	<b>АДАЛДЫҚ</b>				
8.	<b>ЭСТЕТИКАЛЫҚ ДАМУҒА ҰМТЫЛЫС</b> (менің ән айтуға, әдемі козғалуға,				

	билиеуге, сурет салуға, музыканы түсінуге үйренигім келеді, мен өмірден әсемдікті табуға тырысамын)			
9.	<b>ДЕНЕ ЖАҒЫНАН ЖЕТИЛУГЕ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА ҰМТЫЛЫС</b> (мен өзімді күтудің санитарлық- гигиеналық ережелерін сактаймын, денсаулығым туралы камкорлық жасаймын, еңбек және демалыс түзімін сактаймын, дене шыныктыру жаттығуларымен айналысамын)			
10.	<b>АДАМГЕРШІЛІК ҰСТАНЫМЫ</b> (мен адамгершілікке жатпайтын мінез- құлыкты қабылдамаймын, мен адамның белсенділігіне оның мінезінің калыптасуы байланысты екенін түсінемін)			

## ТӘРБИЕЛІЛІК ДЕНГЕЙЛЕРІ

*(Т.И.Шамова бойынша)*

**БАҒАЛАУ ӨЛШЕМДЕРІ:**

''5'' – түсінуге жеттім, мұны  
 өмірде басшылыққа аламын  
 ''4'' – бұл маған тән деп  
 ойлаймын  
 ''3'' – маған дәл баға беру қын  
 ''2'' – бұл менде әлі жоқ деп  
 ойлаймын  
 ''1'' – мен нұсқалған  
 көзқарасты қабылдамаймын

### 10 – 11 сынып

Pet N	Өлшемдер (қасиеттер)	Мен өзім	Ата- ананың бағасы	Сынып жетекшісінің бағасы	Жалпы баға
1	2	3	4	5	6
1.	БІЛІМДАРЛЫҚ (мен көп оқығанмын, менің терең білімім бар, мен косымша әдебиетті жиі пайдаланамын, мен үғымпазбын, мен пайымымды талдаң, салыстырып, дәлелдей, негіздей аламын, мен койылған мәселелерді шешуге шығармашылықпен				

	жәнс дербес карауға тырысамын)			
2.	<p><b>АДАМГЕРШІЛІК</b>  <b>ҰСТАНЫМЫ</b>          (мен әділеттілік,          қайырымдылық,          адалдық сиякты          жалпы адамзаттық          құндылыктарға          саналы түрде          жетемін; мен          адамгершілікке          жатпайтын мінез-          құлдықты          қабылдамаймын; мен          өз халқымның          тарихына ұқыпшен          қараймын; адам          өміріндегі рухани-          адамгершілік          құндылыктардың          қажеттілігін          түсінемін,          мамандықты          тандауға саналы          түрде қараймын)</p>			
3.	<p><b>ТӘРТІПТІЛІК</b>          (мен көғамдық          орындарда, көлікте          өз мінез-құлқымды          дербес бакылаймын          жәнс реттеймін,          мектепте сабактарды          себепсіз          босатпаймын)</p>			

4.	<p><b>ЭСТЕТИКАЛЫҚ ДАМУГА ҮМТЫЛЫС</b></p> <p>(менін әдемі козғалып, билей білгім келеді; музыканы тындал, түсінгім (сезінгім) келеді; мен өмірден әсемдікті табуға тырысамын; мен адамның ішкі және сырткы мәдениеті арасындағы байланысты көремін; мен өзімнін өмірлік каракетімді эстетика тұрғысынан ұйымдастыруға тырысамын)</p>			
5.	<p><b>СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ</b></p>			
6.	<p><b>ДЕНЕ ЖАҒЫНАН ЖЕТИЛУГЕ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА ҮМТЫЛЫС</b></p> <p>(мен денсаулықты күшеттуге саналы турде қараймын, күн сайын гимнастика- мен, дene шынық- тыру жаттығулары- мен айналысамын, мен зиянды әрекет- терге теріс қараймын</p>			

7.	АДАЛДЫҚ (мен шындыкты айтамын)				
8.	ДҮНИЕТАНЫМ (мен адам, көғам және табиғат дамуының тұтастығы мен бірлігін түсінемін, коршаган айналаны өзгерту мен табиғатты корғаудағы адамның рөлін сезінемін, мен өз көзқарастарым мен нағылайтын наным- сенімдерімді коргай білудің маныздылығын көремін)				
9.	ЕҢБЕКСҮЙГІШТІК				

## **АТА-АНАЛАР САУАЛНАМАСЫ**

### **1. Балаға кім болып келесіз?**

- Анасы
- Әкесі
- Қамқоршысы

### **2. Сіздің жанұялық жағдайыңыз?**

- Некесіз/бойдак
- Некеде/үйленген
- Некесіз тұру
- Ажырасқан
- Бөлек тұрамыз
- Жесір

### **3. Жанұяңызда қанша бала барын көрсетіңіз?**

- Ер бала \_\_\_\_\_ Қыз бала \_\_\_\_\_

### **4. Сіздің үйде қанша адам тұрады? \_\_\_\_\_**

### **5. Сіз жеке меншік үйде тұрасыз ба? Иә \_\_\_\_\_ Жоқ \_\_\_\_\_**

### **6. Сіздің табысыңыздың негізгі түрлері?**

- Зейнетақы
- Жәрдемакы
- Кездесіс табыс
- Жеке іскерлік
- Мемлекет тарапынан көмек
- Басқа да (көрсетіңіз)

### **7. Сіздің балаңыз мектептен кейін немен шұғылданады?**

- Өзінен кейінгі іні-қарындастарына карауға көмектеседі
- Сабағын орындайды
- Кітап оқиды
- Компьютердегі ойындармен ойнайды
- Теледидар, бейнефильм көреді
- Ата-анасының жұмысына көмектеседі
- Спорт, музыка мектептеріне барады

- Аулада ойнайды
- Басқа да (көрсетініз)

### **1. Үйде қай тілде сөйлесесіздер және қай мөлшерде?**

Tіл	Әрдайым	Кейде	Мүлде
1. Қазак			
2. Орыс			
3. Басқа (көрсетініз)			

### **9. Сіздің балаңыздың денсаулығы қалай?**

- Жиі салқын тиеді
- Асқынған ауру
- Мүгедек
- Артық салмақ
- Есту, көру қабілеті төмен
- Жақсы
- Басқа да (көрсетініз)

### **10. Жанұядагы әке білімінің деңгейі:**

- Толық емес орта білім
- Толық орта білім
- Арнайы орта білім.
- Толық емес жоғары білім
- Жоғары білім
- Ғылыми атағы

### **11. Жанұядагы ана білімінің деңгейі:**

- Толық емес орта білім
- Толық орта білім
- Арнайы орта білім
- Толық емес жоғары білім
- Жоғары білім
- Ғылыми атағы

### **12. Бала тәрбиелеуде сізді қинайтын нәрсе? \_\_\_\_\_**

---



---



---

**13. Сіздің балаңыз кітапханаға бара ма? Егер бармас: себебі не?**

**14. Балаңыздың жетістіктерін мұғаліммен жиі талқылайсыз ба?**

- Эрдайым
- Кейде
- Ешқашан

**15. Сіз тәрбиелеудің қай түрін тиімді деп санайсыз?**

- Заттай сыйлық
- Сөзбен мактау
- Сөзбен ұрсу
- Ұру
- Әңгімелесу
- Жағымды қылыштар
- Басқа да (көрсетіңіз)

**16. Сіздің ойыңызша, мектентегі білім неге байланысты?**

- Мектеп түрі (жеке, гимназия, жай)
- Мұғалімдер ұйымы
- Жеке мұғалім
- Қосымша секция, үйірмелерге
- Репетитордың сабабы
- Басқа да (көрсетіңіз)

**17. Сынып жетекшісіне, пән мұғалімдеріне, жалпы мектепке, мектеп әкімшілігіне айттын ой-пікірлеріңіз, ұсыныстарыңыз, тілектеріңіз болса жазып көрсетіңіз**

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

*Атсалысқаныңызға рахмет!*

### **Ата-аналарға арналған сауалнама**

- 1) Сіздің пікіріңізше, балаңызға қандай оң қасиеттер тән?
- 2) Балаңыздың бойынан қандай теріс белгілерді байқадыныз?
- 3) Өз балаңыздың бойында қандай аса маңызды қасиеттерді тәрбиелегіңіз келеді?
- 4) Балаңыздың үй ішінде тұрақты міндеті бар ма және ол оны қалай орындайды?
- 5) Балаңыздың белгілі бір күн тәртібі бар ма және ол оны қалай орындайды?
- 6) Балаңыз отбасының басқа мүшелеріне қалай қарайды, қажетті көмегін көрсете ме, жаны ашып, қорғай ма?
- 7) Балаңыз отбасы мерекелеріне қалайша қатысады, бұл ретте ол қандай бастама көтереді?

## ТЕМПЕРАМЕНТ ТҮРЛЕРІ

Темперамент туралы алғашқы ой-пікірлер ғылымда ете ерте кездің өзінде-ақ айтыла бастаған. Ежелгі грекияның белгілі ғалымы, дәрігер Гиппократтың (б.з.д. 460-356) еңбектерінде бұл жөнінде біраз пікірлер айтылған. Гиппократтың ойынша, әртүрлі темпераменттер адамдар мен жануарлардың денесінде төрт түрлі сұйық заттарға байланысты. Олар: денені жылдып тұратын – кан, салқыннататын – шырын, құрғататын – бауырдағы сары өт, оған дымдылық беретін – қара өт. Осы 4 түрлі сұйықтар араласуының пропорциясын грекше «красис» деп атаған. Латын тілінде бұл темпераменттүм деп аталады.

Сабак үстінде әр топ окушыларының үйде орындаған 4 темперамент типіне жасаған сипаттамасы қарастырылып, сол типке келетін сыныптағы окушыларға мінездеме беріледі.

1. **Сангвиник** – темпераментіне кіретін ашық, көпшіл, сөзшеш, кісіге қайырымды, қысылып қымтырылмайды, тіпті олар оптимист, өмір сүйгіш, көтеріңкі көңілді, басшылыққа, жетекшілікке құштар жандар болады. мұндай бала жылдам және тез қозғыш, көңіл-күйі жиі өзгергіш келеді, көп нәрсеге қызығады. Жұмысқа қабілетті, ал іс жоқ кезде сылбыр күйге түседі. Кейде мініezінде жеңілдік байқалады. Бәрін біліп алуға тырысады, бірақ бағыттап отырмаса, тез суып кетуі де мүмкін. Ақыл-ой әрекеті белсенді жүріп отырады, айткандарын қиналмай ұгады, сұрак қоюға жаны құмар. Оның сөзі жылдам, анық, түсінікті, сөзді мәнерлей айтуға тырысады. Олар басқа адамдармен тез тіл табысады. Сейлеменде ым-ишара (мимика) жағы басым келеді, көбінесе, эмоциясы козу жағдайында тұрады. Сангвиниктер өмірге икемді, тәрбиелеуге оңтайлы ширақ темперамент болып саналады. Сангвиниктер тапқырлық

пен зеректікті қажет етеді. Жұмыс үстінде төзімділікті көрсете отырып, нәтижеге жетуге тырысады.

**2. Флегматик** – ол өте сак, ұян, байсалды, жұртқа жақсылық тілейтін, сенімді, тұрақты, бірқалыпты. Ауыр мінезді, көрсе қызар емес, мәселені тез шешуге асықпайды, салқынқанды. Бір істі бастаса салпақтап соңынан қалмайды. Сезімдері сырт әлпетінен көрінбейді десе де болады. Дауыс екпіні баяу келеді, аптықпай асып-саспай сөйлейді. Сөзі ым-ишарапармен ерекшеленіп тұрмайды. Өзінің икемділіктерін жақсы көрсетеді. Флегматик темпераментіндегілер бір қалыпты және жақсы менгерілген жұмысты орындауға бейім. Флегматиктерді барлық уақытта асықтырып, құлшындырып отыру қажет.

**3. Холерик** – бұл ұшып-қонып тұратын, күйгелек, тынымсыз, шамданғыш, көніл-күйі жі өзгеретін, қарым-қатынаста аумалы-төкпелі, тұрақсыз, ашуланшаш болып келеді. Қимыл-қозғалысы батыл, шапшаң. Қызыққан жұмысына әбден беріліп, барлық ынтасын салып орындаиды. Онда ой-әрекеттің белсенділігін байқаута болады. Өз эмоцияларын, қимыл-қозғалыстарын билей алмай қабынып, «күйіп-пісуге» дайын тұрады. Ашуды шапшаң, қатты, қиянқы, ұнамсыз істерге әуес. Бұлардың сөзі жылдам, интонациясы толқымалы, кейде топ ішінде даусы қатты шығып та кетеді. Олар тез қызу сөйлеп, төңірегіндегілерді бірден ұйытады. Ерекшеліктері өткір көзінен, тез және онтайлы қозғалыстарынан жақсы байқалады. Ызакор, ашуланшаш келеді. Олар өзгелер арасында басшылық жасауға құмар, өзін жоғары санайды, карсы келсек ашуланып қалады. Холериктердің сезімі, көніл-күйлері сөзінен, қимылынан білініп тұрады. Олар әсерлі, мәнерлі сөйлейді.

**4. Меланхолик** – сәл нәрсеге ренжиді, өкпелегіш, пессимист, тұйық, сөзге сараң, аса баяу қозғалатын жайбасар. Қызарандап ұялады. Ол көпке дейін булығып,

белсенді сөз айтудан қалады. Ұялшак, тартыншақ, тұйық болғандықтан көпшіліктен аулак жүргенді жақсы көреді, сіркесі су көтермейді, біrbеткей, қыныр, қисық келеді. Көзге түспей жай ғана жүріп-тұрғанды ұнатады. Мен деп ешқашан ұмтылмайды. Бірақ өте сезімтал, басқалар көре қоймаған нәрсені тез байқайды. Олар сыртқы жағдайдан үрейленіп, секеніп жүреді. Жұмыс шапшандығы бір қалыпты емес. Үнемі өзімен өзі жүреді. Басқаруға ұмтылмайды.

Меланхолик темпераментінің өзі - әлсіз тип. Күшті типтегі темпераменттер: сангвиник, флегматик, холерик.

№	Окүшының аты-жөні	Холерик	Сангвиник	Флегматик	Меланхолик
2.					
3.					
4.					
5.					
6.					
7.					
8.					
9.					
10.					
11.					
12.					
13.					
14.					
15.					
16.					
17.					
18.					
19.					
20.					
21.					
22.					
23.					
24.					
25.					
26.					
27.					
28.					
29.					
<b>Барлығы:</b>					
<b>Сапасы:</b>					

## **Темпераментті зерттеу**

**Балалар сұраптарға «иә» немесе «жоқ» деп  
көп ойланбай жауап берулері керек**

1. Айналадағы шу мен әбігершілікті ұнатасың ба?
2. Сені қолдайтын достарыңды қажет етесің бе?
3. Сенен бір нәрсе сұрағанда бірден жауап табасың ба?
4. Сен кейде ашулы және абыржулы боласың ба?
5. Көңіл-күйің жиі өзгере ме?
6. Саған басқа балалармен кездескеннен гөрі, өзің жалғыз болғанды ұнатасың ба?
7. Әртүрлі ойлар саған ұйықтауға кедергі келтіре ме?
8. Сен саған айтқандай ойлайсың ба?
9. Біреуге қалжыңдауды ұнатасың ба?
10. Ешқандай себептерсіз саған кейде көңілсіз болды ма?
11. Сен өте көңілді адаммың деп айта аласың ба?
12. Мектепте сен тәртіп бұздың ба?
13. Көп нәрсе сені ашуландырды ма?
14. Тез жасалатын жұмыстар ұнайды ма?
15. Болайын деп, бірақ жақсы аяқталған корқынышты оқиғаларға ренжисің бе?
16. Кез келген құпияны саған сенуге бола ма?
17. Көңілсіз топты жандандырып жібере аласың ба?
18. Сенің жұмысына және өзіңе сын айтқанда тез абыржисың ба?
19. Еш себептерсіз сенің жүргегің соға ма?
20. Сен біреумен достасқың келгенде өзің бірінші болып бастайсың ба?
21. Сен өтірік айтып көрдің бе?
22. Достарына қызықты әңгімелер айтып, қалжындаудың ба?
23. Еш себептерсіз өзінді шаршаңқы сезіндің бе?
24. Алдымен сабактарыңды жасап, сосын ойнайсың ба?
25. Сенің барлықтарына көңілін тола ма және көңілдісің бе?
26. Сен тез өкпелейсің бе?
27. Басқа балалармен сөйлескенді, ойнауды жақсы көресің бе?

28. Шаруашылықта сенен туыскандарың көмек сұраса орындастың ба?
29. Сенің басыңның катты айналатын кездері бола ма?
30. Біреуді ыңғайсыз жағдайға қалдыруды ұнатасың ба?
31. Сен бір нәрсе жалықтырғанын жиі сезесін бе?
32. Сен кейде мақтағанды жақсы көресін бе?
33. Басқа адамдар тобында сен жиі үндемей отырасың ба?
34. Қобалжыған кезде орнында отырып қалатын кездер бола ма?
35. Сен тез шешім қабылдайсың ба?
36. Мұғалім жоқ жерде, сыныпта сен шуылдайсың ба?
37. Саған қорқынышты түстер жиі кіре ме?
38. Сен достарыңның арасында барлығын ұмытып, көнілдене аласын ба?
39. Сені тез ренжітүге бола ма?
40. Біреу туралы жаман айтып көрдің бе?
41. Сен өзінді аңқаумын деп айта аласын ба?
42. Сен ыңғайсыз жағдайға түсіп, сосын көп ойлайсың ба?
43. Саған берген нәрселердің бәрін жейсің бе?
44. Сенен бір нәрсені сұраса, «жоқ» деп жауап беру кын ба?
45. Қонаққа жиі баруды ұнатасың ба?
46. Өмір сүргін келмейтін кездер бола ма?
47. Ата-анаңмен дәрекі болған кездер бар ма?
48. Сен шулы және көнілді ойындарды жақсы көресің бе?
49. Сені көнілді адам деп айтуға бола ма?
50. Сабақ жасап отырғанда көнілің басқа жаққа жиі ауа ма?
51. Жалпы отырыстарда өзің қатынасқаннан гөрі, отырып қарағанды ұнатасың ба?
52. Әртүрлі ойлардың эсерінен саған ұйықтау кын ба?
53. Сен жоспарлаған жұмысты өзің істейтініңе сенімдісің бе?
54. Сен өзінді жалғызбын деп жиі сезінесің бе?
55. Бөтен адамдармен бірінші болып сөйлесуге ұяласың ба?
56. Кеш болса да, бір нәрсені істеуге шешім қабылдайсың ба?
57. Егер саған біреу айқайлласа, сен де айқайлайсың ба?
58. Ешқандай себептерсіз сен өзінді өте көнілді немесе көнілсіз сезінесің бе?

59. Шырша тойында, қонақтарда, ертеңгіліктерде нағыз рахат алу қын деп есептейсің бе?
60. Бір нәрсөні ойланбай істегеннен кейін сен жиі үайымдайсың ба?

### **Қорытынды**

Жауаптарды кілті бойынша тексер:

Жауап сәйкес келсе 1 балл. Шкала бойынша баллдар қорытындысын жаз.

I. (көпшіл, тұйық)

«Иә» жауаптары – 1, 3, 9, 11, 14, 17, 19, 22, 25, 27, 30, 35, 38, 41, 43, 46, 49, 53, 57.

«Жок» - 6, 33, 51, 55, 59.

II. (байсалды – женілtek)

«Иә» жауаптары – 2, 5, 7, 10, 13, 15, 18, 21, 23, 26, 29, 31, 34, 37, 39, 42, 50, 52.

I, II, III шкалалар бойынша балл жинағы:

Шкала корсеткіші	Темперамент түрі			
	холерик	сангвиник	флегматик	меланхолик
I	12-ден көп	12-ден көп	12-ден аз	12-ден аз
II	12-ден көп	12-ден аз	12-ден аз	12-ден аз

Егер шкала бойынша 5 баллдан жоғары болса, онда сұрақтарға жауап жалған және ықылассыз болғандығын көрсетеді. Сондықтан қорытыныды анық болмауы мүмкін.

## Медициналық жаднама

Оқушы \_\_\_\_\_ сыйныбы \_\_\_\_\_

1. Есепке алынған \_\_\_\_\_  
созылмалы ауру түрі

2. Негізгі ауруына байланысты мерзімді емделуді қажет  
ете ме? \_\_\_\_\_

3. Шектеу, қарама-қарсы көрсету  
\_\_\_\_\_

4. Қосарланып жүретін ауру түрлері \_\_\_\_\_

Дәрігердің колы \_\_\_\_\_

## **ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІКТІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

### **Проблемасы:**


Мектеп-интернат жағдайында ауыл балалары мен барлық оқушыларға білім мен тәлім-тәрбие беруде жоғары деңгейге қол жеткізуге үмтүлу, өздігінен білімді игеруге, қабілеттің ұштап-жетілдіруге, алған тәуір тағылымын оң іске жаратуға дайын тұлғаны қалыптастыру және дамыту.

### **Мақсаты:**


Қазақстандық патриотизм, ізгілік, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде әр шәкірттің тек өзіне тән ерекше қабілеттерін ескере отырып, қоғам мен адам туралы жүйеленген білімдерді игеретін, оларды өз бетінше төрөндете, кеңейте, шығармашылық тұрғыда пайдалана алатын жеке тұлғаны қалыптастыру және дамыту.

### **Міндеттері:**

- 1) Оқушылардың арнағы қабілеттерін анықтау және дамыту;
- 2) Оқушылардың табиғи интеллектуалдық қабілеттерін жан-жақты дамыту;
- 3) Оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;
- 4) Азаматтық пен елжандылыққа, туған ел мен жерге сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, ҚР Конституциясына қайши келетін және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу.



## Бірлестік құрылымы



### **Негізгі әдебиеттер:**

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы.
2. Әбенбаев С.Ш. Сынып жетекшісі.// Алматы – Даын. 2004.Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы.
3. Безкоровайный С., Жұмабаев А. Мектепте өткійзілетін тарихи-әдеби кештер. // Алматы: «Мектеп», 1968.
4. Бексейітова Б.Н. «Шікіртім, саған сенемін».// «Санат» баспасы. 2005.
5. Каган М.С. Мир обещаний: проблема межсубъективных отношений. // Москва, 1988.
6. Калейдоскоп родительских собраний. // Москва, 2001.
7. Коротов В.М. Самоуправление школьников. // Москва, 1981.
8. Кочетов А.Г. Самовоспитание учащихся. // Москва: «Просвещение». 1967.
9. Назаров И.Ф. Стать воспитателем. // Алматы, 1980.
10. Оқушыларды сабактан тыс уақытта тәрбиелеу. // Алматы: «Мектеп», 1975.
11. Оқушыларды тәрбиелеудің үлгі мазмұны. // Алматы: «Мектеп», 1978.
12. Педагогика здоровья. // Москва, 1991.
13. Психологические основы педагогики сотрудничества. // Киев, 1991.
14. Сухомлинский В.А. Таңдамалы педагогикалық шыгармалары. 3 томдық. // Москва, 1979.
15. Шелтон Г. Основы правильного питания.
16. Щуркова Н.Е., Финданцевич Н.С. Классный час и его организация. // Москва, 1984.

# **ӘЗІРЛЕМЕЛЕР, МАҚАЛАЛАР**

## **«Білімді мындағы жығар» тәрбие сағатының әзірлемесі**

### **Мақсаты:**

Оқушылардың алған білімдерін жүйелеу, білімдарлық деңгейі мен танымпаздық қабілетін арттыру, ой өрісін кеңеүтү.

### **Откізу тәсілі:**

Интеллектуалдық жарыс түрінде өтеді.

### **Жоспары:**

- I. «Бәйге» сайысы (бестік пән):
  1. Қазақ әдебиеті
  2. Тарих
  3. География
  4. Биология
  5. Химия
- II. «Полиглот» (ұш тілге аудару: орыс, қазақ ж/е ағылшын)
- III. «Эрудит» (Білімдар: Егерде мен... болсам)
- IV. «Мың бір мақал» (Отан, достық, төрт мұлік мал)
- V. Өнер сайысы

### **Ойынның өту барысы:**

Сынып оқушыларын 3 топқа бөлеміз.

1. «Болашақ» тобы

ұраны: *Асуларды алады жастар әлі,  
Зор болашақ бүгіннен басталады.*

## 2. «Аманат» тобы

ұраны: *Білім мен гибрат –  
Ертеңге аманат.*

## 3. «Жас үлан» тобы

ұраны: *Еңбекті сүйіп жасынан,  
Талпынып осер жас үлан.*

### **Бағалау әдісі:**

**I турда** әр дұрыс жауап **10 балл**

**II турда** кілт сөзді табу, оны орыс тіліне аударса – **10 балл**, ағылшын немесе араб тіліне аударса – **10 балл**, сонда барлығы – **20 балл**.

### **Қолданылатын әдіс:**

**III турда** әділқазылар алқасының көзқарасы бойынша әрбір капитан бағаланады, ал ең жоғары баға **20 балл**.

**IV турда** әр мақал **5 баллға** бағаланады. Әр топ 10 мақал айтуға тиіс.

**V турда** ең жоғары балл – **20**. Әділқазы көзқарасы бойынша.

### **Жүргізуши:**

Үлестен жалқау құр қалар,  
Білекті бүгін түрінбей.

Шынболат түяқ тұлпарлар,  
Сөреге жетсін сүрінбей.

Жарыстар өтсін алуан,  
Үкілі үміт ақталсын.

Сынасып күшін сан үлан,  
Жұлдесін алып шаттансын!

Ал осымен ойынымызды бастайық. Сіздерге ойында сөттілік тілеймін.

## *I түр. «Бәйге»*

### **1. Қазақ әдебиеті.**

- 1) Тұрмыс-салт жырлары ж/е оның түрлері (әдет-ғұрып, еңбек, шаруашылық, төрт түлік мал)
- 2) Ер Тарғынның сүйіктісі (Ақжұніс)
- 3) Алпамыстың сүйеген жары (Гүлбаршын)
- 4)           Дүшпеннан көрген қорлығым  
                 Сарсу болды жүрекке,  
                 Он жетіде құрсанып,  
                 Қылыш ілдім білекке.  
                 Жауға қарай аттаным,  
                 Жеткіз деп құдай тілекке!

Осы жыр үзіндісінің авторы кім? (Ақтамберді жырау)

### **2. Тарих.**

- 1) Ежелгі түркі тілдес халықтардың кір жуып, кіндік кескен отаны (Орталық Азия, Алтай өнірі)
- 2) Батыс өнірдегі отаршылдыққа қарсы шыққан батыр (Сырым Датұлы)
- 3) «Жұз» деген атау қандай мағына береді? (бір мемлекеттегі әр түрлі шаруашылықпен айналысатын тайпалардың қоныс аумағы. Шаруашылық аймаққа байланысты бөліну)
- 4) Абылайдың халық алдындағы беделінің өсүіне қандай жағдай әсер етті? (Үш жүздің басын біріктіру)
- 5) Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша мемлекетіміздің басшысы кім? (Президент)

### **3. География.**

- 1) Ең биік сарқырама (Анхель)
- 2) Қазақстандағы ең биік шың (Хан-Тәңірі)
- 3) Ең үлкен мұхит (Тынық мұхиты)


- 4) Қазақстанның қай өзенінің бір жағалауы Еуропада, екінші жағалауы Азия бөлігінде жатыр (Ертіс)
- 5) Арап теңізінің апатқа ұшырауының басты себебі неде? (Сырдария мен Әмударияның ағысын бұзу, оған ол өзендердің су құймауында)

#### 4. Биология.

- 1) Африкада кездесетін жабайы ат (мустанг)
- 2) Қандай жасуша қаннның құрамында болмайды? (Нейрон)
- 3) Ағзадағы зат алмасу дегеніміз не? (заттың сыртқы ортадан түскеннен бастап ыдырау өнімдерін шығарғанға дейін жүретін процесс)
- 4) Бір тәуліктегі ересек адамға қажетті майдың мөлшері (адамның өз салмағына тұра пропорционал)

#### 5. Химия.

##### «Атақты химиктер» анаграммасы



## **Сұрақтары:**

- 1) Біркатарап элементтердің салыстырмалы атомдық массасының тұнғыш кестесін жасаған ғалым (Дальтон)
- 2) Химиялық қосылыстар құрамының тұрақтылық заңын ашқан кім (Пруст)
- 3) Валенттілікті ең алғаш ашқан кім (Франкленд)
- 4) Химиялық реакциялар типтерінің бірі (қосылу)
- 5) Қай ғалым сынап оксидін айырып, оттегін алды (Прустли)
- 6) Салыстырмалы атомдық массасы 197 болып келетін химиялық элемент (Алтын)
- 7) Сутегін таза күйінде алған ғалым (Генрух)
- 8) Радиоактивтілік құбылысын ашқан ғалымның бірі (Кюри)
- 9) Атом-молекулалық ілімнің негізін салушы ғалымдардың бірі (Ломоносов)
- 10) Осы кезде қолданып жүрген химиялық элементтердің таңбаларын енгізген ғалым (Берцелиус)
- 11) Металдардың ығыстырыу қатарын ең алғаш жасаған орыс ғалымы (Бекетов)
- 12) Элементтерге «бастапқы қарапайым денелер» деп анықтама берген ағылшын химигі (Эрнест)
- 13) Ауаның оттегі мен азоттан тұратынын анықтаған швед химигі (Шим)
- 14) Газдар туралы заңды ашқан италиян химигі (Авагадро)

## ***II тур. «Полиглот»***

Бұл турда берілген тапсырмаларды үш тілге аударамыз.

### **Мақал-мәтелдер**

- 1) Ұстаздан... озар (Шәкірт)

- 2) Көз корқақ... батыр (қол)
- 3) Дүшпан құлдіріп айтады,  
... жылатып айтады (дос)
- 4) Тентектің... түстен кейін кіреді (акыл)

### **Жұмбақтар**

- 1) Үй үстінде алтын тас,  
Алайын десем табылmas. (Жұлдыз)
- 2) Жылт-жылт еткен,  
Жылғадан өткен. (Су)

### **Өлең үзінділерінен**

- 1) ... алтын бесік аялаған,  
Адамзатқа еш нәрсесін аямаған. (Табиғат)
- 2) Таулардан... арқыраған,  
Айнадай сөуле беріп жарқыраған. (Өзен)

### **III тур. Эрудит (Білімдар)**

#### **«Егер де мен... болсам»**

Бұл турда өр топтың лидерлері жеребе тастан таңдаған бағдарын қорғап шығады.

- 1) Егер де мен эколог болсам
- 2) Егер мен мұнай мен газ кенінің үлкен қорын тапсам
- 3) Егер мен білім министрі болсам

### **IV тур. «Мың бір мақал»**

Капитандар шығып өздерінің таңдаған тақырыбына байланысты мақал айттып жарысады.

Тақырыпты жеребе таставу арқылы таңдайды.

## **Такырыптары:**

- 1) Достық
- 2) Отан, туған жер
- 3) Төрт тұлік мал

## **V тур. Өнер сайысы**

Әр топтан өнерлерін көрсететін оқушылар шығып ән айтып, би билеп, күй тартып, ең әдемі сурет салу арқылы жарысады.

(«Сыныптағы тәрбие» журналы №3-4, 2006)

## ***“Азаттық - Алаш арманы”*** тәрбие сағатының әзірлемесі

**Такырыбы: «*Азаттық - Алаш арманы*»**

**Мақсаты:** Оқушыларға қазақ халқының ғасырлар бойы басынан өткен қыншылықтарын айта келіп, осы қын зұлмат жылдары елінің азаттығын, еркіндігін аңсаған ұлт зиялыштарына тоқталу. Өз елін, жерін қорғайтын үрпақ тәрбиелеу.

**Жүргізілу әдісі:** Сұрак-жауап түрінде ой-пікір алдысу.

**Тәрбие сағатының түрі:** Кіріктірілген әдеби-музыкалық композиция.

**Көрнекілігі:** буклеттер, Тәуелсіздік күніне арнайы шығарылған қабырға газеті, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың рәміздер туралы жазылған сөздері, ерлік, Отан, туған жер

туралы нақыл сөздер, үнтаспа, музыкалық аспаптар.

### **Тәрбие сағатының барысы:**

1. Ұйымдастыру кезені.
2. Кіріспе сөз.
3. Тәуелсіз ел – Қазақстан.
4. Тарихи оқиғалар.
5. Тәуелсіздік алғаннан кейнгі қол жеткен жетістіктер, шежіре.
6. Қорытынды.

### **Тәрбие сағатының мазмұны:**

- 1) Тәуелсіздік жолында құрескен тұлғалар туралы әңгіме.**
- 2) Тарихи оқиғалар тізбесі.
- 3) Желтоқсан құрбандарына тағзым ету.
- 4) Тәуелсіздік жылдарының шежіресі.

### **Kіріспе.**

Ой да ортақ, той да ортақ дегендей, сіздердің назарларыңызға Тәуелсіздігіміздің бір мүшелге толған тойына арналған «Азаттық – Алаш арманы» атты тәрбие сағатымызды ұсынамыз. Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ – нағыз батыр халық екенін мойындайсың. Жүгі на尔да, қазаны тенде болып көшіп-қонып өмір сүрген атабабаларымыз үш нәрсені бойтұмардай сақтап, қадірлеген. Олар ел мен жер және ана тілі. Қандай халық болmasын осы үшеуінсіз егемен ел екенін дәлелдей алмайды. Ал енді біз тәуелсіздік үшін құрескен тұлғаларға тоқталайық.



## **I-бөлім. Тәуелсіз ел – Қазақстан.**

**Жүргізуші:** Халқының тәуелсіздігі үшін отқа түскендер, даңқы жер жарып анызға айналған ерлер кімдер еді?

**Оқушы:** Қазақты ел еткен Әз Жәнібек, Тәуке, Абылай хандар, жерін қорғаған Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай сынды батырларымыз. Елге ақылын айтқан, дауларын шешкен Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билеріміз еді.

**Оқушы:** Егемен ел, тәуелсіз мемлекет болу жолында өмірін сарп еткен Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев сынды арыс азаматтарымыз сүркия саясаттың құрбандарына айналды.

**Жүргізуші:** Біз басымыздан талай қыыншылықтарды өткізе отырып ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздікке қай жылы жеттік?

**| Оқушы:** 1991 жылғы 16 желтоқсанда.

**Жүргізуші:** Дала да думан, қала да думан жыр бүгін,  
Фасыр бойы аңсай да күткен бұл күнім.  
Жасай бер, жаса аскардан аса әрқашан,  
Кеудеме әкеп қондырған бақыт бұлбұлым,  
Тәуелсіз Қазақстаным!

**Жүргізуші:** Тәуелсіздік деген үғымды қалай түсінесін және оның түрлері?

**Оқушы:** Саяси, экономикалық тәуелсіздігі бар елді – тәуелсіз ел деп атایмыз. Біріншіден: саяси дербес жеке мемлекет ешкімге бағынбайды, өзінің аумағы, яғни

территориясы, Ата Заңы, әскері мен шекарасы болады. Екіншіден: экономикалық тәуелсіздігі дегеніміз өзінің жеке экономикасы, ұлттық валютасы, қаржы жүйесі бар, сыртқы елдермен сауда-саттығы және экспортты бар ел.

## II-бөлім. Тарихи оқиғалар.

**Жүргізуші:** Қазақстан дейтін менің бар елім,  
Жатыр алып жарты дүние өлемін.  
Бұл даланы анам жаспен суарған,  
Бұл далаға жылап келіп қуанғам.  
Бұл далада өскен жанды арман жоқ, - деп,  
Қасым Аманжолов ағамыз жырлағандай, кең байтақ  
жерімізде қазақ халқының басынан не өтпеді десенші?!

**Оқушы:** Қазақ халқы азаттық үшін талай қындықты  
бастаң кешірді. Бірақ ешқашан мойымады, күресе білді.  
Азаттық таңы туатынына кәміл сенді. Енді осы кейір  
тарихи оқиғаларды еске түсіріп өтейік:

1723—1725 ж.ж. Ақтабан шұбырынды.  
1837-1847 ж.ж. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-  
азаттық көтерілісі.  
1836-1838 ж.ж. ішкі Бөкей ордасындағы көтеріліс.  
1916 ж. Амангелді Иманов бастаған ұлт-азаттық  
көтерілісі.  
1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысы.  
1986 ж. Желтоқсан оқиғасы.  
(Әр жылдардағы тарихи оқиғалар жөнінде оқушылар өз  
білетіндерін  
айтып шығады).

**Жүргізуші:** Тағы қандай тарихи оқиғалар туралы айтуда  
болады?

**Жүргізуші:** Толассыз күрестердің занды жалғасы, әрі қорытындысы 1986 жылғы 16 желтоқсандағы оқиға болды. Кейбір саясатшылар мұнің мәнісін оқиға деп айтқанымен, шын мәнісінде бұл тарихқа Желтоқсан көтерілісі болып енді. Осы көтеріліс басқа да толып жатқан себептермен қатар 1991 жылы тәуелсіздікке қол жеткізуімізге дұмпу болды.

**Оқушы:** Азат рухты риясyz, мен шын сүйем,  
Тәуелсіздік – тәу етер жалғыз кием.  
Жақсы күнге жете алмай шәһит болған  
Желтоқсан құрбанына басымды ием.

**Жүргізуші:** Желтоқсан оқиғасының күрбандары жайында не білеміз?

**Оқушы:** Қазақ халқын дүние жүзіне танытқан бұл оқиғаның алғашқы құрбандары Қайрат Рысқұлбеков, Ләzzат Асанова, Жансая Сәбитова, Ербол Сыпатаевтарды еске алып, олардың рухына тағым ету – парызымыз. 1986 жылдың желтоқсаны бүкіл ұлттымыздың жаңын жарапап, жүргегіне ызғар шашып кетті, бостандық үшін өрімдей жап-жас қыз-жігіттер құрбан болды. Біз әрдайым Қайраттың отжүрек үніне, қыздардың намысын қорғаған ерлігіне, құнәсіз күйіп кеткен келбетіне бас иеміз.

**Жүргізуші:** 1 минут ұнсіздік жариялаймыз.  
(Оқушылар Қ.Рысқұлбековтің «Ақтық» өлеңін кезектесіп оқиды)

**Жүргізуші:** «Көтер, Ана, басынды!». Әні Жоламан Тұрынбаевтікі, өлеңі Абдрахман Асылбековтікі. Бұл ән Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтің анасына арналған.

(ән хормен айтылады)

**Оқушы:** Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 1996 жылғы желтоқсанның 9-ы күнгі Жарлығымен желтоқсан оқиғасы кезінде елінің бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы азаматтық ерлігі үшін марқұм Рысқұлбеков Қайрат Ноғайбайұлына Халық қаһарманы атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі Алтын жұлдыз тапсырылды.

**Оқушы:** Озбырлық күшпен тұншығып,  
Үміттің оты өшкен күн.  
Жанына таптай бір шындық,  
Ер Қайрат қыршын кеткен күн.  
Қайғы езіп, елдің еңсесін  
Жаншызы-ау жанын батпан күн.

**Барлығы:** Енді қайтып келмесін  
Сол бір қарғыс атқан күн!

**Жүргізуші:** Ал сендер Қайрат, Ләzzат сияқты ағапаларының орнында болсаңдар, не істер едіндер?

### III-бөлім. Тәуелсіздік шежіресі.

**Жүргізуші:** Міне, бүгін сол азаттық таңының арайлан атқанына 1 мүшел толды. Енді басты бақыттымыз – Тәуелсіздік шежіресіне ой жіберейік.

(Оқушылар тәуелсіздік жылдарындағы ең басты елеулі оқиғаларды кезектесіп айтып өтеді)

**Жүргізуші:** Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін мектебіміз қандай жетістіктерге жетті?

**Жүргізуші:** Осының бәрін корытындылай келіп,

Қазақстан 2030 жылды қандай мемлекет болады деп ойлайсың? (Бір тілек айту)  
(«Қазақ елі» өні)

### **Қорытынды**

(Жұбан Молдағалиевтың «Мен қазақпын» поэмасынан үзінді оқылады)

Мен қазақпын, бір биік белеспін мен,  
Еуропа да, Азия да емеспін мен.  
Аралықпын жетінші материктей,  
Бірақ барша адаммен тең өстім мен.

Мен қазақпын, биікпін, байтақ елмін,  
Қайта тудым, өмірге қайта келдім.  
Мен мың да бір тірілдім қайта өлмеске  
Айта бергім келеді, айта бергім.

(«Мектептегі сыйыптан тыс жұмыстар» журналы №4, 2006)

### **Жаңа жылдық мерекелік кешке арналған әдеби-музыкалық саҳнадың қойылым**

**Тақырыбы:** *«Ертегілер елінде»*

**Мақсаты:** Қазақтың халық ертегілеріндегі жағымды және жағымсыз кейіпкерлердің сөйлеген сөзі, іс-әрекеті арқылы ізгілікке, жақсылыққа тәрбиелеу.

**Жүргізу әдісі:** Кейіпкерлерлі кейіптеу, ойын-сауық.

**Тәрбиелік іс-шараның түрі:** Мерекелік әдеби-музыкалық

сахналық қойылым.

**Көрнекілігі:** Қазақтың халық ертегілерінің сюжеті бойынша салынған суреттер, буклеттер, альбомдар, үнтаспа, музыкалық аспаптар.

### Қатысушылар:

1. Бастауши
2. Мыстан кемпір
3. Тазша бала
4. Аяз ата
5. Ақшақар
6. Алдар көсе

### Барысы:

Мерекелік іс-шара өтетін зал қазақтың халық ертегілерінің негізінде салынған суреттермен безендірілген. Ортада – үлкен де әсем шырша. Ол түрліше ойыншыктармен, ою-өрнектермен көркемделген. Музыка ойнап тұрады. Балалар екі-екіден сап түзеп, шырша маңына жиналады. Олар ортада тұрған шыршаны айнала қоршап, дәнгелене тұрады.

**Бастауши:** Ак киімді, денелі, ак сақалды,  
Сокыр, мылқау, танымас тірі жанды.  
Үсті-басы ак қырау, түсі сұық,  
Басқан жері сықырлап, келіп қалды...

*Осы кезде қолында ұстаган ұзын сыныргышы бар, үсті-басы алба-жұлба Мыстан кемпір күтпеген жерден шыға келеді. Жан-жаяғына алақ-жұлақ коз тастайды.*

**Мыстан (Бастаушиға):** Қателесесің, балақай! Олай емес! Тіпті де олай емес! Шыршаға қатысуға менің де хақым бар. Мә, көр, нанбасан, рұқсат қағазымды. (Өзіне өзі) Осыдан кештерінді бұзып кетпесем, мыстан атым құрысын!

*Мыстан кемпір қалтасынан бір жапырақ қагазды суырып алып, Бастаушиның дәл коз алдына апарып сілкілей бастайды, бірақ қолына бермейді. Одан шегініп кетеді де, алқа-қоташ тұрган балаларга көрсеткен болады.*

**Мыстан:** Қайдағы Жаңа жыл? (балаларды нұсқап)  
Мыналар не ғып тұр? Әй, балалар, тараңдар! Ешқандай жаңа жыл мерекесі болмайды. Қазір қар жауады, боран соғады. Үйлеріңе барындар, жаурап қаласындар!

**Бастауши:** Мыстан әже, сәл сабыр етіңіз. Сіз бірдеңені шатыстырып тұрган шығарсыз. Бізде Жаңа жыл тойы өтіп жатыр. Қазір «Ертегілер елінен» құрметті қонақтар келуі керек.

**Мыстан:** Ешкім де келмейді. Мен бәрін дұғалап тастағам. (*Мыстан кемпір шыршаны айнала жүгіріп, зікір салып, дуасын оқиды, бұрқылдан жынын шақырады. Шашының бір талын жұлдып алып, оны бірнеше бөлшекке бөліп алып, урлайді*)

**Бастауши:** Енді қайттік? Ә, бәсе, міне келе жатыр ғой біреулер. (*Қолында домбыра, әндемін Тазша бала, домалаңдан Қаңбақ шал келеді*)

**Тазша (iılın):** Амансыздар, халайық. Жаңа жыл құтты болсын!

**Мыстан:** Такылдаған сен кімсің, ей? (*Өзіне*) Мен не ғып сені білмеймін?

**Тазша:** Е, мен елге Тазша атанған, халқыма қылышыммен жақкан тазша баламын, әже.

Ау, тойды бастамай не ғып тұрсындар?

**Бастауши:** Мына Мыстан тойға келе жатқан «Ертегілер елінің» елшілерін сиқырлап, ұйықтатып тастапты. Не істерімізді білмей тұрмыз, Тазшам.

**Тазша:** Айтпақшы, Мыстан әже, мына тойда өзіңізге арнап бір өлең айтып бергім кеп тұрганы.

**Мыстан:** Керегі жок өлеңінің. Білем мен сендерді!

Бәрің жек көресіндер. Ана ак басты кемпір-шалдардан бастап, мына тұрған балаларға дейін мені иттің етінен жек көреді. Білем мен сендерді...

**Тазша:** Сәл сабыр етініз, әжетай! Әуелі тындаң көрмейсіз бе?

Оу, халайық, қараса,  
Әжем қандай тамаша!  
Ақ тістері маржандай  
Тізіліп тұр жараса!  
Келбетіне қарасам,  
Жаңа жылдың аппақ қарындаі.  
Оймақ ауыз, бұраң бел,  
Кім жек көрер осындаі  
Өзі сұлу, ақылды  
Менің Мыстан әжемді-ай!

**Мыстан:** Ой, айналып кетейін, Тазшам! Қой, болмас! Мен барып әлгі құрметті қонақтарды сиқырдан арылтып осында жіберейін. Олар да тойласын.

Міне, енді ертегі басталады, аздал күте тұрындар!  
*(Мырс-мырс күліп, шыриша маңындағы қаумалаған жүрт арасынан шығып кетеді)*

*Осы кезде залга арқасында қабы, бір қолында аса таяғы бар Аяз ата кіреді. Ол өз соңынан Ақшақарды еріксіз ертіп әкеле жатқан тәрізді. өйткені Ақшақар залга кіргісі келмей, тартыншақтан, шегіншектей береді, жылай бастайды.*





**Аяз ата бастаушиның қасына келіп, қабын жерге қояды, аса таяғын қолына алады. Шырша маңындағы балалардың назары соларга ауады.**

**Ақшақар (жылап):** Бармай-мын. Көр-мей-мін. Үй-ге қай-та-мын!

**Аяз ата:** Не деп тұрсың, сен өзің? Біз мына мерекеге келіп тұрмыз ғой. (*Балаларға қарап*) Амансындар ма, балалар!

**Балалар (барлығы):** Сәлеметсіздер ме, Аяз ата!

**Аяз ата:** Міне, бұл жерді қазір екеуміз көңілді етеміз. Ал, балалар, кәне, бәрің қосылып, менің жақсы көретін бір әнімді айтып жіберіндерші. Сейтіп, мына Ақшақарды көңілдендіріп алайык. (*Балалар бәрі қосылып «Елка жырын» айтады. Қабагын түйіп түксіп алған Ақшақар өкпелеген кісіше бұртиып, бір бұрышта шыраға қарап отыра береді*)

**Бастаушы:** Аяз ата, айтыңызы, Ақшақарға не болды?

**Аяз ата:** Не болғанын өзім де білмеймін, балам. Эу баста көңілді еді, күліп-ойнап жүрген. Сендерге арнап жаңа бір өлеңді айтып бермек те болған. Ол осында жақындағы бергенде, сүрініп қалып, жылап жіберді. Міне, осыдан бастап Ақшақар емес, ертегілерде айтылатын қайдағы бір Құлмес қыз болып шыға келді.

**Бастаушы (жұлып алғандай):** Аяз ата, тоқтай тұршы!.. Жаңа ғана осы жерде Мыстан кемпір болып, төңіректі дуалап кеткен-ді. Бізді ертегілер еліне айналдырмақ болған-ды...АқшақарАқшақар

**Аяз ата (үреіленіп):** Не дейсің? Мыстан кемпір

дейсің бе? Ол мұнда қайдан жүр? Ай-ай-ай! Қалайша, сендер оны араларыңа жіберіп алдыңдар! Оның осы уақытқа дейін адамдарға жасаған жамандығы аз болып па еді?! Оның сиқырларына қалай жол беріп жүрсіндер?

**Бастауши:** Ол бізге «Мерекеге қатысуға еркім бар, рұқсатым бар» деп, қасарысып тұрып алды емес пе?

**Аяз ата** (*курсінін*): Солай еді десендерші! Oh, оңбаған, Мыстанның бармайтын жері, баспайтын тауы жоқ. Мына Ақшақарды Құлмес қызға айналдырып кеткен дәл соның өзі болды ғой.

**Бастауши:** Солай, балалар! Мейрамның басын бүлдіріп алған өзіміз екенбіз. Демек, оны түзетуге тиісті де өзіміз! Ақшақарды мыстан кемпірдің арбауынан азат етіп, дуасынан аршып алу үшін біз оны қайткен күнде де күлдіруіміз керек. Сонда ол Құлмес қыздан қайтадан Ақшақарға айналады. Сондықтан ән шырқап, би билейік.


*Шырша маңында күлдіргі би (мәселен, «Аю биі») ойналады. Балалар «Бір, екі, үш, Ақшақар, күлімде! Бір, екі, үш, Ақшақар, би биле!» деген сөздерді қосылып айтады. Көңілді ән айтып, өлең оқиды. Сондай-ақ Қоян, Тұлқі, Аю т.б. болып би билейді. Топ алдына шығып олең айтып, би билеп көзге түскен бірнеше жас өнерпазга Аяз ата мен Бастауши сыйлық тапсырады, ойыншиқ, конфет үлестіреді.*

**Аяз ата:** Дегенмен, біздің бұл ісімізден ештеңе шығатыны көрінбейді. Ақшақардың қабағы ашылар емес. Енді не істейміз?

**Бастауши:** Осы біз Алдар көсөні көмекке шақырсақ қайтеді? Ол толып жатқан пері-диюлармен, жын-шайтандармен таныс әрі жолдас қой. Мүмкін, солар бірдене етіп көмектесер.



**Аяз ата:** Дұрыс айтасың, қызым. Тауып кеттің! Ал, кел, балалар, бәріміз бірігіп Алдар көсені шақырайық. (Қолындағы аса таягымен жерді салып-салып қалады)



Ей, әлемнің құстары,  
Дүниені кезіп ұш, кәні!  
Хайуан біткен, барындар,  
Шартарарапқа шабындар.  
Әлемге жар салыңдар,  
Алдарды іздеп табындар!  
Кешікпесін, тездетсін,  
Осы жерге тез жетсін!

(Аса таягымен жерді тағы бір салып қалады)

Сырттан құстардың саңқылдаган үні, аңдардың арсылдаган дауысы естіледі. Есіктен шайтанарба мінген Алдар көсे көрінеді. Ол арба үстінде сыйызғысын ойнап отырады.

Шайтанарба шыршаны бір айналып шығып, шыршаның екінші шетіне тоқтайды. Алдар көсे ойнын тоқтатып, копшілікке басын ип сәлем береді.

**Алдар көсө (коңілді):** Көңілді кешке қатысуышыларға бір сәлем! Аяз ата мен оның немересі – Ақшақарға мың сәлем! Ай-көк! Ай-көк! (Әндемін отырып, арбадан секіріп түседі) Аяз ата, мені неге іздедіңіз, не үшін шақырттыңыз?

**Аяз ата:** О, бауырым менің! Боздағым менің! Сен баяғы қалпынан әлі өзгермепсін ғой. Өз аяғыңмен жүрмей, шайтанды жегіп алыпсың. (Сонсоң түнеріп) Сені шақыртқан себебім мынау еді. (Қолымен Ақшақарды нұсқап) Мына баланың кабағы түсіп, қасіret тартып кетті. Мұны әлгі Мыстан кемпір дуалап кетілті. Енді оны тек күлкімен ғана жазып алуға болады. Сондықтан оны күлдіру керек, деседі. Алдаржан, осыған дәрү сенің қолынан келмесе, басқамыз күлдіре алмай қойдық.

**Алдар көсе (қиналып):** Бұл – қыын мәселе. Бір менің қолымнан түк те келмейді. Бұған мына балалардың көмегі керек?..

**Бастауышы:** (оған барлығы қосылып): Иә, иә! Көмектесеміз.

*Алдар көсе ойын ойнатады. «Қораз» деген ойынның тәртібін түсіндіре бастайды. Ақ бормен ортадан шеңбер сзылады. Оның ішіне екі оқушы кіріп алып, бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Сонан соң бір аяқтарын көтеріп алып, екінші аяқтарымен гана жер басып жүреді де, бірін-бірі иықтарымен итеріспін, бірін-бірі шеңберден итеріп шығаруга тырысады. Ойын екі-үш рет қайталанады. Ойынның соңғы кезінде оған Алдар көсе де араласып кетеді. Бір кішкене баламен ойнап, жығылып жеңіліп қалады. Мұны көрген балалар мәз-мейрам болып күледі.*

**Алдар көсе (Ақшақарға):** Қалай, қызық па?

**Ақшақар:** Қызық! (Арт жағынан Мыстан кемпір келіп: «Қызық емес» деп айт, дейді. Мұны естіген Ақшақар да соны қайталайды) Қызық емес.

**Алдар көсе:** Сенің қай сөзіне сенеміз? Біресе «қызық» дейсің, біресе «жок» дейсің?

**Балалар (Мыстан кемпірді қолдарымен нұсқап көрсетіп, шулап):** Мыстан! Мыстан! Ақшақарға сыйырлап тұрған. Мыстан кемпір...

*Алдар көсе Мыстан кемпірді ұстап алады. Екеуді алыса кетеді. Ақшақар Аяз атанаңын жасына барады. Алдар көсе мыстан кемпірді желкелеп, ортага алып шыгады.*

**Мыстан кемпір (қасарысып):** Жо-қ, жо-қ! Бәрібір, Ақшақар күлмейді. Бәрібір, менің тілегенімдей сендердің мейрамдарың қызықсыз, көнілсіз өтеді!

**Алдар көсе (жекіріп):** О, онбаған Мыстан! Ойлайтының – арамдық, істейтінің – жамандық! Бәрібір,

сениң дегениң болмайды. Жауыздықты ауыздықтаймыз. Кәне, көріп тұрайық, кімнің сиқыры басым, дуасы күшті екен!

*Алдар көсе Мыстан кемпірді биге алып шыгады. Сол сәтте мыстан кемпірдің қолынан сыптырышты түсіп кетеді де, өзі қиқаң-қиқаң етіп билей жонеледі. Оның биі балалардың күлкісін келтіреді. Ол өте тез, өте шапшаң билейді де, тез шаршап, алқынып қалады. Соңсоң Алдар көседен оның ақырынырақ, баяулау ойнаудын өтінеді.*

**Мыстан кемпір** (жалынып): Алдар көсе, күнім, жаным! Босатшы мені. өмір бақи ұмытпайын. Құлың болайын. Бұдан былай ешкімді де сиқырламаймын, дуаламаймын...

**Алдар көсе:** Біз оны мына балалардан сұрайық. Олар бұған қалай қарайды екен. Олар не десе, сол болады. Ал, балалар, қалай қарайсыңдар? Мыстан кемпірді босатып жіберейік пе, әлде...

**Балалар:** Жок, босатуға болмайды. Тағы да билей түссін.

*Би жалгаса береді. Мыстан кемпір зорға билеп жүріп, балаларға жалынаады. өзінің әлсіз, ауру, кәрі кемпір екенін айтып, өзін аяуды, босатуды өтінеді. «Би» күйі одан сайын күшійе, шапшаңдастыла береді. Бір кездे бидің екпініне шыдай алмай, Мыстан кемпір құлап түседі. Құлап жатып, аяқ-қолын ербендеңдеді. Мұны көрген Ақшақар еріксіз езу тартып, күлімсірек бастайды, соңсоң сиқылышқап құліп жібереді.*

Осы кезде шыршаның шамдары жағылады. Мыстан кемпір орнынан атып тұрып, сыптырышты ат қылыш мініп алып, шырша маңынан шауып шығып кетеді. Балалар оны «кет», «бар», «жонел», «жогал» деген сөздермен айғайлап шығарып салады.



**Балалар:** Алдар аға, сізге көп-көп рахмет! (*Алдар көсө қолын кеудесіне қойып, басын иеді. Балалар қол шапалақтайды*)

**Аяз ата:** Ал енді Алдар көсенің құрметіне бәріміз күмбірлете күй төгіп, асқақтата ән шырқап, мың бұрала би билеп береміз. Бұл әрі Жаңа жылға деген тартуымыз болсын.

*Аяз ата, Ақшақар, Алдар көсө бастаган бір топ ұлдар мен қыздар ортага шығып би билеп береді. Сонсоң жекелеген оқушылар өз өнерлерін көрсетеді.*

**Аяз ата:** Балалар, сендердің бұл Жаңа жылда да жақсы оқып, тәртіпті болып, жаңа женістерге жетулеріңе тілектеспіз.


**Балалар (қосылып):** Рахмет! Рахмет! (*Кол шапалақтай*)

**Аяз ата:** Балалар, қайратты болып, кездескен киындықты жеңе біліндер. Жақсылықтың жеңісі үшін құреске әрқашан әзір болындар!

**Балалар (барлық салют берін):** Әрқашанда әзірміз!

*Аяз ата, Ақшақар, Алдар көсө арбасын жетектеп, шырша маңынан шығады. Балалар оларды ұзақ қол шапалақтап шығарып салады.*

(«Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар» журналы №11, 2006)



## **«Ынтымакты отбасы» тәрбие сағатының әзірлемесі**

**Тақырыбы:**      **«Ынтымакты отбасы»**

**Мақсаты:** Ата-аналар мен балаларды сайысқа қатыстыра отырып, олардың халық ауыз әдебиеті, салт-дәстүрі туралы білімдерін байқау. Ән-би, қол өнері тәрізді халықтық өнерден хабардарлығын анықтау. Отбасы – Отанның бір бөлшегі екендігін ұғындырып, оқушыларды ынтымақ пен бірлікке, татулық пен үйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Жүргізулу әдісі:** Ата-аналар мен балалардан құралған командалар арасындағы сайыс түрінде өтеді.

**Көрнекілігі:** Қазақстан Республикасы рәміздерінің суреттері, Отан, отбасы, ынтымак-бірлік туралы мақал-мәтелдер жазылған плакаттар, қол өнерінің үлгілері.

### **Сөз басы**

**Жүргізуши:** – Атамыз қазақ «Бала – адамның бауыр еті», «Балалы үй – базар» дейді. Өйткені бала – өмірдің жалғасы, отбасының жеміс берер гүлі. Отбасы – бұл қоғамның негізі. Баланың болашақта жақсы азамат болып өсуі, жан-жақты тәрбиелі болуы отбасында берілетін үлттық тәрбиеге тікелей байланысты. Бұғынгі «Ынтымакты отбасы» сайысина 10 отбасы балаларымен қатысады. Олар бес-бестен екі топқа бөлінеді.

I топтың аты – БІРЛІК.

II топтың аты – ЫНТЫМАҚ.

Ортаға отбасылары шығып, өздерін таныстырады.

Құрамы 5 адамнан тұратын әділ қазылар алқасы сайланады.

### **Сайыстың өту барысы мен шарты:**

Сайыс 4 бөлімнен тұрады.

I-бөлім. Сұрақтарға жауап беру, яғни жан-жакты білім деңгейін, сөйлеу мәдениеті мен үлттық тәрбиені меңгеруін байқау.

II-бөлім. «Күштілер, ептілер, батылдар сайысы»:

- а) күш сынасы –Арқан тартыс»,
- ә) әкелер үшін –Қол күрес».

III-бөлім. «Көңілді аспаздар» ойыны (2 отбасы картоп тазалау бойынша жарысады).

IV-бөлім. «Өнерпаздар» сайысы (әр отбасының мүшелері өн айту, күй тарту, току т.б. өз өнерін көрсетуі керек).

Сайыс шартына сәйкес әр отбасы өзін таныстырады (өз қалауы бойынша не өлеңмен, не сөзben).

Бұдан кейін әр отбасы карточка бойынша сұрағын алып, сұраққа 1 минут дайындалып жауап береді.

### **I-бөлім.**

**БІРІНШІ ТАПСЫРМА (10 дана жеке карточка)**

1. Бақытты отбасы болудың негізгі шарттарына нені жатқызар едіңіз?

(1-шарты, 2-шарты, 3-шарты деп санамалап айтыңыз)

2. Сөлемдесу, жөн сұрасудың өз-өзіндік дәстүрі бар. Осы жайында не айтасыз?

3. Бала шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, үлкен азамат болғанға дейін жасалатын салт-жораның түрлері қандай? (1-ден 9-ға дейін санамалап айтуда болады)

4. Ұлағатты ырым-тыйымдардың тәрбиелік мәні неде?
5. Жеті ғалам дегеніміз не?
6. Жеті қазынаны атанаңыз.
7. Жеті атана таратыңыз.
8. Мына мақалдың мәнін айтып беріңіз (қалауыңыз бойынша):
  - а) «Тұлпар тайдан өседі»,
  - ә) «Ана – балаға жастық, әке – көрпе»,
  - б) «Отбасына қарап бала өседі, қарағайға қарап тал өседі».
9. Білімдіден шыққан қай сөзді ұстанасызы?
10. «Ұлым-қызым, саған айтам» дегендей, балаңызға аманат етіп, ғибрат етіп не айттар едіңіз?

#### ЕКІНШІ ТАПСЫРМА (10 дана жеке карточка)

«Мақал айтсаң – жол көрсеттің, мәтел айтсаң – жанымды жайландырыдың» демекші, ал енді балаларыңызben бірігіп мына үзік-үзік сөздерден мақал құрастырыңыз.

1. Ұяда ... үшқанда... (*Ұяда не көрсөң, үшқанда соны ілерсің*)
2. Ата... бала... (*Ата – бәйтерек, бала – жапырақ*)
3. Ер... ез... (*Ер бір оледі, ез мың оледі*)
4. Өле... бөле... (*Өле жегенше, бөле же*)
5. Таяқ... сөз... (*Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді*)
6. Мал... жер... (*Мал баққандікі, жер жыртқандікі*)
7. Тентек... ақыл... (*Тентектің ақылы түстен кейін кіреді*)
8. Сүйіндіреді... күйіндіреді... (*Жақсы сөз сүйіндіреді, жаман соз күйіндіреді*)
9. Мысық... тышқан... (*Мысыққа ойын керек, тышқанга өлім керек*)
10. Мектеп... білім... (*Мектеп – кеме, білім – теңіз*)

**ЖАЛПЫ СҮРАҚ:** Қай топ тез жауап береді?

I-топқа:      Мал аласы...  
                  Адам аласы...

II-топқа:     Адамның қасиеті...  
                  Елдің қасиеті...

## ЖАРНАМА

**Жүргізуші:** Бұғынгі сайдымызда әр отбасының мүмкіндігінше жасаған жарнамаларын көріп, тыңдайық.

I-топ: БАУЫРСАҚ.  
II-топ: ШАЙ.

### КІМ ЖЫЛДАМ?

I-топқа: **Не істеуге болмайды?** (окушының бірі «Жалғастыр» ойыны арқылы шапшаң үн кату үлгісін көрсетеді)

- а) үлкендер...
- ә) бейуақытта...
- б) ауызды...
- в) есікті...
- г) қатты дауыс...

II-топқа: **Не істеу керек?** (бір окушы шығып жылдам жауап береді)

- а) үлкенге...
- ә) үлкенге...
- б) аналар мен қыздарды...
- в) қателігінді...
- г) доска...
- д) үлкендердің...

**ЖАҢЫЛТПАШ, КҮЛДІРГІ ЖҰМБАҚ АРҚЫЛЫ  
ЕКІ ТОПТЫ ЖАРЫСТАРЫ**

**Жаңылтпаштар** (тәрбиеші оқып тұрады):

1.    Шемеленбекен шөпті кім шемелейді,

Шөмелемей, кім шөмелейді?

2. Былдыр, былдыр, білдір, білдіршін,  
Бұл бір білгір бұлдіршін.

Білгір бұл бір бұлдіршін,  
Білгірлігін білдірсін.

3. Шөжем деп шешесі бәйек,  
Шешем деп шөжесі бәйек.

Шешесі шөжем жесін дейді,  
Шөжесі шешем жесін дейді.

4. Аршабек арша деп шыршаны,  
Шыршабек шырша деп аршаны,  
Шатасты құлдіріп баршаны,  
Шырша деп, арша деп шаршады.

5. Бұлбұл қиқылдамайды,  
Қырғи қиқылдайды.

Бұл қырда  
Ылғи қырғи қиқылдайды.

Бір қырғи қиқылдаса,  
Мың қырғи қиқылдайды.

6. Бұл алқаптағы егінді  
Кім ора алар?  
– Омар ара алар.  
Омар ора алмаса,  
Орал ора алар.

### Құлдіргі жүмбактар:

1. Кім барлық тілді сөйлейді? (*Жаңғырық*)

2. Тышқан аулағышты бес әріппен қалай жазуға болады?  
(*Мысық*)

3. Дүниедегі ең шапшаң нәрсе не? (*Ой-қиял*)

4. Егер түнгі сағат 12-де жаңбыр жауса, мұнан соң 72 сағаттан кейін күн ашылып, шуақ түсे ме? (*Жоқ. Бұл түн мезгілі*)

5. Қай кезде аспан жерден төмен тұрады? (*Аспан суреті судан көрінген кезде*)

6. Қандай бөшкеге су құюға болмайды? (*Іші толы бөшкеге*)
7. Үш түйекұс ұшып келе жатты. Аңшы олардың бірін атып алды. Олардың қаншасы қалды? (*Түйекұстар ұшпайды*)
8. Қосарлап жегілген үш ат бір сағаттың ішінде 12 км жол жүреді. Осы уақыттың ішінде бір ат қанша жол жүреді? (*Ол да 12 км жол жүреді*)
9. Қандай үш санның көбейтіндісі оның қосындысына тең? ( $1 \times 2 \times 3 = 6$ ;  $1+2+3 = 6$ )
10. Не нәрсе сенің меншігің, бірақ оны сенің өзіннен гөрі басқалар көбірек атайды (*Сенің есімің*)

### ЖАЛПЫҒА СҰРАҚ

«Мақал – сөз атасы» дегендей, бәріңізді мақал-мәтел сыйысына шақырамыз.

1. Қар жана ма? (Қалауын тапса қар жанар)
2. Инемен құдық қазуға бола ма? (Білім инемен құдық қазғандай)
3. Аппақ қарға бола ма? (Қарға баласын аппағым дейді)
4. Қой мен қасқыр ойланғанда ма? (Қойдың ойлағаны амандық, қасқырдың ойлағаны арамдық)
5. Қарғыстың ең жаманы не? (Өзің білме, білгеннің тілін алма)
6. Адамның қай мүшесі корқақ, қай мүшесі батыр? (Көз корқақ, қол батыр)
7. Етікті қонышынан басып киуге бола ма? (Қолыннан келсе қонышынан бас)
8. Үлкен көз, үлкен сөз бола ма? (Қорқақтың көзі үлкен, ақымақтың сөзі үлкен)
9. Тауық түс кере ме? (Тауықтың түсіне тары кіреді)
10. Кімнен кім жаман? (Олақтан салақ жаман)

### ҰШІНШІ ТАПСЫРМА (Ата-аналарға жұмбақ мақалдар)

Мына мақалдың баламасын тауып шешініз.

I-топқа: а) Аңғрамаушылық

ә) Адамның балаға мейірімі

II-топқа: а) Тілдің құлдіреттілігі

ә) баланың жақсы ісі мен жаман ісі

**СИТУАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЯТТАР** (екі топ ата-ана 8 карточканы төрт-төрттен бөліп алып, жағдаятт оқиды да, шешуін қарсы жаққа ұсынады)

1-жағдаят. «Ура, мама, мен «бес» алдым! Мұғалім бізге не айтқанын білесің бе? - деп, бірінші сыныптың оқушысы өзінің алғашқы жетістіктері жайында қуанышы қойына сыймай анасына айтып жатыр. ... Бірақ жылдар өте береді, біз «Ура, мама, мен бүгін «бес» алдым!» деген қуанышты сөздерді барған сайын сирек естіміз.

**Сұрақ:** Сыныптан сыныпқа көшкен сайын үлгерімнің кеми беретіні неліктен? Жаңашыл мұғалімдердің тәжірибесінен мысал келтірініз, салыстырыңыз.

2-жағдаят. Менің балам озат оқушы, үй шаруашылығымен айналысқаннан гөрі бос отырғанды жақсы көреді, ештеңе істегісі келмейді. Оны қалай қызықтыруға болады? Сіздің пікірініз?

3-жағдаят. Қызы мектептен келіп анасына: «Сізге маңызды бір нәрсе айтқым келеді», - десе, анасы: «Сенсіз де басым ауырып тұр, мазамды алма», - депті. Сіз не деп жауап берер едініз?

4-жағдаят. Орыс тілі сабағында мұғалім оқушыға: «Жолдастарыңнан көшірме! Басқаның дәптеріне сығалағанды қоясын ба, жоқ па? Ол өзі білмейді, одан несін сұрап отырсың» - деген катаң ескерту жасаумен болды. Басқа сыныпта математика пәннің мұғалімі: «Балалар, дәптерлерінді қолдарыңмен жауып, неге мазасызданасындар, ешкім де көшіріп алмайды ғой», - деп ескертті.

**Сұрап:** Қай мұғалімнің іс-әрекеті педагогикалық жағынан дұрыс деп есептейсіз? Жаңашыл педагогтар тәжірибесі арқылы талдау жасаңыз.

**5-жағдаят.** Сіз балаңызға дүкенге барып келуін өтінесіз. Ол «ән тындал отырмын» деп барудан бас тартады. Не істер едіңіз?

**6-жағдаят.** Балаңыз уақытынан кеш келді. Қалай қарсы аласыз?

**7-жағдаят.** Он екі жасар Қуан мектепте «қиын» бала атанған. Наурыз мейрамы күні сынып жетекшісі оған бірекі жолдасын ертіп мектеп ауласына 20 шақты тал отырғызууды міндеттеді. Ол өз жолдастарымен қоғамдық тапсырманы тиянақты орындап шыкты. Мектеп линейкасында оларға алғыс айтылып, «Сынып тарихы» альбомына жазылды. Осы кезден бастап бала өміріне өзгерістер ене бастады. Жеткіншекке жасалған педагогикалық ықпалдың нәтижелі болу себебі неде? «Қиын» бала мен педагогтың арасындағы қарым-қатынас қалай болуы тиіс?

**8-жағдаят.** Жетінші сынып оқушылары мектеп алғын көгалдандыру жексенбілігіне түгел жиналған еді. Бірақ сынып жетекшісі келмей қалды. Балалар абыржып жатты: аурып қалған болар, қауырт жұмысы болды ма екен, уақытты білмеді ме екен? т.б. дегендей. Сонда да балалар жұмысты өздері істей бастады. Алайда жұмысқа ықылассызық білдіріп, тапсырманы амалсыздан орындап жатты. Ал оқушылардың бір тобы жұмыс істеуден мұлде бас тартты. Бұлардың барлығына қарамастан, оқушылардың қалған бір тобы ешқандай қобалжу, айқайшусыз-ак жұмысқа белсене кіріспін кетті.

1. Бұл жағдаяттан оқушылардың даму кезеңі қай сатыда деп есептейсіз?
2. Ұжымда құрылған топтарға байланысты сіз қандай тәрbie жұмысын жоспарлар едіңіз?

**БАЛАЛАРҒА ҮЙГЕ БЕРИЛГЕН ТАПСЫРМА:** «Егер мен болсам...» атты шағын шығарма (екі топтан бір-бір оқушы шығып оқиды)

### **II-бөлім.**

#### «Күштілер, ептілер, батылдар» сайысы:

- а) балалар – «Аркан тартыс» (2 отбасынан)
- ә) экелер – «Қол күрес» (скандербек)

### **III-бөлім.**

#### «Көнілді аспаздар» ойыны (2 отбасы картоп

тазалаудан жарысады. Керекті аспаптар: аспазшы киетін 2 қалпақ, 2 алжапқыш, 2 пышақ және қабы аршылмаған 15 шикі картоп)

### **IV-бөлім.**

«Өнерпаздар» сайысы (әр отбасы мүшесі өз өнерін көрсетеді: ән, би, күй).

### **Сайыс соңы**

Сайыс соңында қазылар алқасы сөз алып, қорытындылайды және алған орындары бойынша сыйлықтарды табыс етеді.

(«Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар» журналы №3, 2007)



## ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ

Отбасының басты қазығы, алтын тіреу діңгегі – бала. Бала тәрбиесіне орай халық көптеген қағидаларды ертеден-ақ топшылаған. «Баланы туады екенсің, мінезді тумайды екенсің» деген өміршеш қағида – солардың бірі. Жалпы халық педагогикасында бала тәрбиесіне өте үлкен жауапкершілікпен қараған.

«Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деп, ата-аналарға алдымен өзің үлгілі бол, озық бол, баланы бетімен жіберме, бесіктен белі шықпаған бебек кезінген жақсылыққа үйрет, жамандықтан жирент деген. Тағылымы мол қасиеттерді бойына құя біл дегенді нұсқайды.

Біздің мақаламыздың тақырыбының негізіне алынып отырған мәселе – отбасындағы ата-ана мен баланың қарым-қатынасы, яки бала тәрбиесі. Көне грек философи Платонның ойынша, тәрбиешінің міндепті қатаң бақылауға бағындыру деп түсінген. «Заңды қырағы сактау керек: – Ол балалардың тәрбиесіне қамкор болуға, олардың міnezін түзетуге көмектеседі; барлық кезде тәрбиені заңмен келісуге бағыттап отыру қажет» деп жазады.

Ұлы ойшыл Әл-Фарабидің пікірінше, «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деген. Бұл біздің қай-қайсымызды да ойлантуға тиіс деп санаймын.

Мінезі түзу шәкірттерге білім еш киындықсыз конады. Мінезі қисық баланы оқыту да қын. Сондықтан да мінез жасөспірімдердің жеке басының даралық ерекшеліктеріне жатады. Мінез дегеніміз – адамның өзіндік бағыт-бағдарының, жан дүниесінің ерекшелігінің

тұрлаулы белгісі. Тәрбиелі мінез адам бойында имандылық қасиеттерінің бар екенін көрсетеді. Басқаларға қамқорлық, қадірлеу, жауапкершілік пен адалдық – мінез сапасының негізгі бітістері.

Рухани дүниесі бай, қажеттері мен қызығулары, талғамы, ой өрісі кең адамдарды толық мінезді адам дейміз. Мінездің тұрақтылығы адамның адамгершілік түсініктерінен туындайды.

Баласының жақсы қасиеттерге ұмтылған ниетін дер кезінде біліп, қын психологиялық сәттерін байқап, оған колдау көрсетіп отырған отбасында қайшылық жағдайлар кездеспейді. Баланы имандылыққа баулып, мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілділік, қамқорлық, ізгілік сияқты қасиеттерді бойларына сіңіру – әрбір отбасы мен мектептердің басты парызы.

Чех педагогы Ян Амос Коменский «Ұлы дидактика» атты еңбегінде тәрбие және мектептегі тәрбие жұмыстары туралы құнды пікірлер қалдырған. Балалардың қандай болып туары ешкімге де байланысты емес, бірақ дұрыс тәрбие беру арқылы олардың жақсы болып шығуы біздің колымыздың нәрсе деп, тәрбиенің ықпал ету күшін көрсете білді.

Я.А.Коменский «Тәрбиені мойындау – адамдардың, жанұяның, мемлекеттің және бүкіл әлемнің құруы» деген болатын. Ендеше, тәрбие – аудай қажет. Бала бойына ізгі адами қасиеттер тек бірыңғай жаттықтыру немесе түсіндіру арқылы ғана қалыптастырылмайды. Кейде баланы жамаң әдет, жат қылықтардан тыйып ұстауда жазалау әдісін де орынды қолдануды қажет деп санайды. Баланы тәрбиелеу барысында орынды жерінде жазалау да тәрбиелі, мәдениетті азамат болып қалыптасуына эсер етеді. Жазалау балалардың бойындағы түрлі зиянды әдет-дағыларды жоюға жәрдем етеді. Оларды түзетуге қозғау

салады. Қын балалармен көп жұмыс істеген А.С.Макаренко жазалау баланың бойындағы кеселден арылтып, оны дұрыс жолға салатын бірден бір дұрыс тәрбиелік құрал екендігін дәлелдеп береді. Ол баланы жазаламаушылық, әдетте, көбінесе, бұзакы дайындан шығарады деп атап көрсетті.

Қазактың ағартушы жазушысы Спандияр Көбеев: «Кейбір ата-аналардың баламыздың дені сау болса, мәдениетке, жақсы әдет-дағдыға мектепте үйренеді ғой», - деп, баланы көрегенді, мәдениетті етіп тәрбиелеуге отбасында жете көңіл бөлмейтіндерін сынайды. Сондықтан «Мәдениеттің карапайым түрлері балаға отбасында үйретілуі керек» деп тұжырым жасайды.

«Бала, - деп жазды С. Көбеев, - үлгіні үлкендерден алады. Егер де үй ішіндегі бас көтерер адамдар мәдениеттен кенже қалған салак, тұрпайы адамдар болса, ол үйдің балалары да сондай болып өседі. Сол сияқты егер де үй ішінде ұрыс-керіс бола берсе, жаман былғаныш сөздер айтылатын болса, бұл да балаларға әсер етіп, біртінде оның ашушаң, ұрысқақ болуына әкеп соғады». Сондықтан С. Көбеев «Баланы жастан...» деген халық мақалын әрбір ата-ана жадында ұстап, жас жеткіншектің бойына ізгі адамгершілік қасиеттерін ерте бастан қалыптастыру қажет екенін ескертеді.

С. Көбеев балаларды мәдениеттілікке өте жас кезінен бастап баулудың аса тиімді екенін ескертті. Ол баланы тазалыққа үйрету, ұқыптылыққа баулу, әдепті, тәртіпті, көргенді, сыпайы етіп өсірудің ата-ана үшін аса маңызды іс екеніне токталады. «Оқу жасына жетпей-ак, баланы ата-анасы, аға-інісі, апа-карындастарымен, басқа адамдармен сөйлескенде «рахмет» деген сөзді айтқызуға әдettendіруге болады. Мұның өзі баланы сыпайылыққа дағдыландырады», - дейді.

Ағартушы жазушы отбасындағы мәдени тәрбиені

ерте кезден бастау керектігін құптаиды. Ол үшін отбасында ұшан-төңіз мүмкіншіліктер барлығын атап өтіп, оларды шамалары келгенше сарқа пайдалануды, нәресте балдыр-бұлдыр сөйлей бастағаннан-ақ мәдениетке тәрбиелеуді қажет деп тұжырымдайды. Мысалы, оны үнемі тамақ ішер алдында қолын жуғызып, ішіп болғаннан кейін алғыс айтуға үйреткен абзал. Атамыз қазак «Ұяда нені көрсөң, ұшқанда соны ілерсің» деп текке айтпаған, дейді. Сөйтіп, ол адамның жан-жақты тәрбиеленіп, қалыптасуының негізгі көзі тәрбиеде деп қарады.

С. Көбеев баланы мәдениеттілікке баулудың бір жолы – оны жастайынан қарапайымдылыққа үйрету деп қарайды. Оны жасөспірімнің киім киісінен бастағанды жөн көреді. Оның ойынша баланың киімі кәдуілгі жай ғана матадан тігілген, өз бойына шақ, кірсіз, таза, үйлесімді де сәнді түрде болуы қажет. Жас баланы елден ерекше киіндіріп, «улде мен бұлдеге бөлеп», жүргіттың көзінс түсірем деп әуре болу – баланы қарапайымдылыққа, кішіпейілділікке, ұқыптылыққа баулу емес, керісінше оны сыйлауға қарсы қарекет деп пайымдады.

«Баланы кішкене күнінен бастап өзінің бойын таза сақтауға, киімін таза киюге, ұқыптылыққа дағдыландыруға үйрету, мәдениетті болып өсудің басты шарты», - деп санайды ағартушы каламгер.

Жазушы С. Көбеевтің баланы мәдениеттілікке, қарапайымдылыққа, ұқыптылыққа, кішіпейілділікке баулу жөніндегі ой-пікірлері бүгінгі күні де өзінің өзектілігін жойған жоқ. Бүгінде кейбір ата-аналардың бір-бірімен жарысып, өз балаларына қымбат заттар әперетіні, тілті жеңіл машина, ұялы телефон әперіп әлпештейтіні жиі байқалады. Ол балаларға кері әсер етіп, өзін құрбы-құрдастарынан ерекше санайтын даңғой, мақтаншак, өркөкірек болып өсуіне мүмкіндік туғызады. Осыған орай, елімізде қолға алынып жатқан бірынғай мектеп киім

үлгісіне көшу өте дұрыс шешім деп қарауға болады.

Мәдениеттілік дегеніміз «Ат мініп, түйе жетектеп» келетін ерекше құбылыс емес. Ол қунделікті қарапайым мінез-құлыш дағдыларынан басталып, адам баласының ақыл-ой дәрежесі жеткен ғылыми жемістердің бәрін қамтитынын естен шығаруға болмайды. С. Көбеев атап көрсеткендей, «Мәдениеттіліктің осы бір қарапайым нормаларын бүгінгі күнгі әрбір саналы ата-ана өз баласының бойына ерте бастан сіңірсе, тәрбие жұмысы жемісті болмақ, ал ол қоғамды тәрбиелі мүшемен толықтыруға тиімді жағдай туғызады».

Ананы, үлкен адамды сыйлау – мәдениеттіліктің белгісі. Бала үйде де, түзде де әйелге, өзінен үлкен адамдарға орын беруі керек. Осы қағидаға біздің қала көліктеріндегі жағдай қарама-қайшы. Жастар қоғамдық көліктерге лап койып, қайтенде өздері орын алуға тырысады. Жасы үлкен адамға, әйелдерге, тіпті сырқат жанға немесе жұкті келіншекке біреу зекіп айтпаса, өз еркімен орын бере қоймайды. Сол орынға тісті бақанша жабысып, кейде өз аялдамасынан өтіп кетеді.

Жас адамның үлкендердің сезіне құлақ асып, оларға ілтипатпен қарауы – көрегендіктің белгісі. Баланың өзін-өзі ұстая мәнерін С. Көбеев ерте бастан дағдыландыруды талап етеді. Мысалы, бала дастарқан басында, белгілі бір ортада, балалармен күнбе-күнгі қарым-қатынаста өзін бір қалыпты ұстаяу қажет, дейді.

Ағартушы қаламгер баланы мәдениетті, ақыл-ой, дene мүсіні жан-жақты, жарасымды дамыған, қоғамға пайдалы адам етіп тәрбиелеп шығару үшін кино, театр, көркем әдебиет, баспасөз, спорт, өнердің басқа да салаларының маңызын көре білген. Оның топшылауынша, жас кезінде балалардың ұфымына сай келетін журналдарда жарияланатын қиял-ғажайып ертегілерді айтып берген дұрыс. Мұндай ертегілер баланың қиялын дамытып,

жігерін қайрайды. Көбінесе балаға тәрбиелік мәні бар, газеттен, кітаптан оқыған әңгімелерді қарапайым да тартымды түрде айтып берудің де тәрбиелік мәні зор. Олардың баланың ой әлемінің дамуына, адамгершілік қасиеттерінің дұрыс қалыптасуына көмектесетінін мысалдар келтіре отырып, дәлелдеп берді. Ол әке-шешесі газет, кітап оқымағынын, кинотеатрга бармайтын отбасында баланы мәдениеттілікке баулу өте қын болатындығын түсіндірді.

Адам жанын, психикасын өте жақсы білетін ұлы жазушы А.М.Горький: «Адамды мәдениетті етіп тәрбиелеуге екі күштің: өнер мен ғылымның аса көп жәрдемі тиеді. Адамның ақылы мен еркіне әсері тиуде көркем әдебиеттің қызметі мен күші табиғи ғылымнан көп болмаса, аз емес», - деген еді.

Жарты ғасыр ұстаздық еткен ұлы педагог Ы. Алтынсариннің көрнекті шәкірті, әрі жазушы, әрі әдіскер ғалым Спандияр Көбеевтің өткен жүзжылдықтың басында айтқан ұлағатты өсиеті, әсіресе, оның кітап окуға, кинотеатрга баруға, үлкенді сыйлауға, арак-шарап пен нашақорлықтан аулақ болуға, көрсекзызарлыққа ұмтылмауға шақыруы – дәл бүгінгі күннің жастарына арнап айтылғандай. Ал, отбасының тәлім-тәрбиедегі рөлі туралы тұжырымдары бүгінгі күнгі ең маңызды қоғамдық мәселе екені даусыз.

(«Орталық Қазақстан» газеті №68-69, 8 сәуір 2006 жыл)



## Қосымша әдебиеттер тізімі

1. Абай «Қалың елім қазағым». Алматы, 1995.
2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1994.
3. Ата салтыңды аяла. Алматы, «Ана тілі», 1998.
4. Ақылдың кені (афоризмдер). Алматы, «Қазақстан», 1991.
5. Амантурин Ш. Мұғалім және оқу-тәрбие жұмысы. // Алматы, 1978.
6. Әдеп және жантану (хрестоматия). Алматы, «Атамұра», 1996.
7. Бейсенбаев Ж. «Әдептілік өлемі», Алматы, «Жалын», 1982.
8. Бексейіт С. «Ел үмітін ер актар», Алматы, «Ғылым», 2003.
9. Жарықбаев К., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі (Оқу құралы). // Алматы, 1995.
10. Жарықбаев К., Алдамұратов Э., Фабитов Т. «Әдеп негіздері». // Алматы, 1997.
11. Жарықбаев К. «Психология». // Алматы: «Білім», 1993.
12. Иванов И.П.. Энциклопедия коллективных творческих дел. // Москва, 1989.
13. Кенжеахметұлы С. «Жеті қазына». // Алматы, «Ана тілі», 2001.
14. Қоңбаев О. Жастар және праволық тәрбие. // Алматы, 1988.
15. Қазақ макал-мәтеддері. // Алматы, «Қазақстан», 1990.
16. Марғұлан Ә. «Ежелгі жыр-аңыздар». Алматы, 1985.
17. Масырова Р., Линчевская Т. Инновационные школы в Казахстане. // Алматы, 2000.
18. Назаров И.Ф. Уметь быть с детьми. // Алматы, 1976.
19. Назаров И.Ф. Стать воспитателем. // Алматы, 1980.
20. Сапарғалиев Г. Оқушыларға праволық тәрбие беру туралы. // Алматы, 1988.
21. Синица И.Е. Педагогтық әдеп және ұстаздық шеберлік. // Алматы, 1987.
22. Сухомлинский В.А. Балаларға жүрек жылтуы. // Алматы, 1976.
23. Табылдиев Ә. «Халық тағылымы», Алматы, «Қазақ университеті», 1992.
24. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мазмұнын іске асырудың теориялық және практикалық мәселелері» (Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары) // Қарағанды, 2007.
25. «12 жылдық білім беру жүйесінің құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктерінің жүзеге асырылуы» (Облыстық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары) // Қарағанды, 2007.

## **МАЗМҰНЫ**

Алғысөз.....	3
Кітап туралы пікірлер.....	6
Сапалы білім, саналы тәрбие жолында.....	9
Сынып жетекшілеріне әдістемелік ұсынымдар.....	17
Шығармашыл тұлғаны тәрбиелеудегі құзыреттілік.....	63
Тәрбиешілелерге әдістемелік ұсынымдар.....	73
Әзірлемелер, мақалалар.....	131

**Әдістемелік басылым**

**Бақыт Бексейітова**

**БІЛІМ БАСТАУЫ — ТӘРБИЕДЕ**

Редакторы

*Т.Әміртайұлы*

Техникалық редакторы

*В.Бутяйкин*

Корректоры

*С.Қыдырыбайұлы*

*Автордың түпнұсқасынан басылды*

---

Басуға 11.10.2007 ж. көл койылды. Пішімі 60×84 1/16. Офсеттік қағазы.  
Көлемі 10.62 б.т. Тараптұмы 50 дана. Тапсырыс № 211.

---

E.A.Бекетов атындағы КаrМУ баспасының баспаханасында басылыш шыкты  
100012, Қарағанды қ., Гоголь к-си, 38